Потенциал смысложизненных ориентаций в системе профессиональной мотивации (направленности) педагогов велик и от всех и каждого из нас зависит, будет ли он реализован или останется невостребованным.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Митина Л.М. Учитель как личность и профессионал. – М.: 1994.
- 2 Чудновский В.Э. Смысл жизни и судьба. – М.: 1997.
- 3 Якубика А. Истерия / Электронный ресурс Научного центра психического здоровья РАМН – <http://www.psychiatry.ru>.
- 4 Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. – М.: 1999.
- 5 Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя. – М.: 2004.

6 Современные проблемы смысла жизни и акме: Материалы VI-VII симпозиумов ПИ РАО. – М.: Самара. 2002.

7 Смысл жизни и акме: 10 лет поиска: материалы VIII - X симпозиумов. – М.: 2004.

8 Максимова Т.В. Смысл жизни и индивидуальный стиль педагогической деятельности // Мир психологии. – 2001. – №2. – С.114-118.

9 Психолого-педагогические и философские аспекты проблемы смысла жизни: Материалы симпозиума ПИ РАО. – М.: 1997.

10 Леонтьев Д.А. Тест смысложизненных ориентаций. – М.: 2000.

11 Максимова Е.А. Профессиональное творчество и профессиональный смысл жизни учителя (опыт экспериментального исследования) // Мир психологии. – 2001. – №2. С.104-108.

З.Қ. ОРМАНОВА, Г.П. АБСАТАРОВА

МЕКТЕП ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада қазіргі мектептегі кәсіби педагог-психологтың кәсіби қызметінің ерекшеліктері анықталған. Автор нағыз педагог-психологтың қоғамның қазіргі талаптарына сәйкес болуы тиіс деген тұжырым жасайды.

В данной статье определены профессиональные особенности в психологической службе педагога-психолога современной школы. Автор приходит к выводу, что настоящий педагог-психолог должен отвечать современным требованиям общест.

Annotation

The given article defines the professional peculiarities of psycho- pedagogic teachers at present schools.

Түйін сөздер: психологиялық қызмет, психикалық даму, психологиялық зерттеулер, дамудың макрофазасы, психодиагностика жасау, психологиялық білім, психологиялық түзетулер.

Кез-келген білім беру жүйесінде білім алушы адам үйренуші болып табылады. Осы түсінікте адамның өзі басқалардың көмегімен оқитыны атап көрсетіледі, яғни, ол білім беру процесінің белсенді субъектісі бола тұрып, барлық қарастырылған субъектілік сапалармен, қырлармен сипатталады.

Жаңа формацияда білім беру саласындағы барлық процесте, пән оқушылары мен топ тәлімгерлеріне кәсіби дайындықтарын өзгертіп, толықтыру онда білімдердің жекелік ерекшелігін ескеру, қабілетіне және тұлғалық бағыттылық ықпалына қарай жағдай туғызуды қажет етеді. Осындай психоло-

гиялық міндеттерді шешуде педагогикалық-психологиялық қызмет көрсету қажеттілігі туындады. Сонымен бірге барлық үйренушілер білім беру жүйесінің белгілі бір сатысында бастапқы, жалпы және тек оларға тән ерекшеліктермен, қырлармен сипатталады. Бұл, әр білім беру сатысы, әдетте, адам өмірінің белгілі бір кезеңімен теңестірілуімен түсіндіріледі. Мысалы, дүние жүзінде бастауыш мектепте 10 жасқа дейінгі балалар оқиды [1].

Бастауыш мектеп оқушысы – бұл адамның іс-әрекет берілген жағдайда оқу іс-әрекетінің субъекті ретіндегі қоғамдық болмысының бастауы. Осы сапада бастауыш мектеп оқушысы, ең алдымен, оған дайындығымен сипатталады. Бұл оқу мүмкіндігін қамтамасыз ететін физиологиялық және психикалық, ең алдымен интеллектуалдық даму деңгейімен анықталады. Мектепке оқуға дайындық мектепке, оқуға, танымға деген жаңаны ашуға қуану, жаңа дүниеге, үлкендер дүниесіне ену ретіндегі қатынасын білдіреді. Бұл жаңа міндеттерге: мектеп, мұғалімдер, сынып алдындағы жауапкершілікке дайындық. Жаңаны тосу, оған қызығу бастауыш мектеп оқушысының мотивациясының негізінде жатыр.

Бұл дайындық бүкіл алдыңғы психикалық дамудың қорытындысы ретінде, отбасындағы және бала бақшадағы тәрбиелеу мен оқытудың бүкіл жүйесінің нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Оларға жататындар: баланың жалпы физикалық дамуы, жеткілікті білімдер көлемінің болуы, өзін-өзі күтудің, мінез-құлық мәдениетінің, қарым-қатынастың, қарапайым еңбектің, «тұрмыстық» дағдылардың болуы; тілдің дамуы; жазудың алғышарттарының болуы; оқуға ниеттену.

Бастауыш мектепте, кіші мектеп оқушысында, осы кезеңдегі жетекші іс-әрекеттің негізгі элементтері, қажетті оқу дағдылары мен іскерліктері қалыптасады. Осы кезеңде ойлау формалары дамиды, олар ары қарайғы ғылыми білімдер жүйесін меңгеруді, ғылыми, теоретикалық ойлаудың дамуын қамтамасыз етеді. Мұндай оқуда, күнделікті өмірде өз бетінше бағдарланудың алғышарттары

қалыптасады. Осы кезеңде «баладан тек елеулі ақыл-ой жұмсауды ғана емес, сондай-ақ үлкен физикалық төзімділікті талап ететін» психологиялық қайта құру жүреді [2].

Өмір жағдайының өзгеруімен, отбасынан немесе бала бақшадан мектепке ауысуымен байланысты бастауыш мектеп оқушысында үстем беделдер біршама өзгереді. Ата-ана беделімен қатар мұғалім беделі де пайда болады. «Ал мұғалім былай айтты,» - деп бала шешесінің айтқанына қарсы шығады. Осындай балалардың жаңа кезеңге келіп түсініспейтін жағдайлардың пайда болу кезеңдерінде педагог-психологтардың қолдау беріп көмектесуі, кеңестер беруінің пайдасы өте зор. Бастауыш мектептің соңына қарай, дамудың макрофазасы ретінде негізгі бейімделу кезеңі аяқталғанда, оқушы тек қана оқу іс-әрекетінің ғана емес, сондай-ақ, белсенді тұлға аралық өзара әрекеттесудің де субъекті бола бастайды, оның өзі өте маңызды.

Білім мен тәрбие – егіз ұғым. Бұл екеуі әрдайым бірге жүргенде ғана адамның рухани байлығы кең болмақ. Ел болу үшін де ең алдымен тәртіп керек. Қазақ халқында «ел боламын десен, бесігіңді түзе» деп тегін айтылмаса керек. Әлемдегі екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани білім керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген. Демек, тәрбиесіз берілген білім апат әкеледі.

Тегінде, тәрбие – үлкен жауапкершілікті, жүйелі көңіл бөлуді талап ететін өзгеше бір әлем. Ғылымда осы өзгеше тәрбие мәселесімен айналысатын педагогика-психология саласы – халық педагогикасын зерделеуге, бала психологиясын, оның эстетикалық талғамын, ұлттың дәстүрлі мәдениетін, әскери мекемелер мен әскерилер психологиясын, өмірдегі жаман-жақсы адамдар психологиясын зерттеуге арналған бірден-бір ғылым. Осы ғылымның терең тамырлы, жан-жақты халықтық тәрбие, еңбек тәрбиесі, әскери тәрбие, патриоттық тәрбие, экономикалық тәрбие салалары бар. Барлық салалардың көздеген мақсаты – біреу ғана, ол – адам тәрбиелеу, яғни бүгінгі ұлттың менталитетіне лайық икемді, жан-жақты жетілген, нарықтық

экономикаға бейім, парасатты ұлт азаматын тәрбиелеу [3].

Сонымен қатар адам бойындағы ешқандай аспаппен өлшеп болмайтын асыл қасиет – адамгершілік нәрін адам бойына сіңіру. Содан кейін ғана еліміздің болашағы – жастарға білім беру жолындағы тәрбие. Әр жастың санасын білім нәрімен сусындатып, оны ары қарай тереңдете жалғастырып, қазіргі заманның талабына сай етіп даярлау, т.б. Бұлардың бәрі – педагог-психологтың қызметі. Міне, осындай түзу жолдан шығып кетпес үшін арнайы педагог-психологтардың кеңесіне сүйенеміз, үйренеміз және өзгеге үйретеміз.

Қазіргі педагог-психологтың алдына: болашақ өркениетті, дәстүрлі демократиялық мемлекетті құратын жас ұрпақтың ең әуелі адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, содан кейін оның жан сапасын, тән сапасын арттырып, техникалық прогреске сәйкес жан-жақты қолданбалы білім беру міндеттері қойылады. Ол үшін мектептер қаражатпен, техникалық құралдармен, мәдени қажеттіліктермен толық қамтамасыз етілуі тиіс. Нағыз педагог-психологтар қоғамдағы саяси-экономикалық жағдайларда кездесетін келеңсіз үрдістермен күрес жүргізе алатын – күрескер болуы керек. Өйткені ол халықтың қамын, шәкірттің болашағын ойлайтын және сол үшін еңбек ететін тұлға.

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет: ғылыми, қолданбалы және практикалық сияқты үш түрғыда қарастырылады.

Ғылыми жағы білім берудегі психологиялық қызмет мәселелерінің зерттелуін, теориялық және әдіснамалық негіздемесін, психодиагностика жасау, қазіргі мектептегі білім берудің нақты жағдайына сай психологиялық білімді қолдану түрлері мен әдістерін дамыту және психологиялық түзетулерді қамтиды.

Қолданбалы жағы оқыту мен тәрбиенің, оқулықтың дидактикалық және әдістемелік материалдардың, оқу бағдарламаларының психологиялық негіздерін жасау және оны талдауды қоса алғандағы барлық үрдістерін психологиялық жағынан қамтамасыз ету.

Практикалық жағы психологтардың білім беру мекемелеріндегі (балабақшалар, мектеп-

тер, гимназиялар мен интернаттардағы) немесе білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызмет орталықтарындағы жұмыстарына тікелей қатысты [4].

Білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызмет Білім және ғылым министрлігінің педагогикалық және психологиялық қызмет бөлімі, білімдегі педагогикалық-психологиялық қызметтің аймақтық орталығы, облыстық, аудандық орталықтары арнайы білім мекемесінің педагогикалық-психологиялық қызметі сияқты еліміздің білім кеңістігіндегі біртұтас тікелей құрылым күйінде жобаланады. Бұлардың әрқайсысы білімдегі педагогикалық-психологиялық қызметтің тиімділігіне кепілдік бере отырып, өздеріне қатысты да тиісті мәселелерде бірлесіп жұмыс істеуді нақты білуі тиіс.

Мектеп педагог-психологының қызметтік міндеттері:

1) жалпы білім беретін мектептердегі оқитудың барлық кезеңдерінде балаларға қажетті жағдайларды жеке көмек беру үшін педагогикалық-психологиялық зерттеуді жүзеге асыру;

2) психологиялық ғылымның жетістіктерін негізге ала отырып, мектеп оқушыларының әркелкі жас кезеңінде жан-жақты, тұлғалық, интеллектілі дамуын қамтуға ықпал етеді;

3) мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің сұраныстары бойынша оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен психологиялық сақтандыру, диагностикалық, түзеу және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді, мектеп оқушыларының интеллектуалды, тұлғалық, эмоциялық және ерік-жігер ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін зерттейді; оқуға психологиялық дайындық жеткіліксіздігін ерте анықтауды мақсат ете отырып, бірінші сыныпқа бала қабылдауға қатысады;

4) педагогикалық кеңестің әдістемелік бірлестіктердің, сыныптардағы, сондай-ақ мектептегі ата-аналар жиналыстарына қатысады, оқушыларға ықпал етіп, жеке көмек көрсетуге байланысты негізгі проблемаларды шешуге арналған педагогикалық консилиумдар мен педагогикалық кеңестерге қажетті ақпараттар дайындайды;

5) мектептегі психология бөлмесін құруды және қажетті құжаттарды сақтауды, оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз етуді жауапкершілігіне алады;

б) мектептегі психологиялық қызметтің психологиялық-педагогикалық жұмыстарының нәтижесі мен есебінің ғылыми-әдістемелік орталықтар тағайындаған талаптарына сай болуын қатаң түрде жүзеге асырады.

Жалпы қорыта келгенде, педагог-психолог балалармен және жастармен білім жүйесінде қызмет атқаратын кәсіби маман ретінде қабылданып, жұмысының негізгі салмағы мектепке, балабақшаға, емханаларға және балалар үйіне түседі.

Сонымен бірге, балалардың отбасымен, мұғалімдермен, басқа кәсіби мамандармен де жұмыс істеуге тиісті. Педагог-психологтар мектептермен және басқа ұйымдармен, олардағы ұйымдастырушылық шараларды бағалауға және ерекше қамқорлықты қажет

ететін балаларға көмектің стратегиясын құрастыруға көмектесе алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дубровина И.В. Школьная психологическая служба: Вопросы теории и практика. – М.: Педагогика, 1991.

2 Дусавицкий А.К., Портная Г.А. Об особенностях развития мотивов учения младших школьников // Психологические проблемы учебной деятельности школьников. – М.: Советская Россия, 1977.

3 Кала У.В., Раудик В.В. Психологическая служба в школе. – М.: Знание, 1986.

4 Елфимова Н.В. Диагностика и коррекция мотивации учения у дошкольников и младших школьников. – М.: Просвещение, 1991.

5 Захарова А.И. Психологические особенности восприятия детьми роли родителей // Вопросы психологии. – 1982. – №1.

Д.Д. ДУЙСЕНБЕКОВ

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье рассматривается история становления и развития психологии как науки и специальности в Казахстане. Особое внимание уделяется раскрытию роли профессора Муканова М.М. в развитии казахстанской психологической школы.

Мақалада Қазақстандағы психологияның ғылым және мамандық ретінде қалыптасу мен даму тарихы қарастырылады. Профессор М.М.Мұқановтың қазақстандық психологиялық мектептің дамуындағы рөліне ерекше назар аударылады.

Annotation

The article discusses the history of formation and development of psychology as a science and as a specialty in Kazakhstan.

Ключевые слова: исследование, становление, развитие, психология.

Становление и развитие психологии как науки и специальности в Казахстане теснейшим образом связано с первым в республике высшим учебным заведением – Казахским педагогическим институтом, в настоящее время Казахским национальным педагогическим университетом имени Абая.

Именно в этом учебном заведении была сформирована кафедра психологии, ставшая первым самостоятельным психологическим подразделением в Казахстане. Главную роль в ее создании и развитии сыграл профессор М.М. Муканов, являвшийся ее бессменным руководителем и руководивший ею до конца своей жизни. На кафедре М.М. Муканов инициировал обширный спектр исследований психической деятельности человека как особой активности, опосредованной историко-культурным опытом, социально-нравственными, духовными, этническими и традиционными ценностными переменными, характеризующими повседневную жизнь. На этой кафедре им были написаны его основные психологические произведения, включая докторскую диссертацию, созданы оригинальные

методические разработки и выработаны методологические основания психологического исследования мышления человека в историко-этническом аспекте.

Многочисленные работы М.М. Муканова позволили ввести в практику научных исследований новые концептуальные представления о взаимосвязи человека и социума, личности и этногруппы, мыслительной и рассудочной деятельности. Поэтому научный вклад и исследования, проведенные М.М.Мукановым совместно с коллективом кафедры психологии КазПИ им. Абая, расцениваются его коллегами, учениками и последователями как состоявшаяся и развивающаяся казахстанская психологическая школа.

Среди его коллег и соратников следует отметить целую плеяду исследователей и педагогов, способствовавших развитию психологической науки и психологии как специальности в начальный период обретения Казахстаном независимости. Это такие специалисты и ученые как доктор психологических наук, профессор В.К. Шабельников, доктор психологических наук, профессор Ж.И. Намазбае-

ва, доктор психологических наук, профессор Х.Т. Шеръязданова, кандидат биологических наук, профессор С.Т. Бусурманова, кандидат психологических наук, доцент М.Ш.Адилова и ряд коллег, работающих в КазНПУ им. Абая и поныне.

Следует отметить, что это было непростое время. Тогда как в КазГУ им. С.М. Кирова (ныне КазНУ им. аль-Фараби) в 1988 г. было открыто отделение психологии, в АГУ им. Абая (тогдашнее название КазНПУ) в силу педагогической направленности университета специальность «психология» на первых порах объединяли то с педагогикой и профориентацией, то с биологией и географией. Дело осложнялось еще и нехваткой квалифицированных кадров для преподавания специальных дисциплин.

Единичные выпускники факультетов психологии центральных вузов тогда еще единой страны (МГУ им. М.В.Ломоносова, ЛГУ им. А.А.Жданова), направляемые для работы в Казахстан, естественно, были не в состоянии количественно удовлетворить этот спрос на психологов. Как следствие, в различных учреждениях на должностях психологов зачастую работали лица, не располагавшие должной квалификацией и профессиональной подготовкой. Особо остро эта проблема проявлялась в системе среднего школьного образования, где намечалось введение должности школьного психолога. Вместе с тем, проводившиеся в стране реформы, акцентировавшие роль так называемого «человеческого фактора», перестройка в системе общественных и производственных отношений, кардинальные сдвиги в системе общественного сознания и менталитета, порождали закономерный интерес к новым для своего времени «экзотическим» профессиям, таким как программист-компьютерщик, менеджер-управленец, политолог-международник, правовед-международник, социолог и социальный работник и, конечно, психолог.

Здесь, следует отметить, что к концу 80-х годов подобные отделения психологии были открыты в ряде союзных национальных республик и во многих областных центрах Рос-

сийской Федерации. Это совпало с апогеем «психотерапевтической волны», накрывшей общественное сознание как раз на переломном периоде отечественной истории, когда часть населения, разуверившись в государственных и социальных институтах, обратилась к религии и наводнившим общество сектам. Для многих людей экстернатного типа сеющие мистику традиционные религиозные конфессии, равно как и тоталитарные секты, как раз и оказались той «соломинкой», которая создавала иллюзию если не материальной, то хотя бы духовной поддержки. Другая часть населения, в силу ряда обстоятельств, обращалась к идеям национального патриотизма и этнической идентичности (по типу: в Союзе мы были ущемлены, находились на вторых ролях, теперь настало время взять свое); а также к идеям миграции (по типу: в зарождающемся национальном государстве мы, скорее всего, окажемся людьми второго сорта и поэтому предпочтительнее уехать либо на историческую родину или, еще лучше, куда-нибудь в дальнее зарубежье). Третья часть населения, пытаясь найти конструктивный выход в самосовершенствовании, обращалась к различным техникам и методикам психофизиологического развития, социально-психологического тренинга и личностного роста. В среде психологов была в ходу концепция «отдушины», согласно которой рост популярности психологических техник саморегуляции и стихийное распространение таких приемов психотерапии, как НЛП, находится в обратно-пропорциональной зависимости со снижением уровня и качества жизни людей [1]. Следует отметить, что эти изменения в социальной ментальности происходили на фоне начавшейся дискуссии о соотношении академической и практической психологии, как противопоставляемых версий вузовского образования по специальности [2].

В этих условиях на базе научно-психологического потенциала КазНПУ им. Абая был создан первый в Казахстане специализированный диссертационный совет по защите кандидатских диссертаций по специальности «психология», явившийся, по сути, ко-

лыбелью казахстанской научной психологии. Именно в рамках работы этого совета были защищены первые в республике кандидатские диссертации, происходили острые и конструктивные дискуссии, стимулировавшие рост научного самосознания и профессиональной идентичности молодых казахстанских ученых-психологов. На первых порах работой этого совета руководил профессор В.К. Шабельников, осуществлявший большую работу по методологическому усилению подготовки специалистов.

Затем совет возглавила профессор Ж.И. Намазбаева, которая проводила и проводит большую работу по расширению диапазона применения психологических знаний в различных областях науки и практики. Именно ею была осуществлена предварительная подготовка и последующая реализация защит докторских диссертаций по различным психологическим специальностям при КазНПУ им. Абая, главным образом, работ с выраженной прикладной направленностью по педагогической и специальной психологии. В то же время Ж.И. Намазбаева руководит рядом исследований по проблемам соотношения личности и самосознания, личностно и профессионально-ориентированного обучения, прикладного применения психологических знаний, в которых участвуют многие из ее учеников и последователей, защитивших кандидатские и докторские диссертации. В историко-методологическом плане эти исследования в соответствии с принципом научной преемственности стали логическим и творческим продолжением исследований школы М.М. Муканова и дальнейшим воплощением разработанной им историко-этнической концепции.

Запросы дальнейшего развития специальности «психология» в условиях вначале двухступенчатой, а затем трехступенчатой системы образования привела к необходимости создания в системе КазНПУ им. Абая специализированного научно-исследовательского подразделения – института психологии, учебно-методической задачей которого стала координация и обеспечение учебного процес-

са магистратуры по специальности «психология». Научно-методические приоритеты института концентрированы в сфере прикладных изысканий общей проблемы человека как субъекта познания, деятельности и общения.

Такой подход к анализу психологической реальности с полным основанием можно считать аналогом «комплексного человекознания» (Б.Г.Ананьев), с тем отличием, что феномен человека в работах института, возглавляемого профессором Ж.И. Намазбаевой осмысливается с позиции «преломления» его личностно-коммуникативной активности через призму онтогенетического развития, формирования его социально-культурного опыта и этнокультурной идентичности. Эта проблематика нашла свое отражение в экспериментальных и психодиагностических исследованиях института, а также в ряде диссертационных работ, выполненных под руководством профессора Ж.И. Намазбаевой.

Весь этот континуум научно-психологического знания, сформированного в контексте всей работы института психологии создает необходимые предпосылки для перехода на третью ступень подготовки специалистов-психологов – докторантуры PhD, формы подготовки научных специалистов, ставшей с 2011 г. единственной в РК. Наряду с магистрантами-психологами, подготовка докторантов PhD по специальности «психология» под эгидой института психологии при КазНПУ им. Абая имеет достаточно явную перспективу в силу общей образовательно-педагогической и профессионально-прикладной направленности деятельности самого университета.

Основным системообразующим фактором и движущей силой развития любой теории, науки в целом являются люди, в данном случае, ученые и специалисты. Если в недалеком прошлом инициатором научной психологии в Казахстане был М.М. Муканов, то в настоящее время заложенные им научные традиции уже на новом витке развития – витке проблемно-ориентированной психологической науки, успешно развиваются профессором Ж.И. Намазбаевой, ее коллегами и последователями.

Наряду с этим кафедра психологии КазПИ им. Абая явилась центром объединения научного потенциала психологов Казахской ССР, в рамках которого профессор М.М. Муқанов в качестве председателя координировал работу казахстанского отделения Общества Психологов СССР.

ЛИТЕРАТУРА

1 Слободчиков В.И. Психологические проблемы становления внутреннего мира человека // Вопросы психологии. – 1986. – №6. – С. 14-22.

2 Радзиховский Л.А. О практической деятельности в области психологии // Вопросы психологии. – 1987. – №3. – С. 122-127.

Б.Қ. ӘБДІҒҰЛОВА

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢДЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ – БАСТЫ БАҒЫТ

Аннотация

Мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауында атап көрсетілген мемлекеттің жаңа әлеуметтік-экономикалық саясатының ең бір басым міндеттерінің бірі болып табылатын білім беруді жаңғырту мәселелері қарастырылады.

В статье рассматривается проблема модернизации образования, так как она является одной из самых приоритетных задач новой социально-экономической политики государства, обозначенной в Послании Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева к народу.

Annotation

This article discusses the current state of education in Kazakhstan. There have been suggested the ways how to improve the content of education in the Republic of Kazakhstan.

Түйін сөздер: әлеуметтік-экономикалық жаңғырту, патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, заңға мойынұсынушылық, жастар саясаты.

Соңғы 20 жылда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет және әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретіндегі қалыптасу тарихында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Сонымен қатар алда атқарылатын істер де ауқымды. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2012 жылғы Жолдауы «**Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты**» деген атпен жарияланды [1]. Елбасы Жолдауда еліміздің алдағы 10 жылға дамуының стратегиясын айқындап, бірқатар маңызды міндеттерді нақтылады. Президент ішкі және сыртқы саясаттың ең

маңызды **10 жаңа стратегиялық бағытын** анықтап берді. 2012 жылы Елбасы Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында Қазақстан дамуының жаңа кезеңі – экономиканы нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты екенін атап өтті. Мемлекет басшысы: «...Алдымызға қойылып отырған міндеттер жылдан жылға артып келеді. Сондықтан еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында халықтың және сіздер мен біздің істеп жатқан шаруамыздың барлығы мемлекетіміздің нығаюы, тәуелсіздіктің мықтылығы, халықтың әл-ауқатының артуы үшін жасалуда» - деп

атап көрсетті [2]. Осы ауқымды міндеттер Қазақстан дамуының жаңа кезеңдегі стратегиясы болып табылады. Осындай маңызды міндеттердің бірі – жастар бойында патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, заңға мойынұсынушылық сезімін тәрбиелеу болып табылады. Жас өскелең ұрпақ бойына елжандылық, патриоттық, ізгілік сезімдерін сіңіруде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын ЖОО-дары, орта білім беретін оқу орындары мен мектепте оқып-үйренудің орны ерекше. Осы Жолдаумен таныстыра отырып, студент-жастарға елінің жарқын болашағы үшін адал еңбек ету, жақсы оқу еліміздің әрбір азаматының басты мақсаты екенін түсіндіруге басты назар аударылады.

2015 жылға қарай Қазақстанның әлемдегі табысы жоғары елдердің қатарына қосылу міндеттерін іске асыруда қазақстандықтар, әсіресе жастардың жасампаз еңбектері, күш-жігері мен білімдері қажет. Елбасы: «Біздің жастар елеспен өмір сүрмеуге тиіс. Қазақстаннан тыс жерде жұмақ жоқ. Еш жерде, әлемнің ешбір елінде бәріне бірден ие болу мүмкін емес. Ол үшін мемлекет барлық жағдайлар жасауда және одан әрі де жасай беретін болады» деп ерекше тоқталды. Бүгінгі таңда Қазақстанның өскелең дамуына бағытталған барлық істерге жастар қолдау көрсетіп, белсене қатысып, дербес өмірге, бастамшыл еңбекке бейімделуі тиіс. Демек, өскелең жас ұрпақ өз елін сүйетін патриот, бәсекеге қабілетті болуы қажет. Міне, осындай аса маңызды міндеттерді жастарға түсіндіруде ЖОО-да оқытылатын Қазақстан тарихы мен қоғамдық пәндердің маңызы зор.

Елбасының жыл сайынғы Жолдауларымен студенттерді жан-жақты таныстыру, еліміздегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын түсінуге септігін тигізеді. Мемлекет басшысы: «Қазір еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Біз бүгінде бәсекеге қабілетті, әлеуеті зор, экономикасы қуатты ел құрамымыз»,

- деді [1]. Әрбір қазақстандықты өз елінің өркендеп дамуына қандай үлес қостым, деген сауал ойландыруы тиіс. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» өзекті стратегиясының аясындағы дамудың қорытындысын шығара келе, экономикалық табыстар мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етудің оңтайлы теңгерімін табу – өмірлік маңызды мәселе екеніне назар аударды [2].

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өтпелі кезеңде, яғни 1997 жылдың қазан айында «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты халыққа арнаған тарихи Жолдауында жас тәуелсіз еліміздің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын айқындаған болатын. Содан бері Елбасы жыл сайын Қазақстан халқына дәстүрлі жолдауын арнап, еліміздің ұзақ мерзімге арналған стратегиялық жоспарын, басымдықтары мен бағыттарын, оның орындалу тетіктерін белгіледі. Нұрсұлтан Назарбаев 2001 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын бекітті. Орталық Азия көшбасшысы атанған Қазақстанның қазіргі таңда жеткен белестері осы жоспардың «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асырудың алғашқы онжылдықтағы тұғыры деуге болады.

Жаһанды жайлаған қаржы-экономикалық дағдарыс дамыған экономикалы, әлемдік дамудың көшбасшысы АҚШ-тың өзін тығырыққа тірегені белгілі. Кезінде АҚШ-тың 32-ші президенті, көрнекті қоғам қайраткері Франклин Рузвельт 30-шы жылдардағы дағдарыс тұсында Америка халқына «қарап отырмандар, қалаған ісінді істе. Еңбектен» деген екен. Осындай күрделі кезеңде Елбасы Қазақстан халқына еңбек қана әлемді дағдарыстан алып шығатынын ескертеді. Мемлекет басшысы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты маңызды Жолдауын жариялады.

Біз «Қазақстан-2030» даму стратегиясын жүзеге асырудың 10 жылында үлкен белес-

терден өте алдық. Алдағы он жылда өтуге тиіс болатын белестер өте күрделі. Елбасы өз сөзінде «Біз барлық күштерді Отанымыздың игілігі үшін біріктіруге тиіспіз. Біздің алдымызда үлкен жұмыстар күтіп тұр», – деп атап көрсетті.

Қазақстан дамуының жаңа кезеңі – бұл экономиканы нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру міндеттерін шешу болып табылады. Бүгінгі әлемде бұл–әлеуметтік-экономикалық жаңғырудың басты мәселесі. Ел Президенті 2015 жылға қарай жоғары табысты елдер қатарына ену міндетінен бастау алатын алдағы кезеңдегі мемлекет дамуының басты басымдықтарын айқындады. Елбасы өз сөзінде «Қазақстан ынтымағы мен келісімі жарасқан әлеуметті мемлекетке айналды», – дегенді баса айтты. Президент Н.Ә.Назарбаев, «Біз қайшылықтар мен өзгерістерге толы күрделі кезеңде өмір сүрудеміз, әлемдік дағдарыс әлі 5-6 жылға созылуы мүмкін», – деп атап өтті [1].

2012 жылы шілде айында **Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам»** атты бағдарламалық тапсырмаларын жариялады [4]. Елбасы белгілеп берген 20 тапсырма еліміздің әлеуметтік дамуының басым бағыттарын тағы бір тиянақтап, алда атқарылар ауқымды қадамдар мен міндеттерді айқындады. Елбасы баршамызды ел игілігі жолында бар қиындықты жеңдіретін жемісті еңбекке шақырады. Н. Ә.Назарбаев еңбек шешуші фактор ретінде, бірінші орында болу керек деген Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясына негізделген Қазақстанды дамытудың тұжырымдамасын ұсынды.

«Жаһандық дауылдарға қарсы тұра алу үшін жаһандық тұрақтылық жағдайында, жаңа ғасыр жағдайында, Қазақстан қоғамы қандай болуы керек деген сұрақтарға жауапты талап етеді Сондықтан біздің әлеуметтік саясат бәсекеге қабілетті және күшті жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруға бағытталуы тиіс. Шындықты мойындайық, болашақта ХХІ ғасырда тек еңбек қана барлық қазақстандықтардың әл-ауқатқа және жаңа өмір са-

пасына қол жеткізуін қамтамасыз ете алады», – деп атап көрсетті [4].

Елбасы әлеуметтік жаңғырту: мақсаты, міндеттері мен қағидаттарының мәнін түсіндірді. «Бүгінде әлеуметтік жаңғыртудың мақсаттары мен мәні қоғамды жаңа индустриялық-инновациялық экономика жағдайындағы өмірге дайындаудан, Қазақстанның үдемелі экономикалық дамуы мен қоғамдық игіліктермен кең көлемді қамтамасыз ету арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті табудан, құқық пен әділеттілік қағидаттарына негізделген әлеуметтік қатынастарды бекітуден тұрады» [4]. Қазақстандағы әлеуметтік жаңғыртуды бес негізгі басымдықтар бойынша енгізу қажеттігін негіздеді.

Жолдауда Қазақстан даму жолының жаңа кезеңінде он бағыт бойынша міндеттерді жүзеге асыру көзделді.


«Бірінші. Қазақстандықтардың жұмысқа тартылуы» [1]. Президент тапсырмасы бойынша Үкімет жұмысқа тартуды қамтамасыз етудің бағдарламасын бекітті.

Бүгінгі таңда Үкімет 2011 жылы 31 наурызда қабылданған «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасына сай жұмыспен қамтуға, жұмыссыздықтың айтарлықтай өсуіне жол бермеуге, жұмыс орындарын сақтауға және жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған бірқатар шараларды іске асырып жатыр. «Тәуелсіздіктің екі он жылдығы ішінде жұмыспен қамту саласы аса зор өзгерістерге тап болды. Жұмыспен қамтылған халықтың саны 700 мыңнан астам адамға өсіп, 8,4 миллион адамға жетті» [4].

2012 жылы «Жұмыспен қамту -2020» бағдарламасын іске асыру үшін бөлінген қаржы көлемі 50 миллиард теңге, яғни 2011 жылмен салыстырғанда 3 есеге артық.

Бүгінгі таңда елімізде жүзеге асырыла бастаған «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы үш бағытты қамтиды. Бұл бағдарламаның әсіресе, бірінші және үшінші бағыттары жастар мәселесін шешуді көздейді.

Кесте – «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудың тетігі



Біздің елімізде жастардың сапалы білім алуын, денсаулық жағдайын жақсартуын, тұрғын үйге ие болуын, біліміне сәйкес қызмет атқаруын қамтамасыз ету сияқты өзекті мәселелер бар. Осы мәселелерді шешу бірнеше бағдарлама аясында қарастырылады. Мәселен, «Болашақ» бағдарламасы бойынша білімді, талапты жастардың шетелдің ең таңдаулы жоғары оқу орындарында мемлекет есебінен тегін оқуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Үкімет отырысында «Мемлекеттік жастар саясаты бойынша қабылданған заңдарға өзгерістер мен түзетулер енгізу туралы» заң жобасында жастарға деген қамқорлықты одан әрі күшейте түсудің жаңа мүмкіндіктері қарастырылып, қолдау табуы әрине бізді қуантады.

Бағдарламаның бағыттары жұмыссыз адамдарды жақсы дамып келе жатқан өңірлерде ашыла бастаған жаңа жұмыс орындарына орналастыруға және ауылда жұмыссыз жүрген, қолдарында ештеңесі жоқ жастар проблемасын шешуге бағытталған.

Жастар саясатын жүргізу қандай да болмасын мемлекет үшін оңай емес. Себебі, жастар саясатын оңтайлы жүргізудің шығындары көп екені белгілі.

Жастар – елдің келешегі. Қазіргі жастардың білімділігі, оқу мен еңбекке деген ынтасы, олардың отаншылдығы мен парасаттылығы, этносаралық келісім мен төзушілік қасиеті

болашақта ел тағдырын айқындайтыны белгілі. Олай болса, өз келешегін ойлаған әр мемлекет жастар мәселесін дұрыс шешуді мақсат тұтады.

Жастар мәселесімен мемлекеттік деңгейде айналысатын елдер әлемде онша көп емес. Мәселен, көптеген елдердің өз жастарына мемлекеттік деңгейде қамқорлық жасауына мүмкіндіктері болмаса, басқаларында қоғамдық құрылыс, оның ділі өзгеше. Мысалы, АҚШ-та жастар туралы мемлекеттік саясат болмағандықтан, жастар көпшілік жағдайда жеке меншік қорларға, қайырымдылық, де-меушілік қорларына үміт артады. Әлемде сарапшылардың айтуына қарағанда, Германия жастар саясатымен мемлекеттік деңгейде айналысады. Бұл елде жастардың тәрбиеленуіне, білім алуына, емделуіне және басқа да әлеуметтік жағдайларына заңда белгіленген тиісті қамқорлықтар жасалады.

«Қазақстан білім қоғамы жолында» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Назарбаев университетінде» оқыған лекциясында: «Қазірдің өзінде Жастар істері жөніндегі комитет құрылған. Барлық өңірлерде жастар істері жөніндегі басқармалар жасақталуда. 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Жастар саясатының жаңа тұжырымдамасын жасау жүріп жатыр. Жас қазақстандықтар азамат дегеніміз – бұл тек құқық қана емес, бірінші

кезекте өзі, өзінің отбасы және біздің Отанымыз үшін ұлы жауапкершілік екенін есте ұстаулары тиіс», - деп атап көрсетті [5]. «Жастар мәселесімен мемлекеттік тұрғыда айналыса бастаған елдердің бірі Қазақстан болып табылады. Статистикалық деректерге қарағанда, Қазақстандағы 14 пен 29 жас арасындағы жастар саны 4,5 миллионнан асып жығылады. Яғни, ел тұрғындарының 28 пайызын құрайды. Соның ішінде елімізде 800 мыңға тарта студенттер бар. Ауылдағы жастар саны 2 миллионнан, қаладағы жастар саны 2,5 миллионнан асады. Соңғы жылдары ауыл жастарының көпшілігі мектеп бітіргеннен кейін жұмыс іздеп қалаларға келе бастады. Жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін ауылдарға бармай, көбінесе өздерінің оқыған қалаларында қалып қойып жатады. Сөйтіп, қаладағы жастар саны барған сайын басымдыққа ие болып келеді. Ал жастар дегеніміз, қоғамның ең белсенді тобы. Сондықтан, әрбір жас өмірде өз қабілетіне сай дұрыс білім алып, жақсы отбасын құру үшін жастар жөніндегі мемлекеттік саясаттың болуы өте орынды» [6].

Елбасы жаңа индустриялық-инновациялық жобалар негізінде іске қосылған жаңа кәсіпорындарға жұмыссыз жүрген жастарды тарту талабын қойды.

Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі. Бұл, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтау [1]. Елбасы: «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор.

Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу.

Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор.

Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет.

Төртіншіден, мемлекет – жеке меншік әріптестігі, ауылдық жерлерден және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жастардың жол жүруі мен өмір сүруін субсидиялау, жатақханалар желісін дамыту тетіктері арқылы білім берудің қолжетімділігін кеңейту қажет.

Бесіншіден, оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды

әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс.

Алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылықтардың қолжетімділігін кеңейту туралы мәселені шешуді тапсырамын» - деп атап көрсетті [1].

Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық 11-12-13 тапсырмаларында білім беру жүйесін жаңғырту жөніндегі төмендегідей қадамдарға баса назар аударды. «ЖОО - да оңтайландыру үдерісін жүргізу маңызды. Қазақстанда 146 жоғары оқу орны бар. Олардың талайы маман тәрбиелеп шығарудың қажетті сапасын қамтамасыз ете алмайды.

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінде оқу үдерісінің практикалық жағына жеткілікті көңіл бөлінбейді, оқушылардың жеке ерекшеліктері нашар ескеріледі.

Балалардың, жасөспірімдер мен жастарды олардың есеуі мен табысты әлеуметтенуінің дара міндеттерін шешуге бағыттайтын рухани-парасаттылық тәрбиесінің тәсілдері жеткіліксіздігі жөніндегі мәселе күн тәртібінде өткір тұр.

Іс-жүзінде бүкіл оқу-тәрбие үдерісі ескірген әдістемелерге негізделген. Оқу-тәрбие үдерісінің тарихи білім сынды маңызды ісі жеке тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуы міндеттерін шешуге атымен бейімделмеген. Нақтылық мынада, оқушылар Қазақстан тарихы пәнін «зеріктіретілік», «қызықсыз», «бытысқан» пән деп санайды.

Жастардың бір бөлігі діни секталардың, экстремистердің, есірткіге құмар және қылмыстық топтардың «оңай олжасына» айналды. Мұның бәрінің басты себебі - әлеуметтік инфантилизм, өзінің өмірі мен өз отбасының әл-ауқаты үшін өзі жауап бере алатын ересек әрі кемел азамат болуға шамасы жетпеушілік. Сондықтан, бүгінгі таңда оқу-тәрбие үдерісін түбірінен өзгерту маңызды. Білім беру қызметтерінің қолжетімділігі мәселесі

көкейкесті күйінде қалуда. Бұл орайда қосымша білім берудің интерактивті түрлерін дамыту қажет.

Бүгінгі таңдағы онлайн-білім беру ұстаз бен шәкірттердің тікелей Интернет-араласуы режимінде де, арнайы жасалынған интерактивті оқу бағдарламалары мен ойындар түрінде өтетін факультативтік интерактивті курстарды ұйымдастыруды қамтуға тиіс.

«Онлайн – ұрпақтың» Интернетке табиғи ұмтылысын біз, интерактивті олимпиадалар, оқу турнирлерін тағы басқаларды ұйымдастырып, пайдалануға және жағымды арнаға бағыттауға тиіспіз», - деп атап көрсетті [4].

13-ші тапсырма

ҚР Білім және ғылым министрлігі:

2013-2014 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептердегі оқу үдерісінде білім берудің интерактивті түрлерін пайдалануды кеңейтуді және онлайн оқытудың арнаулы оқу бағдарламаларын енгізуді көздесін;

Қазақстан тарихы бойынша оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талдаудан өткізсін, оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен пішінін өзгерту жөнінде іс-шараларды жүзеге асырсын [4];

ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т. Жұмағұлов білім беру мен денсаулық сақтау саласына қатысты алда тұрған маңызды мәселелерге назар аударды [7;8].

Жаңа онжылдықта елді жаңғыртудың басты нысананың бірі сапалы білімге қол жеткізу, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау болып табылады. Еуропадағы ежелгі білім ордасы саналатын Болон университетінің 900 жылдық тарихы бар. Еліміздің білім беру жүйесінде *Болон декларациясы* деп аталатын құжаттың талаптарына сай қайта құрулар іске асырылып жатыр. ЖОО-дары кадрлар даярлаудың үш сатылы жүйесіне 2003-2004 оқу жылынан бастап көше бастады. Алдымен экономикалық, гуманитарлық және педагогикалық мамандықтар бойынша төрт жылдық бакалавриатқа студенттер қабылданса, қазір басқа мамандықтар осы жүйеге көшу барысында. ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев: «Жоғары білім сапасы ең

жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс» - деп атап көрсетті [1]. Елбасы жыл сайынғы Жолдауларында: «Білім беру әлемдік стандарттарға негізделіп, сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз көзделіп отыр», «Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі», «Оқу жастарға тек білім беріп қоймай, сонымен бірге олардың әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс» - екеніне баса назар аударады.

Елбасы: «Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүргені көкейге қонымды: 1. Білім беру мекемелерін оңтайландыру; 2. Оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; 3. Білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру», - деді [4].

Бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік стандартқа сай кәсіби білімділікке қол жеткізгенде ғана бой көрсетіп, сомдалатыны белгілі. Тәуелсіздік алған 21 жыл ішінде еліміз білім беру саласын дамытуда 129 елдің арасында көш бастаушылар қатарына енді. Оқушыларымыз халықаралық олимпиадаларда көптеген наградаларға ие болуда. 2007 жылы олар 181 медаль иегері болса, 2011 жылы 912 медальға ие болды [8].

Осы олимпиадаға қатысқан жүзден аса мемлекеттің ішінде біздің дарынды оқушылар АҚШ пен Қытай елдеріне бәсекелес болып, Еуропа командаларының алдына шығып, жүлделі бесінші орынды жеңіп алды [9].

Республикадағы 5 ұлттық университет халықаралық жүйеге кіру үшін 10 деңгей бойынша жұмыс жасайды [10]. Елбасы Жолдауда «Кемінде 2 жоғары оқу орны үздік әлемдік университеттер рейтингінде аталатын болады» деп атап көрсетті [11]. Астана қаласында әлемдік деңгейде Халықаралық университет жобасы іске асырылып, «Назарбаев университеті» нарық сұранысына бағдарланған жоғары оқу орнының инновациялық моделі. Жаңаша құрылған университет құрылымы, ұйымдастыру принциптері, оқыту әдістемесі жетекші шетел университеттері үлгісіне мейлінше жақындату көзделген. Қазақстан

Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Назарбаев университетінде» оқыған лекциясында «Университеттің әлеуеті тұрақты түрде нығайып келеді. Бүгінде мұнда бір жарым мыңнан астам студент білім алады. Осы жылы конкурс бір орынға оннан астам адамды құрады. Мұнда лекцияны әлемнің жетекші университеттерінен келген профессорлар оқиды. Мұнда 70 шақты ғылыми-техникалық жоба жүзеге асырылып жатса, жыл соңына дейін олардың саны 100 - ге дейін өседі. Қазірдің өзінде өнертапқыштық үшін 4 патент алынған. Біз университетті әрі қарай да дамыта беретін боламыз. Бүгінде біз Білім беру мектебін ашамыз. Жыл соңына дейін Бизнес мектебі мен Мемлекеттік саясат мектебін ашуды жоспарлап отырмыз. Біз Медициналық және Тау-кен мектептерін ашатын күнде алыс емес. Мұнда, университеттік білім беру көшбасшысының қабырғаларында, еліміздің жаңа болашағы, мемлекетіміздің жаңа элитасы дүниеге келуде», - деп атап көрсетті [5]. Бүгінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша 3 мың студент әлемнің 25 мемлекетінде білім алады. 2011 жылы мемлекеттік грант иегерлерінің жүзден жүйрік шыққандардың арасында 73 пайыз профессорлар мен ғылым докторлары, қалғандары доценттер мен ғылым кандидаттары, PhD докторлары [12]. 2010 жылы үздік оқытушылардың арасында ғылым докторлары – 68 пайызды құраса, 2009 жылы – 42,5 пайыз болды.

Грант алған оқытушылар әлемдегі іргелі оқу орындарында: Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Испания, Бельгия, Чехия, Венгрия, Швеция, Австрия, Болгария, Ресей, т.б. мемлекеттерде білім жетілдіруіне мүмкіндіктері мол. Қай жерде болмасын біздің мамандарымыз үлкен сұранысқа ие болуы тиіс.

Халықаралық деңгейдегі жаңа университеттер үшін ең жақсы шетелдік оқытушыларды тарту көзделіп отыр. Халықаралық жүйеге кіру үшін 10 деңгей бойынша жұмысын бастаған республикадағы 5 ұлттық университеттің бірі – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақстандағы ең алғашқы жоғары оқу орны, республикадағы педагогикалық оқу

орындарының көшбасшысы және базалық-әдістемелік орталығы болып табылады. Университет ректоры, профессор Серік Жайлауұлы Пірәлиев: «Оқу орнымыз былтырғы оқу жылында әлемдік бәсекеге қабілеттілігін дамытуда, жаңа инновациялық технологияларды игеруде едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда, 2010 жылдың желтоқсан айында университет Білім және ғылым министрлігі Ұлттық аккредиттеу орталығының Аккредиттеу кеңесінің шешімімен сертификаттаудан өтті және бес жыл мерзімге аккредиттелді. 2011 жылы сапа менеджмент жүйесі ИСО (ISO) 2001-2008 сапа стандартына сәйкестігін дәлелдеп, «Жонет» (JQNET) халықаралық сәйкестік және «Русский регистр» ұйымдарының сертификаттарымен қайта сертификатталды.

Университет әлемдік рейтингті ұйымдарға ену жағдайында әлемдегі озық рейтинг санатындағы «Вебометрикс», «Кью Эс» рейтингтер талаптарына сәйкес жүйелі жұмыс істеп келеді. «Вебометрикс» рейтингісінің 2011 жылғы шілде айындағы қорытындысы бойынша біз әлемдегі 12006 университет арасынан 6364 университетті артқа тастап, 6830-шы орыннан 5642-ші орынға көтерілдік. Университет «Кью Эс» рейтингі нәтижесіне сәйкес әлемдегі ең озық 700 университет арасында 601-ші орынға шықты» (13) деп атап көрсетті.

Кредиттік технологияны оқу үрдісіне енгізу студенттерді әр пән бойынша негізгі және қосымша әдебиеттермен, баспасөз материалдармен, ақпараттық және қашықтан оқыту технологиясы көздерімен, электронды оқулықпен, интернетпен, интерактивті тақтамен, оқу-әдістемелік кешендермен және кәсіби білікті профессорлық-оқытушылар құрамымен қамтамасыз етуді қажет етеді. Жаңа жүйе студенттердің білім сапасын арттыруға бағытталып, өздігінше білім алуға үйретумен қатар, алған теориялық білімдерін өмірлік тәжірибелерінде пайдаланып, білікті маман даярлауға көмектеседі. Несиелік жүйе негізінде көп деңгейлі білім беру жүйесі қалыптасып, білім беру ісі жалпыдан жалқыға бағытталады. Сонымен кезкелген студент алдымен белгілі бір ғылым

саласы бойынша жалпылама жоғары білім алады, содан кейін нарық сұранымына қарай нақты мамандықты меңгеруге мүмкіндік туады. Сондай-ақ оқытушылардан ақпарат легін дұрыс пайдалана отырып, заман талабының сұранысы мен талабына сай мультимедиялық және ақпараттық технологияларды, замануи әдістемелерді ұтымды қолданып, кәсіби біліктіліктерін одан әрі жетілдіріп тұруды қажет етеді.

Елбасы: «Алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық» деп айтты [1].

Бұл құндылықтарды жастарға баулу маңызды, сондықтан барлық оқу орындарында студенттердің бойына осындай қасиеттер сіңірілуіне баса назар аударды.

Бүгінгі жастар – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын, мемлекет ісіне араласатын тұлғалар. Ұрпақ бойына қаншалықты асыл қасиеттеріміз бен құндылықтарымызды сіңіре алсақ, біраз жылдардан соң оның жемісін көреміз. Ұрпақ тәрбиелеу ісінің жауапкершілігі, күрделілігі мен маңыздылығы да осында. Ұлтжандылық, отансүйгіштік, адамгершілік қасиеттер адам бойына ұлттық рухымыздан нәр алып, ұрпақтан ұрпаққа сіңеді. Ол – Отан тарихы пен әдебиеті, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, тілі, ділі мен діні. Осылар біздің нәр алатын бастау-бұлақ, терең тамырымыз. Жолдауда айтылған жастар тәрбиесі, білімді, білікті жастарды мемлекеттік қызметтерге тарту мәселесі олардың қоғамдық өмірге белсене араласып, келешекке деген сенімін қалыптастыруына негіз болады. Бұл озық білімді, адамгершілік қасиеті жоғары, ойлы қазақстандықтардың жаңа буынын қалыптастырудың негізіне айналмақ.

Күн тәртібінде – әлеуметтік заңнамалардың жаңартылуы, әлеуметтік еңбек қатынастарының тиімді үлгісінің қалыптасуы, өмір сүру сапасының қазақстандық үлгі қалыбын қамтамасыз етілуі, ақпараттық-мәдени жаңғыртылудың дамытылуы, әлеуметтік үрдістерді мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесінің құрастырылуын ұсынды. Елбасы: «Әлеуметтік

жаңғырту бүкіл қоғамның, әрбір қазақстандық отбасы мен әрбір қазақстандықтың өміріне шынайы сезінерліктей оң өзгерістер әкелуге бағытталған нақты қадамдарды талап етеді. Әлеуметтік жаңғырту «тіптен де мемлекет» үшін жасалмайды, ол әрбір нақты азаматқа қызмет етіп, пайда әкелуі тиіс екендігіне баса назар аударды [4].

Мемлекет басшысы ел экономикасын шикізатқа тәуелділіктен арылту мақсатында келешекте жүзеге асырылатын нақты тапсырмалар жүктеді. Үкімет алдағы уақытта еліміздің өнеркәсіп өндірісін одан әрі дамытудың нақты бағдарламаларын белгіледі. Еліміздің өндіріс өнеркәсібін жаңғырту және экономиканы әртараптандыру бойынша белгіленген шараларды жүзеге асыруға үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы (ҮИИДБ) оң ықпалын тигізуде.

Еліміздің әлеуметтік әлеуетін жақсарту мақсатында маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Астана қаласындағы заманауи «*Медицина кластері*» шеңберінде бұрын қазақстандықтар тек шетелдерге ғана жасататын күрделі операциялар жасалады. «*Ана мен бала*» сауықтыру орталығында сырқатқа шалдыққан жеткіншектерді озық технологиялармен емдеу тәсілдері жүзеге асырылуда. Елбасының «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша еліміздің барлық өңірлерінде білім және денсаулық сақтау мекемелерін жаңғырту шаралары қолға алынған. «*Балапан*» бағдарламасы аясында бүлдіршіндерді балабақшалармен қамтамасыз ету мәселесінде бетбұрыс жасалынды.

Тәуелсіз Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру, жаңа биіктерге жету жолындағы 2020 жылға дейінгі үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын ойдағыдай іске асыру мемлекетіміздің ХХІ ғасырдағы қайта өрлеу дәуірінің басты мүмкіндіктері болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Н.Ә. Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жол-

дауы. 2012. қаңтар 28 // Егемен Қазақстан. – 2012, қаңтар 28.

2 Н.Ә. Назарбаев. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан «Қазақстан-2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2007. ақпан 28. – Алматы, 2007. – 2 б.

3 Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2030» Стратегиясы іс үстінде: табыстың он жылы // Егемен Қазақстан. – 2007, қазан 13.

4 Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан, 2012. шілде 10.

5 Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан білім қоғамы жолында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Назарбаев университетінде» оқыған лекциясы // Егемен Қазақстан. – 2012, қыркүйек 6.

6 С. Әліпбай. Жұмыспен қамту: жаңа стратегия // Егемен Қазақстан. – 2012, ақпан.

7 Б.Т. Жұмағұлов. Елбасының халыққа жолдауын түсіндіру және насихаттау бойынша сөлеген сөзі. – Петропавл, 2012, наурыз 16.

8 Б.Т. Жұмағұлов. Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауын түсіндіру және насихаттау жөніндегі республикалық семинар-кеңесте сөйлейлеген сөзі. – Астана, 2012, ақпан 20.

9 Ж.Түймебеаев. Білім мен ғылым ұмтылыстар бастауы. // Егемен Қазақстан. – 2009, қараша 25.

10 Ш.Қирабаева. Таланттар арасындағы бәсекелестік білім сапасының көрсеткіші болуы тиіс // Егемен Қазақстан. – 2009, желтоқсан 31.

11 Н.Ә.Назарбаев. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2011 жыл 28 қаңтар // Егемен Қазақстан. – 2011, қаңтар 29.

12 С.Мәмет. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы. Мемлекеттік грант тапсырылды // Егемен Қазақстан. – 2012.

13 С.Ж.Пірәлиев. Білім берудің жана көкжиегі // Егемен Қазақстан. – 2012, ақпан.

Н.Ж. КЕНЖЕҒАРАЕВ

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЗИЯТКЕР ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Мақалада А.Құнанбайұлының «Толық адам» тұжырымдамасы негізінде зияткер тұлға қалыптастырудың жолдары зерттелінеді. Елбасы Н.Назарбаевтың «Зияткер ұлт - 2020» ұлттық жобасы мен А.Құнанбайұлының «Толық адам» тұжырымдасы салыстырыла зерделеніп, өзара сабақтастықтары айқындалады.

В статье рассматриваются пути формирования интеллектуальной личности на основе концепции великого казахского поэта-мыслителя А.Кунанбаева «Полноценная личность». Автор делает сопоставление и выявляет преемственность между проектом «Интеллектуальная нация - 2020» Президента РК Н.Назарбаева и концепцией А.Кунанбаева «Полноценная личность».

Annotation

The article deals with the methods of forming intellectual personality based on the concept of the great Kazakh poet and thinker A.Kunanbaev «integrated personality». The author makes a comparison and reveals continuity between the President Nursultan Nazarbayev's project «Intelligent Nation – 2020» and the concept of A.Kunanbaev «integrated person».

Түйін сөздер: «Зияткер ұлт – 2020» жобасы, зияткер ұлт қалыптастыру, зияткер тұлға қалыптастыру әдістері, толық адам, ар ілімі, рухани-адамгершілік құндылықтар, жалпыадамзаттық құндылықтар.

Елбасының «Зияткер ұлт – 2020» жобасында қамтылған зияткер ұлт қалыптастырудағы негізгі үш тармағы да аса маңызды уәзипаларды қажет етеді. Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы да зияткер ұлт жобасымен сарындас. «Толық адам» тұжырымдамасын Абай өлендері мен қарасөздерінде айтылған таза діни-философиялық контекстегі адамгершілік ілімі деп қарастырылмайды. Ар ілімі мен адамгершілік мәселесін, адамның толықтыққа, кәмалатқа жетуін Абай үнемі ел болашағы мен дамуы үшін айтып отырғанын естен шығармауымыз керек. Ойшыл тек жеке-леген адамдардың арлы, иманды болып, бұл дүниесімен қатар, о дүниесін де қамдап, дүниеден өтіп, жұмаққа барсын деп қана айтып отырған жоқ. «Адамның жақсысы адамға жақсылық жасаған адам» деген хадисті ескерсек, Абайдың көксеуі бойынша рухани жетілген толық адам қоғамына, ортасына, ұлтына, адамзатқа пайдалы болуы қажет. Абайдың толық адамы әрқашан әлеуметтік тұлға, әлеуметшіл тұлға. Осы тұрғыдан алғанда да Абай идеялары Елбасының жобасындағы бірінші қағидатпен, адамның заманауи ойлана білу, дәл өзі өмір сүріп отырған ортаға пайдалы болуы, тіршілік мәні мен өз қоғамындағы орнын саралай білетін сыншыл ойлау арқылы өмір сүруге, дамуға, жетілуге бейімділік принциптерімен мәндес келеді.

Абайдың «толықадам» тұжырымдамасында да, жалпы шығармашылығында да Ғылым тақырыбы өте өзекті. Ғылымның классификациясын жасаған ақын, Ғылымды адамзат тіршілігіндегі ең шешуші орынға қоюы да тегін емес. Толық адамды құрайтын негізгі үш қасиеттің басында – ақыл тұр. Ақылды Абай ғылымның синонимі деп түсінетіні бар. Ақылсыз ғылым, ғылымсыз ақыл болмайтыны, екі ұғымның бірін-бірі толықтырып, өсіріп, дамытып отыратындығын атап өтеді.

Абай ғылымды Адамның ғылымы, Алланың ғылымы, Дүниенің ғылымы деп саралайды. «Ғылым – алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр», - деп адам баласының ғылымға талпынуын көксейді. Абай адамның бойында ғылымның үш түрі де бірдей болуын қалайтындығы сезіліп тұр. Адам баласы тек Адамның ғылымымен шектелмей, Адамның ғылымына ұмтылған адамның бойында Алланың ғылымына деген махаббат та жатуы керек.

Қазіргі кезде де, Абай тұсында да осы Ғылымдардың қайсысы адам мен қоғамда басымдық алып тұр және тұруы керек деген сауалдар өткір тұр. Абай бұл мәселенің шешімін де өте дұрыс таба білген. 38 қарасөзінде Абай «Хакім» деген идеяны ұсынады. Хакім - өз бойында Ғылымның үш түрін де бойына тоғыта, ұштастыра білген адам. Ал тек адамның ғылымы мен дүниенің ғылымына машыққан адамдарды Ғылым деп атауды ұсынады. Хакімнің Ғылымнан гөрі адамзатқа пайдалы екендігін де атап көрсетеді: «Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пәнденің қазығы – осы жақсы хакімдер, әр нәрсе дүниеде бұлардың истихражы бірлән рауаж табады. Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі, ләкин осы хакімдердің жасаған, таратқан істері. Әд- дүния мәзрәгәтул-ахирет дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол. Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым» деп толық адам мұратының үлгісі – хакім екендігін баяндайды. Әрбір адам өмірге адам болып жаратылғаннан кейін толықтыққа, хакімдікке ұмтылуы қажет. Дана Абайдың айтуы бойынша, бұл хакімдер де тек бұл дүние қызығын ғана ойлаудан аулақтау болуы керек, онда олардың бойында да шектеулілік пайда болады дейді. Екі дүние мәнісін тел ойлаған мұсылман хакімдердің ісін үлгі тұтады.

«Егер бұлар дін ұстазымыз емес болса да, дінде басшымыз құдайдың елшісі пайғамбарымыздың хадис шарифі, хайрун нас ман йанфагунас (адамның жақсысы адамға пайда келтірген адам) деген. Бұл ха-кимдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына, яғни электрияны тауып, аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай ақыл-пікірін ұстартып, хақ пен батылдықты айырмақты үйреткендігі – баршасы нафиғлық болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дау жоқ» [1, 203], - деп Абай хакімнің қасиеттерін талдай отырып, әлемдік ғылымнан, ғылыми-техникалық прогрестен, Еуропа елдеріндегі индустриялық-инновациялық дамудан хабардар екендігін анық көрсетіп, Ғылымның осы мәнін қазақ халқының тұтынуын, ұмтылуын анық қалайтындығын көрсетеді. Зияткер ұлт қалыптастырудың бірінші жолы ғылым, өмірге, адамзатқа пайда алып келетін ғылым болса, Абайдың ғылымға берген түсініктемесі де Елбасы жобасындағы түсініктемеге сай келеді. Ал Еуропа елдерінің сол кезеңде де, кейінгі тұста да ғылыми-техникалық прогресті қандай мақсаттарда қолданғандығы, қолдануға тырысқандығы соңғы тарихтардан белгілі.

Ақылдың суық және нұрлы болатынын білетін Абай, ақылдан туатын ғылымның да суық және нұрлы болатынын, адамзатқа пайдамен қатар, залалдың да келетінін жақсы білген және оны өз шығармаларында айтып та кеткен. «Интернатта оқып жүр» атты бағдарламалық өлеңінде пайда мен мансапқа, атақ-дәрежеге, билікке ғана ұмтылып, ар мен ғылымды, ел мен адамзатқа пайда, жақсылық әкелуді ойламайтын білім алушы жастардың бейнесін анық сомдап көрсетеді. Себебі осындай пиғыл сол кезеңдегі қазақ қоғамында кең тарап кеткендігін жақсы көре білген Абай, ғылымда қандай концепция мен моральдің, мотивтің үстем болуы керектігін айқындап береді:

*Орыс тілі, жазуы, –
Білсем деген таласы.
Прошение жазуға,
Тырысар келсе шамасы.
Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы?
Нан таппаймыз демейді,
Білінсе елдің арасы...
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой [2, 69].*

Абай жастардың, сондай-ақ халықтың «Пайда ойламай, ар ойлауына», «кореннойға», яки мәңгілік, негізгі, түпкі мақсатқа кіруге, ұмтылуға талаптануы керектігін мақсұм етеді. Осы концепциясымен де Абай ғылымдағы инновациялық жолды нұсқап отыр. Елге, қоғамға, адамзатқа пайдалы жолға шақырып, өркендеуді негізгі мұрат тұтатындығын көрсетеді.

Заманауи білім алу, алған білімнің қоғамға қажетті болуы және оның адами қағидаттармен ұштастыра білу, сыншыл ойлау арқылы өзіне де, адамзатқа да, қоғамға да пайдалы іске өзін бағыттай, жұмылдыра білу идеясы Абай шығармаларының ғылыми дискурсының өзегі болып табылады және зияткер ұлт жобасының қағидаттарымен сабақтастырады.

«Зияткер ұлт - 2020» жобасының екінші ұстанымы – ақпараттық төңкеріс болып отыр. Абай да өз заманындағы оқыған, көзі ашық, әлемдік даму үрдісінен хабардар адам ретінде, әлемнің даму жағдайынан мол ақпарат алып отырды. Ақпараттық дамуы да кенжелеп қалған қазақ қоғамына әдебиет пен мәдениетпен қатар, жаһандық өркениеттің жетістіктерін де үлгі етіп отырады. Машина, фабрика, электр, энергия, завод, жедел хабар (телефон, телеграмма, радио), механика сынды ғылыми-техниканың жетістіктерін сөз етіп, қазақ халқының не нәрсеге ұмтылу керектігін анықтап береді. Абай заманындағы қазақ қоғамында ақынның шеттен алған бұл ақпараттарының бірі де орын алмағаны белгілі еді. Ақын қазақ қоғамының әлем елдері

сияқты индустриялық кезеңге қадам басын қалады. Абайдың индустриялану арманы қазақ қоғамында ХХ ғасырда миллиондаған қазақтардың өлімімен, халықтың жарымынан көбін құрбандыққа шалу арқылы, тамтұмдап жүзеге асты. Қазақ елі әлі күнге толық индустрияланған елге айнала алмады. Жаһанның бәсекеге қабілетті елдерінен әлі де болса, неғұрлым артта қалып, ақсаңдап келе жатқан жағдайы бар. Осыны көре білген, Елбасы зияткер ұлт жобасы аясында қазақ елінің индустриялы елге айналуының жолдарын көрсетіп отыр.

Елбасының «Зияткер ұлт - 2020» жобасының үшінші тармағы – жастардың рухани тәрбиесін қамтыған. Қазіргі жаһандану саясатының теріс ықпалдарының бірі ретінде жастардың ұлттық тамырдан ажырауы, тұтынушылық сананың, материалдық байлық пен материалистік прагматизмнің алдыңғы қатарға шығуы сынды жат пиғыл, әсерлердің кең таралуы мәселелері Елбасын да алаңдатып, оған қарсы қолданар күш ретінде ұлттық-мәдени құндылықтар мен жас буынның адамгершілігін нығайтуды ұсынуы өте маңызды мәселе болып табылады [3]. «Білім мен кәсіби біліктіліктер, егер де олар ұлттық мүддеге, рухани құндылықтарға, азаматтық парыз ұғымдарына, әлеуметшілдік пен ұрпақтар сабақтастығына негізделмесе, айқындаушы күш бола алмайды», - деген Елбасы ұстанымы қазіргі қоғамның түйткілді де өзекті мәселесін қамтып отырған жайы бар. Ақын Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде де осы төркіндес көптеген ой айтылған.

*Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шаригатқа шаласы, -*

деп заман талабына сай орыс білімін алып жатқан жастардың, ұлттық қайнардан, төл дінінен ажырамауын, алыстап кетпеуін қалауы, жиырма бесінші қара сөзінде: «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана оқытса болады.

Аның үшін бұл жер Дар әл-Харб, мұнда әуел мал табу керек, онан соң ғараб, парсы керек.

Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Аның үшін олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады», - деп балаларды өзінің ұлттық құнарынан ажырамауы үшін түркілік хат танытып, мұсылмандық іліммен сусындатудың маңызын айтады. Бала оң-солын танып қалыптасқаннан кейін барып, орыс тілі мен ғылымын оқытуға талаптандыру керек. Діни білім алып, мұсылманша сауаттанған жас иман, ар деген құндылықтарды ойлаумен діни санасы қалыптасып, жаратушы Аллаға деген махаббаты мен сүйіспеншілігі оянып, ғылым, білімнің де хақ жолы екендігін терең түсініп, жаратқанның алдындағы қарызын өтемекке талаптанатыны ортаға шығады. Олай болмаған жағдайда, тек қарын қамы мен бас пайдасын ойлаудан ары аса алмай, құлқыңның құлы болатынын шегелеп айтады. «Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, жұрт қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек. Қазірде орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай тұр. Себебі: ата-анасы, ағайын-туғаны бір жағынан бұзып жатыр», - деп орыс оқуын оқыған жастардың бақай есебін, мақсатын сынай көрсетіп, негізгі мотивация қандай болуы керектігін нақты көрсетіп береді. Білім мен ғылымға ұмтылған жастардың мотивациясы қандай болуы керектігі жөнінде де Абай ойлары мен Елбасының идеялары бір жерден шығады. Елбасы да қазақ жастарының бақай есепке ұрынбай, Абайдың «пайда ойлама, ар ойла» идеясымен адамзаттық қарызы үшін еңбек етуге шақырғанын көреміз [3].

«Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал бірлән ғылым кәсіп қылмақпыз. Өнер - өзі де мал, өнерді үйренбек - өзі де ихсан. Бірақ ол өнер ғадаләттан шықпасын, шарғыға муафих (діни заңға үйлесімді) болсын», - деп ғылым мен білімнің, әділеттің ақ жолынан адаспай, Алланың заңдарына да сәйкес болуын үндеуінде дүниенің сырын түсіндірерлік ой жатыр. Абайша айтатын болсақ, бұл күнгінің ғалымдары тек бұл күнін, осы дүниені ғана ойлайды, о дүние қамы деген нәрсе олардың көбі үшін жат. Ашқан жаңалығы мен жеткен жетістігін тек пайда, атақ, мансап табу жолына ғана арнайды. Ғалымның жаңалығының бәрі – сатулы. Ғылымды, ғылымының ашқан жетістігін мемлекеттер мен ғалымдар пайда табудың көзіне айналдырып алған. Нарықтық экономика, капитализм, материалдық прагматизм қатынасының заңы солай болса керек. Бір сәт дана Абайдың ойына құлақ асып көрейікші: «Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз» деп ғылымды Алланың бізден парыз еткен қасиеті ретінде түсініп, Алланың разылығы, Адамзаттың кемелденуі үшін риясыз жасауымыз қажеттігін меңгейді. Парсы исламтанушысы М.Мутахарридің «Исламдағы толық адам» [4] еңбегінде де Ф.Бэконның тұтынушылық санаға негізделген қағидатына қарсы пікір ретінде Абай ойымен сабақтас ойлар айтылады. Исламды тұтынған мұсылман елдерінің мүмкін кемшілігі болар, мүмкін артықшылығы болар дүниенің мәнін тек байлық пен пайдамен өлшемейтіндіктен жанталасып байлыққа ұмтылмауы, пайданы ғана көздеген ғылыми-технологиялық прогреске жанын салмауы адамзаттық парасатқа негізделген ұстаным десек болады. Адамзат қоғамында үстемдік етіп тұрған жалған стереотиптер ғылыми-технологиялық прогреске ие елдерді қуатты ел етіп, олар өз ретінде өзге елдерге басымдық көрсетуге құлшыныстары әлі күнге жалғасып келеді. Бұл адамзат қоғамының басты қасіреті мен кемшілігі.

Адамзат өмірі үшін теория мен практиканың ерекше орны бар. Ғылымның тазалығы, идеалды қоғам теория жүзінде ғана айтылмай, азын-аулақ кемшіліктермен бол-

сын практикаға айналуы қажет. Қоғамдағы адамдардың, сондай-ақ мемлекеттердің көкірек көзі мен иманы, тән мен жан азығы мен құмары бірдей бола бермейтіндігі сынды, адамзаттың бәріне жетілген толық адам, хакімдік деңгейін талап ету мүмкін емес. «Сананы тұрмыс билейді» деген қағидат бойынша, тән азығы мен құмары алдыңғы қатарға шығып, басымдық алып кететіні және бар. Елбасының «Зияткер ұлт - 2020» жобасын іске асыру арқылы, қоғамның білім мен сана деңгейін жоғарылатқан соң, рухани тұтастық қағидасын сіңірте алсақ, қоғам барынша кемел, ізгілікті, кісілікті болар еді. Елбасы аталмыш жобада көрсеткендей балаларды балабақшалар мен бастауыш сыныптардан, одан кейін мектеп пен жоғары орындарында рухани тұтастық рухында білім беріп, тәрбиелесек тек Қазақстанның ғана емес, әлемнің, барша адамзаттың түпкі мұраты мен мақсаты да орындалар күн туады.

*Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз,—*

деп Абай айтқандай, ғалым болу барлық адамға жазбаған ғой деп өз бойың аулақ ұстауы, не хакім болу қайда деп хакімдік миллиондардың бірінің ғана қолынан келетін іс деп тартыншақтауы құптарлық іс емес. Аллаға тағала адам баласын физиологиялық, биологиялық тұрғыдан бірдей қылып жаратқан. Ал оның толық адам болуы, не ғалым, хакім болуы өскен ортасы, отбасы мен алған біліміне байланысты. Жастайынан ғылым, білімді көксерлік махаббатты ояту - ұстаздың міндеті. Адамзатты шексіз махаббатпен жаратқан Алла алдындағы парыздарында риясыз қайтарудың жолдары толық адамдыққа, жетілгені хакімдікке алып келері сөзсіз. Ол үшін адам Адамдықтың қарызымен қатар, Алланың алдындағы қарыздарын ұштастыра біліп, тепе-теңдікті сақтап, өлшеуінен аспай, әділеттен аттамай үнемі еңбек пен ізденістің үстінде болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т.2. – Алматы.: Жазушы, 1995.

2 Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т.1. – Алматы.: Жазушы, 1995.

3 Назарбаев Н.А. Выступление на встрече со стипендиатами программы «Болашақ». г.Астана. 30 января 2008 г. [WWW-документ] URL. Электронды ресурс.www.akorda.kz.

4 Мутаххари М. Совершенный человек в исламе. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2008.

Н.Н.ХАН, У.Б.ЖЕКСЕНБАЕВА, Ш.Ж. КОЛУМБАЕВА

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К СОЦИАЛЬНОМУ ВОСПИТАНИЮ В СИСТЕМЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье обосновывается актуальность введения инноваций в социальном воспитании в системе дополнительного образования Республики Казахстан, а также определены методологические подходы, теории и принципы, которые должны быть положены в основу этих инноваций.

Мақалада ҚР-сының қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбиелеуге инновацияларды енгізудің өзектілігі негізделген, сонымен бірге осынау инновациялардың негізіне қалануға тиіс методологиялық әдіс-тәсілдері теориялары мен ұстанымдары анықталған.

Annotation

The article explains the relevance of introducing the innovations in the social education in the system of complementary education of the Republic of Kazakhstan, also there have been determined the methodological approaches, theories and principles that should form the basis of innovations.

Ключевые слова: инновация, методология, подход, дополнительное образование.

Темпы социально-экономических преобразований в Республике Казахстан в XXI веке, их сложность и противоречивость обуславливают возрастание значимости проблем социального воспитания, обучения и развития детей и подростков, составляющих будущее нации. Именно этой категории населения предстоит определять направления и содержание развития государства, его перспективы и место в мировой цивилизации.

В этих условиях перед педагогической теорией и практикой со всей остротой встает проблема поиска новой философии образования, новых форм образовательной деятельности и новых образовательных технологий, направленных, прежде всего, на развитие личности, на компетентностное образование и воспитание молодого поколения, которое будет в состоянии ликвидировать опасность всеобщей «дегуманизации» (Е.Н.Кулюткин) общества и человека. Всё это требует новых технологий работы всех социальных институтов.

Сегодня является общеизвестным: низкий уровень социального воспитания учащихся-

ся ведет к повсеместному снижению уровня их социализации. Основанием для такого утверждения являются многочисленные нарушения, обнаруживающиеся в ходе этого процесса и носящие дисфункциональный характер. Большую роль в социальном воспитании учащейся молодежи играет система дополнительного образования детей. Однако у определенной части педагогов системы дополнительного образования (ДО) отсутствует осознание того, что в Казахстане произошла смена парадигмы образования со знаниево-центристского на компетентностный (практико-ориентированный) подход.

Общеизвестно, что успех реализации любого нововведения тесно связан со значительными изменениями в сфере сознания педагогов ДО, уровнем их инновативности: высокий интеллектуальный потенциал; критичное отношение к действительности; отказ от известных штампов; стереотипов в обучении, воспитании и развитии личности ученика; способность своевременно избавляться от устаревшего; педагогически нецелесообразного;

устремленность на поиски альтернативы несовершенству; исследовательский интерес к нововведениям; выход за рамки действующих нормативов, стремление к переосмыслению собственного опыта; преодолению противоречия между видами деятельности и т. д.

Дополнительное образование (ДО) нельзя рассматривать лишь как механическую надстройку основного образования, призванную усилить его компенсаторные и адаптационные функции с учетом социально-экономических и учебно-технологических потребностей. Система ДО является важным условием для развития личности с учетом ее индивидуальных способностей, мотивов, интересов, ценностных ориентаций. В последние десятилетия выполнен ряд исследований в области дополнительного образования детей. Наиболее важные положения были выдвинуты в работах А.Г. Андрейченко, В.В. Беловой, В.А. Березиной, А.К. Бруднова, Е.Б. Евладовой, В.В. Комарова, Г.Н. Поповой, Т.И. Рудневой, Н.И. Фунниковой, А.И. Щетинской и др. Исследованы вопросы развития творческих способностей детей, формирования этнического самосознания, экологической культуры, нравственной воспитанности, эколого-биологическое дополнительное образование, физкультурно-оздоровительная и спортивно-массовая работа в системе дополнительного образования детей, развитие детского туризма и краеведения и др.

Проблемам становления и развития ДО в Республике Казахстан посвящены работы Л.А. Дорожкиной, Н.Д. Жамадилова, В.И. Загайновой, М.К. Курсабаева, Ж.А. Макатовой, Е.О. Омар, Э.К. Таюповой и др.

Проблемы инноваций в образовании стали изучаться сравнительно недавно, и, прежде всего, педагогами и социологами. В работах Ш.А. Амонашвили, Ю. К. Бабанского, И. В. Бестужева-Лады разработаны основные критерии инновационной деятельности в школе, методы совершенствования подготовки педагогов. Вместе с тем, недостаточно исследованы инновационные процессы социального воспитания, происходящие в условиях современного Казахстана и инновационная

деятельность организаций ДО в данном направлении.

Всё вышеизложенное актуализирует исследование проблемы инновационных процессов социального воспитания в системе ДО. Стратегию решения актуальных воспитательных проблем, в том числе проблем социального воспитания, не только с позиций педагогических аспектов, но и в контексте более широкого философского их рассмотрения определяют научные подходы как методологические основы воспитания.

В современной педагогике наиболее значимыми научными подходами выступают аксиологический, деятельностный, личностный, системный, целостный подходы.

Аксиологический подход к социальному воспитанию может рассматриваться как методологическая основа воспитания, поскольку имеет целью введение формирующейся личности в мир ценностей и оказание ей помощи в выборе личностно значимой системы ценностных ориентации.

Благодаря ценностным ориентациям человек делает свою жизнь осмысленной, определяя: а) что он дает жизни (ценности жизнедеятельности); б) что он берет от жизни (ценности переживаний); в) в чем его предназначение, которое он не в состоянии изменить (ценности отношения). В самом общем виде процесс освоения ценностных ориентаций может быть представлен как расширяющееся жизненное пространство, в котором личность строит определенную траекторию своего движения, соотносясь с ценностями самопознания, самооценки и саморазвития, а также исходя из того, что целью современного воспитания является формирование людей, способных строить новый социум и жить в нем, формирование человека, готового к выполнению общественных функций труженика и гражданина.

Аксиологический подход позволяет определить ценности, на которые ориентируется система ДО детей. ДО детей рассматривается как ценностное самоопределение личности через понимание смысла, целей и ресурсов собственной жизни. В основе содержания

ДО детей представлена иерархия ценностей, которые, выполняя функцию стратегических жизненных целей и главных мотивов жизнедеятельности, определяют нравственные устои и принципы поведения личности.

Деятельностный подход к социальному воспитанию выделяется в силу того, что деятельность как преобразование людьми окружающей действительности служит основой, средством и решающим условием развития личности (Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, А.Н.Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Н.Ф. Талызина и др.). Поэтому для того, чтобы подготовить воспитанников к жизни в социуме, необходимо в меру возможности вовлекать их в разнообразные виды социально и нравственно значимой деятельности.

Деятельностный подход предполагает рассмотрение ДО как образовательного пространства для многообразных видов коллективной творческой деятельности педагогов и воспитанников, направленных на выявление и развитие сущностных, творческих сил каждого индивида через его активную предметную деятельность, общение с окружающим миром, формирование опыта социального поведения, необходимого для успешного вхождения в систему общественных отношений.

Личностный подход к социальному воспитанию основан на положениях, сформулированных в трудах Б.Г. Ананьева, К.А. Абульхановой - Славской, Л.С.Выготского, А.Н.Леонтьева, А.В.Петровского, С.Л.Рубинштейна и др. В их исследованиях личность рассматривается как активный субъект собственного становления и развития.

Гуманистический, личностно-ориентированный подход, предполагает подчинение образовательного процесса интересам личности, обеспечение индивидуальной образовательной «траектории» ребенка, сотрудничества взрослого и ребенка, способствующего самореализации личности учащегося.

Реализация личностного подхода к воспитательному процессу в организации ДО предполагает соблюдение следующих условий: 1) в центре воспитательного процесса находится личность воспитанника, т. е. воспитатель-

ный процесс является антропоцентрическим по целям, содержанию и формам организации; 2) организация воспитательного процесса основывается на субъект-субъектном взаимоотношении его участников, подразумеваемом равноправное сотрудничество и взаимопонимание педагога и воспитанников на основе диалогового общения; 3) воспитательный процесс подразумевает сотрудничество и самих воспитанников в решении воспитательных задач; 4) воспитательный процесс обеспечивает каждой личности возможность индивидуально воспринимать мир, творчески его преобразовывать, широко использовать субъектный опыт в интерпретации и оценке фактов, явлений, событий окружающей действительности на основе личностно значимых ценностей и внутренних установок; 5) задача педагога заключается в фасилитации, т. е. стимулировании, поддержке, активизации внутренних резервов развития личности.

В основе системного подхода лежит понятие «система», в которой все элементы, составляющие целостность, работают на конечную цель, в нашем исследовании на формирование гармоничной личности. Теоретико-методологический анализ педагогической литературы позволяет выявить основные компоненты любой педагогической системы: 1) цели и задачи педагогической деятельности; 2) воспитанники, выступающие в роли субъект-объектов; 3) педагоги и другие лица, участвующие в педагогическом процессе; 4) содержание педагогического процесса; 5) педагогические технологии; 6) результаты педагогической деятельности.

Системный подход подразумевает понимание ДО детей как сложной многофункциональной и разно-многоуровневой социально-педагогической системы открытого типа, которая функционирует в социокультурном пространстве и в образовательной среде. Согласно общей логике развития ДО как системы в нем выделяются целевой, содержательный, операциональный, результативно-оценочный блоки.

Ценность системного подхода к социальному воспитанию состоит в том, что он по-

зволяет учитывать следующую закономерность: факторы, влияющие на эффективность воспитательного процесса, тесно связаны между собой и возникают при определенных, специально создаваемых условиях. Это дает возможность предвидеть характер и результаты функционирования воспитательного процесса, находить оптимальные пути и средства в его организации и проведении.

Целостный подход к социальному воспитанию выделяется в силу того, что личность, согласно выражению А. С. Макаренко, «не формируется по частям». Целостность образовательного процесса обусловлена целостной природой самой личности. Такой подход к человеку предполагает рассмотрение его в рамках включенности во всеобщую взаимосвязь, тождество человека и природы, человека и мира, человека и Универсума. Пользуясь выражением Н.А. Бердяева человек представляется как «микрокосм». Однако особенности человеческой личности не проявляются сразу в готовом виде, а складываются и развиваются в процессе накопления социального опыта. Для достижения этого необходимо, чтобы в ходе воспитательного процесса сама личность понималась как целостность, как сложная психическая система, имеющая свои структуру, функции и внутреннее строение. Целостный подход требует при организации воспитательного процесса ориентироваться на интегративные (целостные) характеристики, которые принято называть базовыми основаниями личности. Эти базовые основания складываются в процессе постепенного обобщения личностью опыта жизнедеятельности и представляют собой единство трех главных сфер бытия человека: деятельности, сознания и собственно личностных отношений. Все базовые основания личности тесно связаны между собой и взаимодействуют друг с другом.

Таким образом, целостный подход ориентирует социально-воспитательный процесс на выделение в развивающейся личности системообразующих связей; на изучение и формирование того, что является устойчивым, а что – переменным; что выступает в качестве

главного, а что – второстепенного. Целостный подход предполагает выяснение вклада отдельных компонентов (процессов) в развитие личности как единого целого.

Сущность социальных изменений последнего десятилетия XX века и начала XXI века отождествляется с таким процессом как глобализация. Он носит объективный естественно-исторический характер, вызывая, с одной стороны, дальнейшее прогрессивное развитие западных постиндустриальных стран, а с другой – глубокие трансформационные сдвиги в развитии стран с незавершенной модернизацией, в том числе в бывших социалистических странах.

Усиливающаяся тенденция к интеграции, сопровождающая процесс глобализации, актуализирует в сфере социального воспитания проблему сохранения национальных культур, поддержания их традиций как условия сохранения народами культурной идентичности и вместе с тем ориентирует на воспитание таких чувств, как терпимость к другим культурам, признание их равноценности и равноправия, что и обуславливает использование в исследовании этнокультурного подхода.

Этнокультурный подход требует осознания того, что каждый ребенок является уникальным представителем своей культуры. Поэтому воспитательно-образовательная сфера ДО должна строиться с учетом национальных традиций и идеалов, быть ориентированной на воспитание этнического, национального самосознания и культуры межнациональных отношений.

Современный Казахстан – полиэтническое государство. Становление нового качества социального воспитания в системе ДО детей возможно в контурах поликультурного подхода.

Поликультурный подход ориентирует формирование современной личности, осуществляющей этнокультурное и гражданское самоопределение на основе этнических традиций, ценностей казахстанской и мировой культуры, способной воспринимать культуру других народов, осуществлять межкультурное, толерантное взаимодействие [1].

В настоящее время в условиях развития новой экономики, в которой основным ресурсом становится мобильный и высококвалифицированный человеческий капитал, в Казахстане идет становление новой системы образования. В качестве главного результата образования рассматривается готовность и способность молодых людей, заканчивающих школу, нести личную ответственность, как за собственное благополучие, так и за благополучие общества.

Важными целями образования должны стать развитие у учащихся способности действовать и быть успешными, формирование таких качеств, как профессионализм, универсализм, способность менять сферы деятельности, способы деятельности на достаточно высоком уровне. Востребованными становятся такие качества личности, как мобильность, решительность, ответственность, способность усваивать и применять знания в незнакомых ситуациях, способность выстраивать коммуникацию с другими людьми.

Основным результатом деятельности образовательного учреждения должна стать не система знаний, умений и навыков, а способность человека действовать в конкретной жизненной ситуации, то есть определенные компетентности. С позиций компетентностного подхода уровень образованности личности определяется способностью решать проблемы различной сложности на основе имеющихся знаний [2].

Компетентностный подход не отрицает значения знаний, он акцентирует внимание на способности использовать полученные знания. В качестве «конечных» результатов образования рассматривается развитие определенных личностных качеств, прежде всего, нравственных, формирование системы ценностей. Могут существовать различные взгляды на то, какие качества личности и какие ценностные ориентации нужно формировать у современных школьников, но эти различия не имеют тесной связи с подходом к определению целей образования. Различия в этих подходах связаны с различиями представлений о путях формирования ценностных ориентации и личностных качеств учащихся. При традици-

онном подходе к определению целей исходят из того, что личностных результатов можно достичь за счёт приобретения необходимых знаний. Во втором случае в качестве основного пути рассматривается получение опыта самостоятельного решения проблем. В первом случае решение проблем рассматривается как способ закрепления знаний, во втором – как смысл образовательной деятельности. С позиций компетентностного подхода целью и основным непосредственным результатом образовательной деятельности становится формирование ключевых компетентностей [2; 3]. Однако эта цель достигается не только при изучении учебных предметов, но и «через» всю организацию жизни обучающегося, «через» её связь с другими значимыми сторонами жизни обучающихся. С этой точки зрения образовательный процесс не равен учебному процессу. Образовательный процесс включает в себя и учебный процесс, и ДО детей, и их социально-творческую деятельность, и практику повседневной школьной жизни.

Кроме того ключевым фактором личного успеха является социально-психологическая компетентность. Она предполагает знание и понимание человеком себя, своих сильных и слабых сторон, уровня своих личных качеств; знание и понимание индивидуальных различий, особенностей подхода к разным людям; умения управления своим эмоциональным состоянием и разрешения жизненных ситуаций; понимание, осмысление и возможность изменения своего жизненного пути. Формирование социально адаптированной, социально компетентной личности требует организации процессов самопознания, самоопределения и самореализации личности школьника в социально позитивной деятельности.

Традиционно социально-педагогические модели развития личности описывались в виде извне задаваемых образцов и нормативов. Личностно - ориентированная парадигма образования нацеливает педагогов на приоритеты индивидуальности, самобытности, самоценности личности. В контексте гуманистической педагогики в настоящее время разрабатывается теория и практика педагогической

поддержки. Ряд авторов (Е.В. Бондаревская, А.В. Мудрик, Л.И. Новикова, и др.) определяют поддержку как принцип педагогической деятельности в реализации гуманистического подхода к взаимодействию обучающихся и обучающихся. В ДО методология педагогической поддержки заключается в организации индивидуально-ориентированной поддержки, помощи детям в их саморазвитии, самостоятельном поиске смысла жизни, путей самоутверждения в социальной действительности. Создание образовательной среды для выявления индивидуальных возможностей и потенциалов ребенка, создание условий для включения его в разнообразные виды деятельности, накопления профессионально значимых способов деятельности предполагает организацию в ДО индивидуально-ориентированной помощи, поддержки детям.

При использовании инноваций в социализации обучающихся в системе ДО должна быть опора не только на системный, деятельностный, комплексный, аксиологический, социокультурный, компетентностный, культурологический, этнокультурный, поликультурный подходы в организации воспитательных воздействий на личность школьника, но и субъектный подход. Выделим базовые положения субъектного подхода, который является одним из фундаментальных оснований инновации социального воспитания.

Основу субъектного подхода составляет понятийная система: «субъект», «субъектность», «субъективность», «субъектогенез», ориентирующая на изучение феноменологии субъектной реальности. Понятие «субъект» нами рассматривается как свойство личности, образование более высокого уровня интеграции, обеспечивающего процесс самодетерминации. Понятие «субъект» определяет растущего человека как инициатора собственной активности. Субъект – это всеохватывающее, наиболее широкое понятие человека, обобщенно раскрывающее неразрывно развивающееся единство, цельность всех его качеств: природных, социальных, общественных и т.д.

Дополнительное образование – это педагогическая система, это процесс взаимодей-

ствия педагогов и обучающихся. Следовательно, в основу процесса дополнительного образования должна быть положена теория целостного педагогического процесса (ЦПП). Основные положения теории ЦПП, которые имеют методологическое значение при организации социального воспитания в системе ДО - единство учебного и внеучебного времени, где происходит усвоение индивидом социального опыта предшествующих поколений; педагоги являются посредниками между содержанием социального опыта и обучающимися, становление личности которых зависит от уровня их активно-преобразующей деятельности; объектом управления учителя в педагогическом процессе является деятельность обучающихся; предметом управления учителя в педагогическом процессе являются отношения между субъектами деятельности; взаимодействие субъектов есть условие для их развития [4].

Анализ исследований Лебедева О. Е., Березиной В. А., Евладовой Е. Б., Андрюхиной Л. М. и других ученых [2; 5; 6; 7] позволяет определить следующие принципы построения образовательного процесса в организациях ДО детей:

- гуманизма – утверждение ценности общекультурного человеческого достоинства, внимания к историческим ценностям, их значимости для развития искусства, науки, культуры;
- детоцентризма – приоритетность интересов ребенка, превращение его в равноправный субъект образовательного процесса;
- демократизма – право каждого ребенка на выбор своей траектории развития;
- культуросообразности – ориентация на потребности общества и личности воспитанника, единство человека и социокультурной среды, адаптация детей к современным условиям жизни общества;
- природосообразности – учет возрастных и индивидуальных особенностей, задатков, возможностей обучающихся при включении их в различные виды деятельности;
- дифференциации и индивидуализации образования – выявление и развитие склон-

ностей, способностей в различных направлениях деятельности, обеспечение развития детей в соответствии с их индивидуальными возможностями и интересами;

- творчества – развитие творческих способностей детей;
- системности – преемственность знаний;
- сотрудничества – признание ценности совместной деятельности детей и взрослых.

Принципами инновационной организации социального воспитания, прежде всего в аспекте обеспечения широкой вариативности определены следующие:

- реализация вариативных образовательных и социально ориентированных маршрутов; социально-культурное насыщение содержания и форм дополнительного образования, при этом акцент должен делаться на приобретении компетенций различного плана в естественных условиях окружающего мира; создание условий для их реализации, что обеспечивает позитивную динамику в интеллектуальном и личностном развитии обучающихся;

- наличие сквозных и интегрированных учебно-воспитательных планов и программ;

- развитие индивидуальности воспитанника, что обеспечивает становление личности, способной к активной социальной адаптации в новых условиях, постоянному самосовершенствованию, самореализации, самовоспитанию;

- актуализация педагогики переживаний, формирующей эмоционально-эстетическое восприятие действительности, укрепление этничности, культуроориентированности, толерантности, патриотизма;

- создание диагностических методик, психолого-педагогического сопровождения развития педагогов и обучающихся в условиях реализации вариативных образовательных и социально ориентированных маршрутов, разработка показателей их эффективности реализации;

- организация взаимодействия всех участников обучения и воспитания с целью обеспечения позитивной динамики их развития;

- создание организационных, научно-методических, кадровых условий для успешной

реализации социально направленных вариативных образовательных траекторий и их адекватного выбора учащимся разных возрастов;

- наличие вариантов образовательных маршрутов для обучающихся различных групп: с опережающими темпами развития; для учащихся с ослабленным здоровьем; с низким уровнем учебной мотивации и трудностями в обучении; для одарённых различными специальными способностями и их психолого-педагогическое обеспечение;

- активизация способности воспитанников мыслить глобально, а действовать локально, в кооперации с другими личностями, коллективами, народами.

ЛИТЕРАТУРА

1 Концептуальные основы развития дополнительного образования детей в РК. – Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования. – Астана, 2012. – 41 с.

2 Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании // Школьные технологии. – 2004. – №5. – С.3–12.

3 Жексенбаева У.Б. Компетентностно ориентированное образование в современной школе. Учебное пособие. – Алматы, 2009.

4 Хмель Н.Д. Педагогический процесс как объект деятельности учителя – Алма-Ата, Рауан, 1979.

5 Березина В.А. Дополнительное образование детей в современных условиях / В. А. Березина. // Нормативные документы образовательного учреждения. – 2006. – № 3. – С. 17-19.

6 Евладова Е.Б. Дополнительное образование детей: учеб. пособие для вузов / Е.Б. Евладова. – М.: Владос, 2008.

7 Андриюхина Л.М. Философия образования как новый полюс диалога науки и культуры // Философия и наука. Материалы VI-й Региональной научно-практической конференции аспирантов и соискателей, 24 апреля 2007 года. – Екатеринбург, 2007. – С.7 – 16.

В. НУРЛАНОВА

МЕКТЕПТЕГІ БАЛАЛАР ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРЫ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация

Мектептегі балалар қоғамдық ұйымдары арқылы жоғары сынып оқушыларын әлеуметтендірудің теориялық негіздері қарастырылады.

В статье рассматриваются теоретические основы социализации учащихся старших классов в детских ученических организациях в школе.

Annotation

The article deals with the theoretical basis of socialization of senior school children through different out class children's activities at school.

Ключевые слова: балалар, тұлға, қоғамдық ұйым, әлеуметтендіру, әлеуметтендіру теориялық негіздері.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдары» туралы Заңында балалардың қоғамдық ұйымдары негізінен мектептерде және қосымша білім беру ұйымдарында қалыптасатынын, олардың жұмыстарының негізгі бағыттары тәрбиенің ізгілендіру, патриоттық, өзін-өзі басқару; туристік-өлкелік, әлеуметтік-құқықтық, шығармашылық және т.б. қамтитынын атап көрсетеді [1].

Қазақстандағы балалар қозғалысының даму тенденциясына тоқталатын болсақ, үкіметіміз соңғы жылдары балаларды қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеуге және ұрпақтарымыздың нағыз азамат болып қалыптасуына аса көңіл бөлуде. Балалардың әлеуметтік бастамаларын дамытуда түрлі ұйымдар, одақтар және қозғалыстарды құру маңызды орын алады. Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктері атқаратын қызметтер жас ұрпақтың жеке басын әлеуметтендіру, оның қабілетін іске асыру және қоғамдағы өз орнын анықтау үшін маңызды институт болып табылады. Ол өскелең ұрпақтарға қазіргі қоғам өмірінде демократиялық тұрғыда қалыптасуына жағдай жасайды.

Тұлғаны әлеуметтендіру – әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды меңгеру үдерісінде қоршаған ортамен өзара іс-

қимыл, сондай-ақ, өзі өмір сүретін қоғамда өзін-өзі дамытудағы табыстылығы, әлеуметтік белсенділігін әлеуметтік қарым-қатынас жағдайындағы іс-әрекетті жүзеге асыратын дайындығы. Әлеуметтендіру тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін ешкім жоспарламаған тосын жағдайларды да, стихиялық жиынтығын да, әлеуметтік топтарға индивидтердің ену процесін қамтиды. Әлеуметтік кеңістікте тұлғаны әлеуметтендіруді жүзеге асыру – бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа ауысуда баланың бүкіл өмір салаларын мойындап, қазіргі мәдениеттің жоғары жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыт беретін ортақ әлеуметтік кеңістік болып табылады. Мектептегі балалар қоғамдық ұйымдарының тұлғаны әлеуметтендіруі аксиологиялық-танымдық, мәдениеттану, тұлғалық, іс-әрекеттік тұғырлары тұрғысынан зерделенеді.

1996 жылғы 31 мамыр айындағы № 3-1 бекітілген Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдары» туралы Заңында «...қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар қоғам мүшелерінің еріктілігі мен теңдігі негізінде құрылады және өзін - өзі басқару барысында іс - әрекетін ұйымдастырады», - деп атап көрсетеді [1]. Қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарының жұмысы

тәрбиенің ізгілендіру және патриоттық бағыттарын қамтиды.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек политехникалық білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет пен ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Баланың тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасу мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады деп атап көрсетеді. Негізгі міндеттерге жас ұрпақты тәрбиелеудің әлеуметтік маңызы мен болашағын қоғамның түсінуін актуалдандыру; балалар мен жас өспірімдердің және жастардың түрлі әлеуметтік топтармен өзара қарым-қатынасты реттеуінде жауапты шешім қабылдай алатын және өзіне жетекшілік рөл ала білетін, дербес жеке тұлға ретінде ашық ақпараттық, білікті, іскерлік және коммуникативтік әлеуметтік кеңістік құруды ұйымдастыру; балалар мен жастардың қоршаған ортаға, қоғамға, табиғатқа оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызу, әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасауды ұсынады.

Тұлғаны әлеуметтендіру әлеуметтік ортада өтеді. Зерттеу нысанымызға алып отырған мектептегі қоғамдық ұйымдар мен қоғамдық қозғалыстар оқушылардың өз еріктерімен құрылатын әлеуметтік орта деп қараймыз. Көбіне мектептерде қоғамдық қозғалыстар, қоғамдық бірлестіктерге қарағанда қоғамдық ұйымдар қалыптасқанын зерттеу барысында көре білдік.

Балалар қоғамдық ұйымы әлеуметтік тәрбиелеудің субъектісі болғаннан кейін өзінің аса ауқымды тәрбиелік мүмкіндігін жүзеге асыраалады. Бұл балалар қоғамдық ұйымының өзгеше мүмкіндіктерімен анықталады. Осы өзгешелікті А.Г.Кирпичниктің еңбегінде [2] төмендегі түрде анықталған:

1. Балалар қоғамдық ұйымы – әлеуметтік тәрбиелеудің негізінде құрылатын қоғамдық институт. Балаларды бірлестікке олардың әлеуметтік іс-әрекетке деген әлеуметтік-психологиялық жақындығы алып келеді.

Жеткіншектер үшін шынайы қоғамдық пайдалылықпен бейнеленген іс-әрекет қызықты. Мұндай іс-әрекетті құрдастарымен жалпы құрамда жүзеге асыру мүмкіндігі туындағанда оған деген қызығушылық арта түседі.

Қоғамдағы жағдайдың өзгеруіне қарамастан жеткіншектердің қоғамдық процестерге қатысуға деген талпыныстары қатысудың қандай формаларына бағытталғаны – әлеуметтік тәрбиелеудің аясындағы осы процесті басқаруға байланысты болу керек.

2. Балалар қоғамдық ұйымы – балаларды болашақ өмірге дайындайтын емес, бүгінгі өмірін ұйымдастыратын құрал болып саналады. Балалар қоғамдық ұйымдары компенсаторлық рөлді ойнайды, яғни арнайы ұйымдастырылған тәрбие процесінің жүйесінде өз орнын таба алмаған балалардың бүгінгі жағдайындағы орнын толтырушы вакуум іспеттес болады. Олар балалар мен жеткіншектердің әлеуметтенуін реттеп отыратын балалардың тұлғалық дамуын педагогикалық басқару үшін қосымша мүмкіндіктер тудырады. Бұдан бөлек балалар ұйымдары мен бірлестіктер басқа тәрбиелеу институттарына қарағанда өз бетінше іс-әрекет етуін, істің жаңаша бастамасын ұсынуын, басқарушылық дағдыларды қалыптастыруды, басшылық қабілеттердің көріністерін ынталандыруды дамытуға аса көңіл бөледі.

Балалар қоғамдық ұйымының компенсаторлық рөлін кең түрде қарастыруға болады. Алдыңғы қатарлы мектептерде де өздерін қолайлы сезінбейтін балалар бар. Себептердің түрі де көп: қарым-қатынастың қанағаттандырмауы, оқу іс-әрекетіндегі табыссыздығы және т.б. Бұл балалар қарым-қатынасты мектептен тыс ортадан іздейді және оны кейде әлеуметтік емес топтардан табады. Дәл осы жерден балалар қоғамдық ұйымының компенсаторлық рөлін көруге болады.

3. Әлеуметтік-педагогикалық ұйымдастырылған қазіргі заманға сай балалар қозғалысы тек қана білім беру, тәрбиелеу жүйесіндегі маңызды, тұрақты және іс-әрекет ететін гуманизацияланған фактор емес, сонымен бірге қоғамның толық факторы; балаларға қоғам тарапынан жағымсыз (антигумандық) әсер еткенде қарсы тұратын шынайылық (әсер ету күші бойынша шешуші болмаса да); бұл әлеуметтік-мүліктік, ұлттық (рес-слоения) күрт жағдайларында балалардың айқындалған топтарын шынайы адами және әлеуметтік қорғаудың алтын дінгегі болып табылады.

Сонымен, балалар қоғамдық ұйымы бір мезгілде бірлестік те және оның әрбір мүшесі де болып саналатын объектілер мен субъектілердің өзара әрекеттесуі нәтижесі ретіндегі жұмыс болып қарастырылады. Балалар бірлестігі жеткіншекке (объект) іс-әрекетті қызықтыруда қалыптасқан дәстүрлермен әсер ететін құрал (субъект) ретінде, балалардың жолдастық ұжымдыққа деген қажеттілігі – балалар қорғаушысы ретінде рөл ойнайды. Бала жаңа ұстанымды игеру процесінде өзінің бірлестікке, оның жеке мүшелеріне деген жеке тұлғалық әсер етуін күшейтіп, ұйымның және жеке өзінің өмірлік іс-әрекетінің субъектісіне айналады. Дәл осы субъектілі және объектілі рөлдердің өзара әрекеттесуінде балалар бірлестігі мүшесінің ерекше ұстанымы қарастырылады. Жеке тұлғалық сатылар, балалардың оны игерудегі нәтижелері бар балалар және ересектер ұжымдастығының бірлескен күшімен құрылған тәрбиелеу кеңістігіндегі балалардың тұлғалық дамуының көрсеткіші болып саналады.

Балалар қоғамдық ұйымдардағы балаларға қажетті қол жетерлік әлеуметтік маңызды, іс-әрекетпен бірлескен және нәтижесі айқын көрінетін балалар мен ересектердің еркін түрде құрылған достастығы; бұл бірлестік іс-әрекетінің нәтижелеріне белсенді түрде әсер етуін субъекті ретінде бала өзін шынайы көрсете алатын демократиялық құрылым.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында

әлеуметтік-мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру тұлғалық қасиет (әлеуметтік бейімділік, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік тұрақтылық) әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде өзіне тән тәртіп стилі, шығармашылық пен дербестікті дамытуға, қоғамдағы өзгерістерден дереу және тең әсер алу, белсенді өмір ұстанымында болуға ықпал жасайды. [3].

Педагогикалық тұрғыда әлеуметтену – адамның өмір бойы дамуы мен қалыптасуындағы әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды меңгеру үдерісінде қоршаған ортамен өзара іс-қимыл, сондай-ақ, өзі өмір сүретін қоғамда өзін-өзі дамыту және өзін-өзі табысты көрсету.

Әлеуметтік белсенділік – адамның әлеуметтік қарым-қатынас жағдайындағы іс-әрекетті жүзеге асыратын дайындығы.

Жаңа әлеуметтік даму жағдайында тұлғаны әлеуметтендірудің философиялық және педагогикалық-психологиялық негіздерін айқындауда әлеумет, әлеуметтік кеңістік, әлеуметтік даму, тұлғаны әлеуметтендіру мәселелері бойынша ғалымдардың еңбектерін саралай отырып, теориялық негіздерін айқындадық.

Қазақстанда, алыс және жақын шет елдерде қазірге дейін тұлғаны әлеуметтендіру мәселесін тәрбиелеу тұрғысынан қарастырып келді. Қоғамдық үдерісінің жылдам дамуы, техникалық прогрестердің жылдам жетілуі әлеуметтендіру мәселесіне баса назар аударуға мәжбүрледі. Әсіресе, әлеуметтік педагогика, әлеуметтік тәрбие, әлеуметтендіру мәселесіне ғылыми - зерттеу жұмыстары көптеп жүргізілді.

Тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының мынадай бағыттары айқындалады: азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие; рухани-адамгершілік тәрбиесі, отбасы тәрбиесі; өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру; коммуникативті мәдениетті қалыптастыру; экологиялық тәрбие; эстетикалық тәрбие; дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру; еңбек және экономикалық

тәрбие; кәсіби-шығармашылық тәрбие; интеллектуалды мәдениетті дамыту.

Оқушылар қоғамдық ұйымдарындағы негізгі әдіснамалық ұстанымы өкіметтің білім мен ғылым саласы бойынша дайындаған құжаттары, тұжырымдамалары және ғалымдардың негізгі идеялары.

Мектептегі оқушыларды қоғамдық ұйымдарда әлеуметтендіруде біз төмендегі негізгі міндеттерді басшылыққа алдық:

- балалар мен жастар тәрбиесінің болашағын, саяси және әлеуметтік маңыздылығын өзектілендіру;

- интеллектуалдық, педагогикалық ұйымдастырушылық, тәрбие міндеттерін жүзеге асыруды шоғырландыру;

- ашық ақпараттық, білім беру, коммуникативтік, әлеуметтік және тұлғалық кеңістікті құру, балалар мен жастардың жауапкершілікті және өз бетінше болу қажеттілігі үшін тәрбие ортасын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің рухани, интеллектуалдық және өз денсаулығы мен өмірі, әлеуметтік біліктілігі мен жауапкершілігін көтерудің ұйымдастырушылық жағдайларын жасау;

- балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне толеранттылық, келісім және ұлтаралық мәдениет пен қарым-қатынасты тәрбиелеу;

- қоғамға, қоршаған ортаға, табиғатқа позитивті көзқарас қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік педагогикалық жағдай жасау;

- кәсіби бағдар мен тұлғаның өзін-өзі іске асыруына және өз білімін үздіксіз жетілдіру қажеттілігіне жағдай жасау.

Әлеуметтік кеңістік дегеніміз – күн сайын баланың алдында сөздер, қимыл, іс-әрекет, мінез-құлық ретінде немесе ерекше заттар, интерьер, ғимарат, көлік т.б. ұғымдар бейнесінде келген әлеуметтік қатынастардың алуан түрлілігі. Әлеуметтік қатынастардың түрлілігі өз бойында дәстүрде, моральдық құндылықтарда, өнерде, ой-санада, ғылымда бекітілген тарихи тәжірибені қамтиды.

Профессор В.И.Смирнованың [4] әлеуметтендіруге берген анықтамасы «әлеуметтік тәжірибе және әлеуметтік байланыс бары-

сында әлеуметтік ортаға тән құндылықтарды, тұлғалық қалыптарды, мінез-құлықты менгеру», - деп қарастырады. Тұлғаның әлеуметтендіру әлеуметтік ортаға, қоғамдық санаға байланысты тұлғаның дамуына жағдай жасайды.

Әсіресе тұлғаны әлеуметтендіру мәселесі зерттеуінде негізгі орын алады. «Тұлғаның әлеуметтік қалыптасу педагогикасы» атты зерттеуінде тұлғаны әлеуметтік қалыптастыру үздіксіз жүргізілетін табиғи үдеріс деп қарастырады. Адамның тұлға болып қалыптасуы өзіне байланысты екеніне тоқтала отырып, ол өмірде өзін қалай іске асырады және оның өмірлік іс-әрекеті ортаға қалай ықпал ететінін теориялық-әдістемелік тұрғыда негіздейді. Көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуі оның әлеуметтік дамуына байланысты болатынын атап өтеді.

Л.В. Мардахаевтың [5] тұжырымы бойынша әлеуметтік құндылықтың өзі қоғам, әлеуметтік топ және тұлға, яғни қоғамдық сананың табыстары мен адам тудырған мәдениеттер, адамгершілік және эстетикалық талаптар.

Сонымен қатар, ғалым әлеуметтендірудің түрлерін атап өтеді: туыстық (ер және қыз бала, ата ана, келін, т.б.), әлеуметтік-тұрмыстық (отбасының әлеуметтік жағдайлары), кәсіби-еңбек (тұлғаның кәсіби іс-әрекеті), мәдени-топтық (адамның қоршаған аймақтық ортасына байланысты қалыптасатын ерекшеліктері) деп бөліп көрсетеді.

Аталған мәселе А.В.Мудриктің зерделеуі бойынша тұлғаны әлеуметтендіру кезеңдерінде баланың жас ерекшеліктеріне байланысты даму үдерісін жатқызады [6]. Тұлғаның әлеуметтенуіне ықпал ететін үш фактор: макрофактор – космос, әлемшар; мезофактор – этномәдени және аймақтық жағдайлар, жұртшылық, ақпараттық коммуникациялық орта; микрофактор – отбасы, балабақша, мектеп, мектеп ұжымы, қоғамдық ұйым қоғамдық қозғалыстар және т.б. әлеуметтендіру институттары деп қарастырады.

Тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі құралына: тіл, тұрмыстық жағдайлар, материалдық мәдениет, рухани мәдениет, қарым-қатынас

түрі және мазмұны, тұлғаның өмірлік әрекеттерге, қарым қатынастарға бейімделуі, т.б.

Ю.В.Василькова тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына аса мән берген ғалымдардың бірі. Тұлғаны әлеуметтендіру ұғымын былай деп түсіндіреді:

«Тұлғаны әлеуметтендіру дегеніміз – олардың тілі, тұрмыстағы іс-әрекеті, тәртібі, шығармашылыққа қабілеті, өз халқының мәдениетін қабылдауы тұрғысынан қарастырады. Тұлғаны әлеуметтендіруді әлеуметтік тәрбиемен байланыстыра қамтиды. Әлеуметтік тәрбиенің негізгі міндеттеріне: әр тұлғаға жекелей көмек – отбасында, мектепте әртүрлі кризистік жағдайлардан шығу, құқығын қорғау, денсаулығын сақтауға жағдай жасау, өз өмірлерін қалыптастыруға көмекке келу, т.б. [7].

Әлеуметтік тәрбиенің негізгі ұстанымы: табиғи сәйкестілік – баланың қабілетін білу және соған лайықты ықпал ету; халықтық ұстаным – ұлттық мәдениет, тіл, салт-дәстүрді ескеру; ізгілік ұстанымы – дене, рухани-адамгершілік, т.б. жекелей ықпал ету; әлеуметтік жауапкершілік ұстанымы - тұлғаның шығармашылық дамуын іске асыру, дарынды балаларға жағдай жасау, дене мәдениетінің кемістігі бар балаларға қолдау көрсету, т.б. тұжырымдайды.

Тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы оның психикасына тығыз байланысты болады. Біз, бұл жерде С.Выготскийдың балаға ықпал ететін тіке және жанама ықпал ету қатынастарды негізге алдық. Балалар қоғамдық ұйымдарында тұлғаға олардың бір-біріне субъект тұрғысынан ықпал етуі психология ғылымында қалыптасқан арнайы жанама ықпал ету үдеріс негізінде іске асады [8].

Біз зерттеу барысында тұлғаны әлеуметтендірудің теориялық негіздерін айқындау үдерісінде алыс және жақын шетел ғалымдарының еңбектеріндегі тұлғаны әлеуметтендіру этаптарына, баланың жас ерекшеліктеріне, тұлғаға ықпал ететін негізгі факторлар (макрофактор, мезофактор, микрофактор) тұрғысынан қарастырдық. Расында жоғарыдағы аты аталған ғалымдар тұлғаны

әлеуметтендіруді әлеуметтік тәрбиемен байланыстыра қарастыра отырып, тұлғаны әлеуметтендіруде әлеуметтік тәрбиенің негізгі міндеттерін әр тұлғаға жекелей көмек, әлеуметтік ортада кризистік жағдайлардан шығудың жолдарын таба білу, құқығын қорғау, денсаулығын сақтау, т.б. негізге алдық. Әлеуметтік тәрбие тәрбиенің басқа түрлерімен өзара сабақтастықта жүйелі түрде тұлғаны әлеуметтендіруде кіріктіріле жүргізіледі.

С.Выготский өзінің «Тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы» атты еңбегінде, адамның әлеуметтік дамуы, тұлғаны әлеуметтендіру – әлеуметтік-педагогикалық құбылысы, адам өмірінің әр кезеңіндегі тұлғаны әлеуметтендірудің ерекшеліктеріне тоқталады. «Тұлғаның әлеуметтік дамуы – тұлғаны әлеуметтендіруде және тәрбиелеуде құрылымындағы сандық және сапалық өзгерістері» тұрғысынан қарастыра отырып, әлеуметтендіру - әлеуметтік байланыстар мен әлеуметтік тәжірибеге байланысты тұлға өмір сүрген ортада, топта, әлеуметтік қауымдастықта тілді, әлеуметтік құндылықтар мен тәжірибені, мәдениетті менгеруі арқылы тұлғаның қалыптасу үдерісі», - деп тұжырымдайды. Тұлғаны әлеуметтендіру ортасы – тұлғаға тікелей және жанама түрде ықпал ететін орта, яғни отбасы, балабақша, мектеп, мектеп ұжымы, қоғамдық ұйым, қоғамдық қозғалыстар, қоғамдық бірлестік, ақпараттық орта, кітап, т.б.

Ғалымның тұжырымы бойынша әлеуметтік құндылықтың өзі қоғам, әлеуметтік топ және тұлға, яғни қоғамдық сананың табыстары мен адам тудырған мәдениеттер, адамгершілік және эстетикалық талаптар.

Расында да, балалар қоғамдық ұйымының кеңістігінде қоғамдық сана мен жеке дара (индивидуалды) философиялық көзқарасқа негізделеді. Зерттеуге ұсынылған мәселелер әртүрлі қоғамдық институттардың әлеуметтік прогресске ықпалын түсіндіріп, философиялық білімнің осы бөліміне ерекше қызығушылық көрсетеді. Әдістемелік бағыт балалар қоғамдық ұйымының жасөспірімдердің ықпалын, заңдылықтарын, тенденцияларын,

қайшылықтарын, жағдайын, әлеуметтік-педагогикалық факторларын анықтауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдары туралы» Заңы. 1996 жылғы 31 мамыр айындағы № 3-1 бекітілген.

2 Кирпичник А.Г. Если цель у детского объединения педагогическая, оно не может быть общественным / А.Г.Кирпичник // Детское движение: инф.-метод. Материалы. – Вып.2.–2002.–с.23-33.

3 Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығы. – Астана. – 2009. – 16 қараша.

4 Смирнова В.И. Общая педагогика – М.: Логос, 2003. – 304 с.

5 Мардахаев Л.В. Социальная педагогика. – М.: Гардарики, 2008. – 269 с.

6 Мудрик А.В. О воспитании старшеклассников: Кн. для кл. руководителей. – М.: Просвещение, 1981. – 176 с.

7 Василькова Ю.В. Социальная педагогика. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 448 с.

8 Выготский Л.С. Педагогическая психология // Психология: классические труды. – М.: Педагогика, 1996. – 280 с.

9 Волохов А.В. Социализация ребенка в детских общественных организациях (вопросы теории и методики) монография / А.В. Волохов. – Ярославль: Изд-во ЛГПУ им.К.Д.Ушинского, 1999.–270с.

10 Кульпединова М.Е. Воспитание личности в деятельности детских общественных объединений: концептуальный подход / М.Е.Кульпединова // Теория, история, методика детского движения. – Кострома, 2002.–с.119-124.

С.В. АЛЁХИНА

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ГОТОВНОСТЬ ВОСПИТАТЕЛЯ К РАБОТЕ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Статья посвящена проблеме готовности воспитателей дошкольных образовательных учреждений к реализации инклюзивного образования. Описываются основные профессиональные трудности воспитателя, связанные с эмоциональным принятием и знаниями особенностей развития детей с особыми образовательными потребностями.

Мақала мектепке дейінгі білім беретін мекемелер тәрбиешілерінің инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға дайындығы мәселесіне арналған. Тәрбиешінің мүмкіндігі шектеулі балалармен тікелей өзара әрекеттесуімен, ерекше білім беру талаптарымен бірге балаларды дамыту және көңіл-күймен қабылданған білімімен байланысты.

Annotation

The article deals with preparedness of educators of preschool educational institutions in implementing the inclusive education. The article presents data that illustrate the basic parameters of the professional and psychological readiness of teachers to help disabled children in joining the educational process. The major professional educator difficulties associated with direct interaction with children, the emotional acceptance and the knowledge of peculiarities of children's development with special educational needs is described.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дошкольное образование, профессиональная позиция воспитателя, готовность воспитателя, психологическая готовность, профессиональная готовность.

Развитие инклюзивной практики - совместного обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями (ОВЗ) и не имеющими таких ограничений - является одной из актуальнейших задач современного образования в России. Создание такой образовательной среды, которая способствует включению всех детей, в том числе детей-инвалидов и детей с ОВЗ, в образовательную и социальную жизнь по месту жительства, учитывая их потребности и возможности, позволяет детям быть успешными, ощущать собственную безопасность и сопричастность к обществу. В Указе Президента РФ «О Национальной стратегии действий в интересах детей на 2012 - 2017 годы» (от 1 июня 2012 г. № 76) подчеркивается, что реализация права детей-инвалидов и детей с ОВЗ на инклюзивное образование должна быть гарантирована на всех его уровнях – от дошкольного образования до получения профессии [1].

Насколько ребенок с ОВЗ сможет полноценно жить, быть включенным в социум, во многом зависит от первой ступени его образования – дошкольного образования. На этом этапе жизни, «ступени одушевления», как говорит о ней В.И. Слободчиков, ребенок активно овладевает культурными навыками и способностями, определяющими, в дальнейшем, закономерности и результаты его психического развития. Начиная ориентироваться в общем смысле человеческой деятельности, ребенок, приобретает опыт сотрудничества и общения со взрослыми и детьми, усваивая при этом первичные этические нормы поведения [2].

Разнообразие форм дошкольного образования, которое успешно развивается в России в течение последних нескольких лет, обеспечивает развитие инклюзивной образовательной вертикали в системе общего образования. Для ребенка с ОВЗ в соответствии с его способностями и возможностями разрабатывается

индивидуальный образовательный маршрут. Посещение ребенком «Лекотеки», «Службы ранней помощи», «Консультативного пункта», обеспечивает гибкое включение ребёнка и готовит ребёнка к посещению массовой группы детского сада. Ребенок осваивает навыки самообслуживания, привыкает к режиму дня, учится играть и элементарно взаимодействовать с детьми и взрослыми. Благодаря этому, количество детей, которых можно начинать постепенно включать в дошкольные образовательные учреждения (ДОУ) увеличивается. Однако, желания родителей ребенка с ОВЗ и его готовности к посещению ДОУ недостаточно для качественного осуществления инклюзивной практики. Воспитатели детских садов, являющиеся ключевой фигурой дошкольного образования, испытывают сложности при обучении и воспитании детей с ОВЗ совместно с их нормативно развивающимися сверстниками. Именно неподготовленность педагогов к работе с разными категориями детей, объединенных в одной группе, является одной из проблем в реализации инклюзивного образования в детском саду.

Изучению практики интегративного и инклюзивного образования в дошкольной ступени образования уделяют внимание как российские, так и зарубежные исследователи (Бурмистрова Е.В., Волосовец Т.В., Гаврилушкина О.П., Екжанова Е.А., Кутепова Е.Н., Малофеев Н.Н., Назарова Н.М., Приходько О.Г., Стребелева Е.А., Семаго Н.Я., Warming H., Sandberg A, Ottosson L., Dicarolo S.-F., Reid P.-H., Stricklin S.-B.). Ученые подчеркивают необходимость для воспитателя изменить те устоявшиеся нормы и ценности, которые противоречат идеям реализации инклюзивной практики. В новых условиях, у педагогов меняются установки в отношении обучения и воспитания детей с ОВЗ, отличающихся от сверстников. Они учатся работать с ребенком в меняющихся условиях и гибко реагировать

на происходящие изменения, преодолевая стереотипы педагогического мышления.

Содержание и организацию образовательного процесса, в том числе инклюзивного, определяют Федеральные государственные требования (ФГТ) к структуре основной общеобразовательной программы дошкольного образования. Они направлены на формирование общей культуры, развитие физических, интеллектуальных и личностных качеств, формирование предпосылок учебной деятельности, обеспечивающих социальную успешность, сохранение и укрепление здоровья детей дошкольного возраста, коррекцию недостатков в физическом и (или) психическом развитии детей [3]. Обязательным для программы является раздел, описывающий содержание коррекционной работы образовательного учреждения. В нем педагоги ДОО представляют систему работы по выявлению особых образовательных потребностей детей с ограниченными возможностями здоровья; процесс реализации индивидуально ориентированной программы психолого-медико-педагогической помощи; возможность освоения детьми образовательной программы и их включения в образовательное учреждение. Большинство направлений образовательной программы реализует воспитатель. В том числе, именно воспитатель выстраивает отношения в детском обществе и взаимодействие с родителями. Каким образом это будет происходить при включении в группу сверстников ребенка с ОВЗ, во многом зависит от профессиональной позиции педагога.

Под профессиональной позицией педагога ДОО как воспитателя мы понимаем ответственный способ реализации педагогом собственных базовых ценностей в деятельности по созданию условий для развития ребенка - дошкольника. Характер данной позиции определяется, во-первых, тем, какие ценности являются базовыми для педагога, во-вторых, тем, насколько адекватны ценностям избираемые педагогом формы, методы и средства воспитательной деятельности. Говоря о модели профессионализма воспитателя, реализующего инклюзивный подход, не-

обходимо учитывать следующие четыре ее составляющие: *философско-мировоззренческий блок*, в который входят базовые ценности и цели воспитателя, его ответственность за развития субъектности других участников образовательного процесса; *педагогический блок*, в который входят знание принципов инклюзивного образования, деятельности и способов построения отношений между его субъектами (как взрослыми, так и детьми) при включении в образовательное пространство ребенка с ОВЗ, реализация этих знаний на практике, целепологание и планирование содержания образовательной деятельности; *предметно-психологический блок*, который включает формы и методы работы воспитателя с ребенком с ОВЗ с одной стороны и с группой детей, в которой совместно обучаются и воспитываются разные дети – с другой и с родителями – с третьей; *рефлексивно-методологический блок*, который включает взятие воспитателем на себя ответственности за собственную профессиональную деятельность, ценности профессионального роста и средства проектирования своего профессионального развития: рефлексивность, коммуникация, кооперация [4].

Создание специальных образовательных условий для ребенка с ОВЗ в дошкольной группе требует изменения профессиональной позиции педагога и проектирование собственной педагогической деятельности. В данной ситуации является актуальным изучение готовности воспитателей общеобразовательной группы к реализации инклюзивного образования, разработка и внедрение его методического сопровождения.

Под готовностью педагога к реализации инклюзивного подхода в образовании мы понимаем сложное, целостное, личностное образование, представляющее совокупность социальных, нравственных, психологических и профессиональных качеств и способностей, позволяющих на высоком мотивационном уровне обеспечивать возможность результативной деятельности по включению ребенка с ОВЗ в массовое образование [5]. Готовность воспитателя к работе в условиях инклюзив-

ного образования рассматривается авторами через два основных показателя: профессиональная готовность и психологическая готовность.

Структура профессиональной готовности воспитателей к реализации инклюзивного подхода в образовании выглядит следующим образом: информационная готовность; знание основ психологии и коррекционной педагогики; знание индивидуальных особенностей воспитанников, профессиональные ориентиры педагога; готовность к профессиональному взаимодействию и обучению; опыт работы с детьми с ОВЗ. Структура психологической готовности выглядит следующим образом:

1) эмоциональное принятие детей с различными типами нарушений в развитии (принятие - отторжение), которое определяется степенью выраженности эмоциональных затруднений в процессе включения;

2) нравственные установки и принципы, ценностно-смысловые установки восприятия «другого», определяющие отношение к идеи инклюзии;

3) личностная готовность, воплощённая в личностных установках на ребенка с инвалидностью, внутренняя детерминация активности личности педагога; мотивационная готовность; тревожность, связанная с внедрением инклюзивного образования.

На основании данной модели была разработана программа мониторингового исследования, реализованная в одном из округов города Москвы. Исследование было проведено в 2011-2012 г. методом анкетного опроса воспитателей детских садов⁵. В нем приняли участие 227 педагогов детских садов. Результаты исследования показали несколько ярких противоречий в готовности воспитателей детских садов к реализации инклюзивной практики. Остановимся на основных из них. Первый, важный на наш взгляд показатель, это опыт работы воспитателей с детьми с ОВЗ.

Большинство воспитателей (77%) имеют какой-либо опыт работы с ребенком с ОВЗ. Однако, этот опыт очень разный. Группа педагогов, которые работают в коррекционных и комбинированных детских садах, и реализуют инклюзивное образование составили лишь 24%. Остальные педагоги взаимодействуют с детьми с ОВЗ в отдельных режимных моментах таких, как прогулка, праздники, гостевые визиты. Отметим, что под инклюзивным образованием подразумевается совместное обучение (воспитание), включая организацию совместных учебных занятий, досуга, различных видов дополнительного образования, лиц с ограниченными возможностями здоровья и лиц, не имеющих таких ограничений [6]. В связи с этим, значимым для исследования фокусом стало изучение объема знания воспитателя о том, что такое инклюзивное образование. Это является важным для понимания воспитателем направления и содержания собственной педагогической деятельности. Анализ результатов показал, что половина воспитателей имеет разрозненную, неструктурированную, требующую дополнения и уточнения информацию об инклюзивном образовании. 12% опрошенных воспитателей отметили, что с данным понятием вообще не знакомы.

Для реализации образовательного процесса в группе, состоящей из разных детей, воспитателю необходимо обладать специальными знаниями и умениями из области коррекционной педагогики, понимание закономерностей развития детей с ОВЗ, психологические особенности семьи, воспитывающей такого ребенка. Воспитатели испытывают сложности в способах адаптации образовательной программы к работе с ребенком с ограниченными возможностями здоровья. Большинство воспитателей осознают недостаточность собственных знаний в области обучения и воспитания детей с ОВЗ и отмечают, что они познакомились с ними только в

⁵ Мониторинговое исследование и методическая работа были проведены при участии методиста М.В.Кузнецовой (г.Москва).

рамках программ при обучении в ВУЗе (36%). При этом, они демонстрируют заинтересованность и активность в поиске необходимой информации: участвуют в различных мероприятиях по данной тематике (10%), занимаются самообразованием (28%), посещают курсы повышения квалификации (26%). Кроме этого, достаточно остро для воспитателей стоит вопрос взаимодействия с родителями: как с родителями детей с ОВЗ так и с родителями их нормативно-развивающихся сверстников в условиях инклюзии. Воспитатели ожидают как негативное отношение со стороны родителей здоровых детей (21%) так и страх родителей детей с ОВЗ перед пребыванием ребенка в массовой группе (7%).

Анализ данных мониторинга показал, что важным аспектом, влияющим на работу воспитателя, является организация инклюзивного образовательного процесса администрацией детского сада. Каждый второй воспитатель ожидает поддержки своей деятельности со стороны руководства ДОУ, 21% воспитателей – в обеспечении специальных образовательных условий для детей с ОВЗ, 14% воспитателей ожидают дополнительное материальное вознаграждение (доплаты, система льгот и т.д.).

Одной из ярко выраженных выявленных проблем стала мотивационная готовность воспитателя к включению ребенка с ОВЗ в группу. Значительная часть участников мониторинга (42%) незамотивированы на совместное обучение и воспитание детей. Только каждый третий воспитатель начинает работать с детьми с ОВЗ исходя из понимания того, что эти дети имеют такие же права на получение образования, что и дети с возрастной нормой.

В ситуации активного внедрения инклюзии в условиях отсутствия необходимой информации у воспитателей повышается уровень тревожности, выражение которой может приобретать различные формы от страхов и опасений до негативных эмоциональных реакций и действий. Половина респондентов (55%) испытывают опасения, связанные с недостаточной компетентностью собственного профессионального уровня для работы в ин-

клюзивном образовании, из них 32% сомневаются в собственной технологической и методической готовности, 23% - в эффективности имеющихся у них способов организации групповых коммуникационных процессов.

Таким образом, результаты исследования показывают необходимость специального методического сопровождения профессиональной деятельности воспитателя для обеспечения его готовности к реализации инклюзивного образования. При этом необходимо учитывать то, что воспитателям необходима информация, разъясняющая особенности интегративного и инклюзивного образования, разработку и реализацию индивидуального маршрута ребенка с ОВЗ и индивидуальной образовательной программы, приемы включения ребенка в детскую общность, особенности взаимодействия с родителями.

С учетом результатов первого среза мониторингового исследования была разработана система семинаров и индивидуальных консультаций для воспитателей детских садов, которая велась по нескольким направлениям: повышение уровня информированности педагогов по вопросам возможностей и особенностей обучения и воспитания детей с различными ограничениями здоровья в условиях инклюзии, обучение педагогов формам и методам работы с такими детьми, коммуникация всех участников образовательного процесса. В этой логике были сформулированы темы семинара-практикума для педагогов ДОУ и спланировано их индивидуальное консультирование. Приведем примеры тем проблемного семинара-практикума:

- «Особенности включения ребенка с расстройствами аутистического спектра в группу детского сада».
- «Особенности включения ребенка с ментальными нарушениями в группу детского сада».
- «Включение слабослышащего ребенка в группу ДОУ».
- «Включение ребенка с особыми образовательными потребностями в детское сообщество дошкольного образовательного учреждения».

- «Использование настольных игр и игровых приемов в условиях включения ребенка с нарушениями в развитии в массовую группу детского сада: формирование элементарных математических представлений и развитие речи».

- «Использование игры для адаптации детей с ОВЗ младшего дошкольного возраста».

- «Организация взаимодействия с родителями детей, посещающих инклюзивные группы детского сада».

- «Организация совместной деятельности педагогов ДООУ при включении ребенка с ОВЗ в образовательное пространство детского сада».

- «Взаимодействие школы и детского сада с целью непрерывного сопровождения ребенка с ОВЗ».

Мероприятия проводились в интерактивной форме. В процессе разбора конкретных случаев из практики, просмотра и анализа открытых занятий, обсуждения видеоматериалов и прочитанной литературы, проектирования фрагментов образовательного процесса, ведущие семинаров создавали специальные условия, запускающие процессы профессиональной кооперации, коммуникации, рефлексии. Коммуникация между участниками семинара способствует их самоопределению, пониманию и принятию других людей, других ценностей и позиций. В процессе кооперации, у участников семинара-практикума появляется новое понимание проблемных ситуаций дошкольной инклюзии и возможности их разрешения в условиях новых профессиональных коммуникаций. Ведущим фактором в развитии профессиональной рефлексии воспитателя становятся специально организованные условия для аналитического осмысления им своего практического опыта. Основной целью данных форм методического сопровождения является развитие способности к профессиональной рефлексии, формирование установки к активному анализу своих действий, осмыслению своего профессионального «Я». Это является одним из механизмов, запускающих изменение профессиональной позиции воспитателя.

Кроме методистов и старших воспитателей детского сада к методическому сопровождению были подключены и педагоги-психологи, которые работали с эмоциональным состоянием воспитателей, разбирали конкретные примеры из практики воспитателей, помогали выстроить взаимодействие с родителями, снять тревогу и напряженность.

Через год был проведен второй срез мониторингового исследования на той же выборке в тех же образовательных учреждениях. Результаты второго среза мониторингового исследования готовности воспитателей к реализации инклюзивного подхода в образовании показали положительную динамику по многим параметрам. По сравнению с первым срезом данных, увеличилось количество педагогов, которые организуют совместную образовательную деятельность с включением в нее детей с ОВЗ (на 14%). Этому может быть несколько объяснений: масштабирование самой инклюзивной практики в детских садах, увеличение количества детей в ОВЗ в учреждениях вследствие введения электронной записи и территориальной принадлежности ДООУ к месту проживания ребенка, изменение мотивированности воспитателей на совместное обучение и воспитание ребенка с ОВЗ.

Возвращаясь к вопросу знаний воспитателями основ коррекционной педагогики и специальной психологии, отметим, что за год увеличилось количество воспитателей, занимающихся самообразованием (до 30%). Такая тенденция связана с развитием профессионального самоопределения воспитателя, актуальными профессиональными потребностями, поиском информации в различных источниках. Можно предположить, что разработка системы мастер-классов с обсуждением конкретных приемов в организации взаимодействия детей станет эффективной формой методического сопровождения. Интересным наблюдением является следующее: для воспитателей было проведено большое количество мероприятий, направленных на расширение общих знаний по основным типам отклонений в развитии детей. Но, второй опрос

показал, что количество педагогов, заинтересованных в получении знаний по основным отклонениям в развитии детей (нарушение слуха, зрения, опорно-двигательного аппарата, интеллектуальных нарушений) уменьшилось. Основным интерес воспитателей стал направлен на особенности и возможности конкретного ребенка, посещающего их группу в детском саду. Это же подтверждает динамика, наблюдаемая в группе воспитателей, опирающихся на собственные наблюдения за развитием ребенка при оценке результативности включения ребенка с ОВЗ в образовательное пространство (34% воспитателей). Для воспитателя становится важным индивидуализация программного материала и создание условий его освоения всеми детьми.

С увеличением опыта работы с детьми с ОВЗ воспитатели столкнулись с необходимостью специальной организации взаимодействия детей в группе, что отмечают 28% опрошенных. Без встраивания детей с ОВЗ в систему отношений в группе, инклюзия будет носить формальный характер. Выработка эффективных коммуникаций и взаимодействия детей требует специального совместного обсуждения воспитателя с другими специалистами: педагогами-психологами, учителями-логопедами, учителями-дефектологами и др. Важность совместного комплексного психолого-педагогического сопровождения ребенка осознают большинство опрошенных воспитателей (58%).

Определенная положительная динамика наблюдается и в мотивации воспитателей к включению детей с ОВЗ в совместную деятельность. У 44% опрошенных преобладающим мотивом становится восприятие ребенка с ОВЗ, как обычного ребенка, имеющего ряд особенностей, признание права такого ребенка на те же условия и возможности в воспитании и обучении, как и у всех остальных детей. Развитие инклюзивного дошкольного образования требует изменения установок и ценностей воспитателей. Такие изменения не происходят мгновенно, а занимают опре-

деленное время и связаны со значительной переоценкой концепций и поведенческих ролей [7]. Как показали данные проведенного мониторингового исследования, положительные изменения в дошкольном инклюзивном образовании возможны при наличии целенаправленного методического сопровождения. При этом воспитатели содержательно, ответственно и профессионально включаются в образовательный процесс. У них активизируются знания по особенностям и возможностям ребенка с ОВЗ, но и появляется собственный опыт проектирования образовательного процесса в условиях включения в него ребенка ОВЗ и взаимодействия с остальными субъектами образовательного процесса ДООУ. Все это говорит об острой необходимости дальнейшего обсуждения готовности педагогов дошкольных образовательных учреждений к реализации инклюзивной практики и разработки системы сопровождения педагогов, работающих с детьми с ОВЗ, включающей как педагогическую, так и психологическую составляющие.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 «О Национальной стратегии действий в интересах детей на 2012 - 2017 годы», указ Президента РФ (01.06.2012 г. № 76). [Электронный документ]. URL: <http://edu-open.ru/Default.aspx?tabid=83>.
- 2 Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Психология развития человека. Развитие субъективной реальности в онтогенезе. – М.: Школьная пресса, 2000. – С.194-196, 262-270.
- 3 «Об утверждении и введении в действие федеральных государственных требований к структуре основной общеобразовательной программы дошкольного образования». Приказ Министерства образования и науки РФ №655 от 23.11.09. [Электронный документ]. URL: <http://www.rg.ru/2010/03/05/obr-dok.html>.
- 4 Бурмистрова Е.В., Федорова Л.И. К вопросу о развитии профессиональной пози-

ции педагогов дошкольного образовательного учреждения // Человеческий капитал. – М. – 2010. – № 7. – с. 120-123.

5 Алёхина С.В., Алексеева М.Н., Агафонова Е.Л. Готовность педагогов как основной фактор успешности инклюзивного процесса в образовании. // Психологическая наука и образование. – 2011. – №1.

6 Инклюзия как принцип современной социальной политики в сфере образования: механизмы реализации / под ред. П. Романова,

Е. Ярской-Смирновой. Серия «Научные доклады: независимый экономический анализ», № 205. – М: Московский общественный научный фонд; Центр социальной политики и гендерных исследований, 2008. – 224 стр.

7 «Об образовании лиц с ограниченными возможностями здоровья в городе Москве», закон города Москвы (28.04.2010, № 16), ст.2, [Электронный документ]. URL: <http://edu-open.ru/Default.aspx?tabid=84>.

А.А. АБСАТОВА

ОЙЫН ТЕРАПИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Ойын – сана сезімді іс-әрекет жiгерi дамуының маңызды бастауы,
қарым-қатынасты үлгілеудің ерекше формасы*

Д.Б. Эльконин

Аннотация

Мақалада ойын терапиясының ерекшеліктері және оның қызметі мен бағыттары туралы айтылады.

В статье рассматриваются особенности игровой терапии, ее функции и направления. В статье исследуются характерные признаки игры как терапии.

Annotation

The article discusses the features of play therapy and the functions and direction.

Түйін сөздер: ойын, бала тұлға, ойын терапия ерекшеліктер.

Адам әрекетінің еңбек, оқу сияқты негізгі түрлерінің бірі бұл – ойын. Ойын – бұл ситуациялық жағдайда қоғамдық тәжірибені игеру және қайта туғызуға бағытталған әрекет түрі. Ойын барысында тұлғаның мінез-құлқын өзі басқаруы жетіліп, қалыптасады. Отандық педагогика және психология ғылымдары саласында ойындық әрекет бағдарламасын К.Ушинский, П.Блонский, С.Рубинштейн, Д.Эльконин, шетелде З.Фрейд, Ж.Пиаже және т.б. жасады. Олардың еңбектерінде тұлғаның даму сатыларында, негізгі психикалық қызметтері дамуындағы, тұлғаның өзін-өзі басқаруы мен өзін-өзі билеуіндегі, әлеуметтену үрдісінде – адамның қоғамдық тәжірибені пайдалану және игерудегі ойынның рөлі зерттеліп, негізделген.

Ойын – бұл баланың потенциалды энергиясының көрінуі деп қарастырсақ, бұл баланың орындалмайтын қалауының, ұмтылуының компенсациясы (Фрейд), немесе баланың болашақ өмірге өзін дайындауы (Гросс), немесе органикалық рахат алу құралы (Бюллер) [2].

Л.В.Артемова, В.Ф.Кушина, Р.А.Иванова, И.Б.Теплицкая, Е.И.Щербакова зерттеуле-

рінде ойын әрекетіне қатысты дағды мен икемділікті жетілдіруді жеткіншектерді өз қатарластарымен және ересектермен қарым-қатынасты тиімді жасаудың алғы шарты деп қарастырды [5].

Балаларға ойын арқылы әсер ету жақын аралықта ғана дами бастайды. Ең алғаш оны Анна Фрейд екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Лондонды бомбалаған кезді басынан өткерген балалармен жұмыс істеуде қолданған. Егер бала өзінің қайғы мұңын ойында көрсете алса, онда ол қорқыныштан арылады және оның басынан кешкені психологиялық жарақатқа айналмайды.

Ойын арқылы әсер етудің дамуындағы екінші ірі бағыт 30-шы жылдары Девид Левиннің жұмысының шығуына байланысты пайда болды. Д.Левин жұмысында алдын-ала құралған ойындар мен әсер етудегі қандай да бір психологиялық жарақат жағдайын басынан өткізген балалармен жұмыс істеу кезіндегі әсер ету жайлы ойлар дамыды. Д.Левин ойын балаларға әсер ету мүмкіндігін береді деп сендіруге ықпал жасады.

Дж. Тафт пен Ф. Алленнің «көңіл қою» ойыны деп анықталған зерттеулерінің шығуымен байланысты ойынмен әсер етудің үшінші маңызды бағыты болып табылды.

Ойын әрекетінің төртінші ірі бағыты болып, В. Экслийнның зерттеулері болып табылды. Ол ойынның принципін жақсы қолданды (мысалы, тұлғаның өсуге талпынуы, тұлғаның өзін басқара алу қабілеті).

Ойынның бала өмірінде үлкен орын алатыны ертеден дәлелденген. Тіпті XVIII ғасырда Ж. Руссо былай деп жазған «Баланы жақсы тану және түсіну үшін оны ойын кезінде бақылау керек». Френктің тұжырымы бойынша, бала үшін ойын ешкім үйрете алмайтын нәрсеге үйрету әдісі болып табылады [3].

Үлкендер үшін қарым-қатынас құралы тіл болса, ал балалар үшін ойын және әр түрлі іс-әрекет болып табылады.

З. Фрейд ойынды зерттей келе, бала ойынының мәнін айқын түсініп, ол былай деп жазды: «Біз бала бойында елестің алғашқы белгілерін іздеуіміз керек. Баланың ең сүйікті және тартымды іс-әрекеті ойын. Ойын үстінде бала жазушыға немесе әлемді өзіне қалай ұнатса, солай етіп құрады. Ол өз әлемін шын етіп қабылдамайды десек, қателескен болар едік. Керісінше, ол ойынға шын беріліп және барлық эмоциясын салады» [2].

Ойын әсерлері баланың қажеттіліктерін физиологиялық қанағаттандырады, физиологиялық контактін сезеді, әлеуметтік формадағы агрессияларға жауап қайтарады және қарым-қатынас жасауға үйренеді, үлкендер өміріндегі міндеттерге дайындалады, қиыншылықтарды жеңеді және фрустрациядан арылады. Ойын баланың ішкі әлеміне нақты форма мен өрнек береді, өз жекелігін кеңейтеді. Ойынның негізгі функциясы шын өмірдегі бейнеленбейтін жағдайды бақылауына айналдыру. Бұл балаларда қиыншылықтарды жеңе білуге мүмкіндік беретін символикалық репрезентация арқылы жасалады.

Ойын не үшін қажет деген сауалға атақты психологтар өз еңбектерінде былай жауап береді.

Біріншіден, ойын мінез-құлықтың ырықты дамуының алғашқы баспалдағы, яғни, мектебі дейді психолог Д.Б. Эльконин.

Екіншіден, әйгілі психолог А.Н. Леонтевтің айтуынша ойын іс-әрекеттегі әдептілікке үйрену мектебі блып табылады [3].

Психологиялық бақылаулар мен зерттеулерге жүгінсек егер балаларды екі топқа бөліп ойнатқан жағдайда бірін-бірі жеңуді немесе бір-бірімен дос емес балаларды бір топқа біріктірсек олар ойын үстінде бір-біріне көмектесіп тез тілтабысып кететіндігін аңғаруға болады. Осындай ойындарды ұйымдастыруда ересектер үлкен рөл атқарады.

Үшіншіден, ойын баланың интеллектуалдық ой-өрісінің тереңдей түсуіне, дене бітімі мен ептілік, шапшаңдық қасиеттерін шыңдайтын құрал. Сондай-ақ балалардың кокоммуникативті іс-әрекетті тиімді жүргізу, қажет дағды бірліктері мен қарым-қатынас механизмдерінің сипатын ашады.

Тұлғаның әрекеті ретінде ойын құрылымына келесі:

- мақсаткерлік;
- жоспарлау;
- мақсатты іске асыру;
- тұлға өзін субъект ретінде толық көрсететін нәтижелерді талдау сияқты кезеңдер жатады.

Ойын әрекетінің түрткісі оның еріктілігімен, таңдау мүмкіндігі, жарыс элементтері болуымен қамтамасыз етіледі.

Үрдіс ретінде ойын құрылымына:

- Ойнаушының өзіне таңдаған рөлдері;
- Сол рөлдерді іске асыру құралы ретіндегі ойын элементтері;
- Нәрселердің ойындық қолданылуы, яғни шынайы нәрселердің шартты түрде не ойын түріне ауыстырылуы;
- Ойнаушылар арасындағы шынайы қарым-қатынастар.

Сюжеттік ойындардың құрылымдық компоненттері:

Сюжет (мазмұн) – ойын барысында шартты түрде алынатын шындық саласы. Мақсат пен әрекет ойында үйлесім табады. Үлкендерге еліктейді, ішкі мотивтің талаптануына сай бала өзіне белгілі бір рөл алады да, өзіне бұл әрекетті бейнелеу қызық болады.

Баланың құрылыс материалымен ойнауы бұл құрылыс салуды мақсат ету емес, ойнау

– осындай ойын әрекетінің жалпы формуласы (А.Н.Леонтьев).

Баланың өмірден алатын сюжеті:

- Тұрмыстық ойында;
- Қоғамдық ойында бала үйренеді:

Қарым-қатынасқа түсе білу;

Өз әрекетін басқаның әрекетімен келісімге келу;

Өзара түсіністік, өзара көмек.

С.А. Шмакова бойынша көптеген ойындарға тән ортақ белгілер деп төмендегілерді айтуға болады:

- тек қана нәтижесінен ғана емес, әрекет үрдісінің өзінен де ләззат алу үшін баланың тілегімен ғана қабылданатын, еркін дамытушы әрекет (әрекеттік (процедуралық) ләззат);

- елеулі мөлшерде суырып салмалық, шығармашылық, осы әрекеттің белсенді сипаты («шығармашылық аясы»);

- әрекеттің эмоцияналды көтеріңкілігі, бәсекелестік, жарыс («эмоционалдық қуат»).

Ойын мазмұнын, оның дамуын логикалық және мерзімдік, уақыт тұрғысынан бейнелейтін тікелей және жаңа ережелердің болуы.

Ойындық әрекет бағдарламасын зерттеген ғалымдар пікірінше ойын педагогикалық және психологиялық мәдениет феномені ретінде төмендегідей қызметтерді атқарады:

Әлеуметтендіру қызметі.

Өйткені, ойын – баланы күшті қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізу және оған мәдениет байлығын игерту құралы.

Ұлтаралық қатынас құралы қызметі.

- педагогтердің-пән оқытушыларының толық оқу жүктемесімен қамтамасыз етілмеуіне, басқа мамандық иелерінің пәндерді жүргізуіне себепші болатын жоғары оқу орындарында, арнаулы оқу орындарында мұғалімдерді даярлаудағы мамандандырудың бір бейінділігі;

- педагогтерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың арнайы білім беру бағдарламаларының жоқтығына негізделген ШЖМ жағдайында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне мұғалімдердің дайындықсыздығы;

- ШЖМ мұғалімдерінің бірнеше пән бойынша сабаққа дайындалу және біріктірілген сынып-комплектілеріндегі білім беру процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін жұмсалатын уақыттары мен интеллектуалдық ресурстарына сай еңбекақы төлеу, ынталандыру және қолдаудың болмауына байланысты педагогтер ынтасының төмендігі.

- Шағын комплектілі мектептердегі білім беру процесінің мазмұнын қатысты педагогикалық зерттеулер, іс-тәжірибелердің болуына қарамастан осы уақытқа дейінгі педагогтардың, ұстаздардың білім беру саласына дағды күнделікті біз кезігетін түйінді тұсы-педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектерінің мұндай мектептерде жұмыс істеуге дайын емес екендігі, аталған жағдайлар ескерілетін оқытудың белгілі бір жүйесінің жасалмауы.

Осы мектеп түрінің педагогикалық үрдісінің ерекшеліктерін осыған дейін (Н.Д.Хмель,

Н.Н.Хан, С.Т.Каргин, Т.Н.Рябуха) зерттеп, шағын комплектілі мектептердегі педагогикалық үрдісті басқарудағы мұғалімнің теориялық даярлық моделін құрастырып отыр.

Теориялық модельді даярлағанда, оның компоненттері төмендегідей өлшемдермен көрсетілген:

- шағын комплектілі мектептердегі жұмысқа мұғалімнің кәсіби бағыттылығы;

- мұғалімнің әрекетінің объектісі ретінде педагогикалық үрдістің маңыздылығын білуі;

- білім беруді жеке тұлғалық бағытталуының гуманистік қажеттілігін біліп-сезінуі;

- шағын комплектілі мектептердегі педагогикалық үрдістің ерекшеліктерін білуі;

- пәнаралық шоғырландыруды іске асыру технологиясын игеру;

- шағын комплектілі мектептердегі педагогикалық үрдісті басқаруды жетілдіру тәсілдерін игеру [1].

Осы тұста басты мәселе мұғалімінің педагогикалық қызметінің көп пәнділігін ЖОО мұғалімдерді даярлаудағы мамандандырудың бір бейінділігі жағдайында ескеретін оқыту пәндерін енгізу қажеттілігі. Мұндай мәселеден шығудың бір тетігі ЖОО педагогикалық мамандықтардың элективті пәндері арқылы жаратылыстық-математика бағытының кіріктірілуі мәселелерін оқыту болып табылады.

Элективтік пәндер – белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің, жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп пайда болатын қажеттіліктерін есепке алатын компонентке кіретін оқу пәндері.

Осы орайда болашақ ШЖМ мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуы, пәнаралық шоғырландыруды іске асыру технологиясын игеруі бұл қатаң пәндік және жеке білімнен пәнаралық интеграцияға - әлеуметтік пәнаралық байланыстарды (мазмұнды - ақпараттық, процессуалдық - қызметтік, ұйымдастыру - әдістемелік) нақты педагогикалық процесте

жүзеге асыру үшін мектептің оқу жоспарының пәндерін біріктіруге ауысуға ықпал ете алады. Алайда, болашақ ұстаздарда әлі де кіріктіру ұғымы, кіріктіру үрдісі, оны ұйымдастыру т.б. сұрақтарына қатысты түсінбеушілік бар.

Мұны студенттер арасында өткізілген сауалнамадан байқауға болады. Сауалнамада төмендегі сұрақтарға студенттер өз пікірлерін білдіру қажет болған болатын:

1. «Интеграция» ұғымын қалай түсінесіз?
2. Оқу процесіндегі интеграцияның мәні неде?
3. Шағын жинақты мектептің оқу үрдісіне кіріктіруді (интеграциялауды) енгізуге бола ма?
4. Химия курсы қай пәндерімен кіріктіруге (интеграциялауға) болады?
5. Математиканы қай пәндерімен кіріктіруге (интеграциялауға) болады?
6. Физиканы қай пәндерімен кіріктіруге (интеграциялауға) болады?
7. Биологияны қай пәндерімен кіріктіруге (интеграциялауға) болады?
8. Кіріктірудің (интеграциялаудың) қандай түрін білесіз?

Осы сұрақтар бойынша 87 пайыз студенттер кіріктіруді «пәнаралық байланыстың түрі» деген түсінікпен шектелсе, 15 пайызы «әр пәнге қатысты сұрақтарды жекелеген сабақтарда оқыту» тәрізді ұғым болды, көпшілігі пәнаралық байланысты «химия-биология», «математика-физика» пәндерімен көрсетті. Демек, болашақ ұстаздармен кіріктіре оқыту сұрақтарын қарастыру, тек шағын жинақты мектептердің оқыту үрдісіндегі мәселелерімен ғана байланысты емес, ол бүтіндей болашақ мұғалімнің кәсіби бағыттылығын іске асырумен астарласып жатыр.

Көпжылдық байқаулар мектеп түлектерінің практикада жекелеген пәндерден алған білім, білік, дағдыларын өзара байланыста қолдана алмайтындарын байқатады. Бұның басты себебі әртүрлі пәндерді оқыту мазмұнының тығыз байланыста емес екендігінде жатыр. Бұл жағдай кіріктірудің бір пәннен екіншісіне білімнің жай ғана көшуі және іс-әрекеттің ауысуы емес екендігіне тірелетін заңдылықты елемеушілікті, оның қазіргі заманғы ғылыми

білімдерді кіріктірудің бағыттарын көрсететін жаңа дидактикалық құрылымдарын жасау үрдісі екендігін көрсетеді.

«Мектеп балаға тұтас білім беруі керек; ол... бір-бірімен ешқашанда байланысы жоқ оқу пәндерінің қойыртпағынан құтылуы қажет. Сондықтан бала танымының пәні оны қоршаған бүкіл шындық пен, біртұтас дүние, баланың назары нақ ортасында оның өзі тұратын, біртұтастық құрайтын қоршаған табиғи және қоғамдық ортаға бағытталады» - деп, В.Н.Максимова кіріктіре оқыту үрдісінің маңызды мәнін ашады[4].

Жетекші педагогтардың көзқарасы қазіргі кіріктірілген сабақтар, пән бойынша және таңдау курсына дағы бағдарламалар, кіріктірілген жобалар тәжірибесі барлығы да әр пәндердің мысалы, физикадан, химиядан, биологиядан іріктелген сұрақтардың жиынтығы деп көрсетеді.

Сондықтан да жаратылыстану-математикалық бағыттарының кіріктірілуі әдістемелік тұрғысына қатысты төмендегідей сұрақтарды шешуге бағытталуы тиіс:

- Таңдалып алынған мамандық шеңберіндегі оқыту бағдарламаларындағы пәндердің тоғысуы кезіндегі «түйіндерді» анықтау;
- Білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, оқытудың мазмұнын кіріктіру үшін тақырыптарды нақтылау;
- Неғұрлым кең ауқымды мазмұнға ие болатын пәнді айқындау;
- Кіріктірілу мазмұнының матрицасын жасау;
- Оқыту үрдісін қамтамасыз ету үшін ақпараттық қорды іріктеу;
- Қазіргі білім беру сапасына қойылатын талаптарды қанағаттандыратын оқыту технологиясы және құралдарын, әдістерді таңдауды жүзеге асыру (оқушылардың пәндік білім мен дағдыларын меңгеруі, білімдерін практикада қолдану біліктері, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуі, топта жұмыс істей алу дағдылары, проблемаларды шеше алу, дамыту және оқи алуы т.б).

Шағын жинақталған мектепте білім алу бағытында оқу модульдік блоктары, болжамдық

карталары, оқу материалын өтудің және оны өлшеудің кестелері негізінде баланың әрекетін дамыту көзделеді. «ШЖМ-ның үлгілік оқу жоспарының ерекшелігі жас ерекшеліктері әртүрлі жастағыларды біріктірілген сынып-кешендерде оқыту негізінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшелігін айқындау болып табылады, яғни вариативтік және оқушылық компонент сағаттарының көбейтілуін анықтайды. Оқу жоспарының вариативтік бөлігі бейіналды даярлық пен бейінді оқытуды көрсетеді, білім алушылардың оқу зертханалары мен шеберханаларындағы оқу-танымдық және зерттеу қызметін ұйымдастыру арқылы таңдау бойынша курстардың практикалық бағыттылығын күшейтеді [5,6]. Олай болса, шағын жинақталған мектептерде оқу үрдісін ұйымдастыру механизмі: көп деңгейлік бағдарламалармен оқыту; оқу материалын жеке бала мүмкіндігіне қарай оқыту; пәндік курстарды блоктар бойынша құру, дидактикалық бірліктердің ірілендірілуі; материалдың өту жылдамдығын ескеру, тарсырмаларды орындауда өзіндік жұмыстардың механизмін енгізу, ауыл оқушыларының өмір тәжірибесіне икемделген оқу материалдарын беру; олардың жеке оқушының қоғамдық және ғылыми тәжірибелермен байланысына жағдай туғызу, оқыту әдістері мен түрлерін классикалық және дәстүрден тыс түрлерін қолдану сұрақтарын ЖОО педагогикалық мамандықтарында элективті курстарды оқыту үрдісінде қарастыру аса маңызды [7].

Пәнаралық кіріктіру мәселесі мектептік оқытуда ғылыми білімдердің қалыптасқан саралануын бейнелеу нәтижесінде туындайтын сөзсіз.

Ғылыми білімдердің кіріктірілуінің негізі оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат беруде, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондықтан пәнаралық кіріктірудің философиялық негізі жүйелеуде жатыр. Кіріктірілу – бұл бір оқу материалының әр түрлі саладағы жалпы білімдермен тоғысуы, бір-бірімен ете-

не араласып кетуі. Осы тектес сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі дамып, шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен, сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді. Сонымен қорыта айтқанда «кіріктіруді» оқыту жүйесіне пайдалану екі мәнге ие:

- оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат беруде (бұл жағдайда кіріктіру оқыту мақсаты ретінде қарастырылады);
- пәндік білімдерді жақындастырудың жалпы платформасын анықтау (мұнда кіріктіру оқыту құралы ретінде);

Интеграция процессінде жеке пәндердің үнемі өзгеруі жүзеге асады, пәндердің байланысқа түсуі арқылы өзгерістердің жинақталуы, жаңа тұтастық пайда болады деп атап көрсетті Ю.С.Тюников [8].

Осы орайда базалық жалпы білім беретін пәндерді өзара комбинациялау жеке мамандық шеңберіндегі бағдарлаудың әртүрлі формаларын алуға мүмкіндік береді, мысалы: химия-физикалық, химия-биологиялық, химия-географиялық, химия-экологиялық, математика-информатикалық, математика-физикалық, математика-химиялық және т.б

Пәнаралық байланыс құрамындағы маңызды болып табылатын *мазмұндық* және *шығармашылық* негіздерін бөліп қарастыруға болады.

Мазмұндық негізін жалпы ғылыми фактілер, түсініктер, заңдар және теориялар құрайды. Мысалы, жаратылыстану-ғылыми циклдегі пәндер үшін жалпы түсініктер болып *материяның* (зат және өріс) құрылымдық формалары, денелердің қасиеттерін сипаттайтын, құбылыстарды және бақылауларды сипаттайтын шамалар болып табылады. Ал, жалпы заңдарға масса, энергия, электр зарядының сақталу заңдары, химиялық реакциялардың жүру заңдары және т.б. жатады. Теорияларға математика, физика және биология ғылымдарында қолданылатын, тірі және тірі емес

табиғаттың көптеген құбылыстарын түсіндіретін зат құрылысының молекула-кинетикалық теориясын, зат құрылысының электронды теориясын, квантты-өрісті теорияны және т.б. айтуға болады.

Жаратылыстану ғылымдарының шығармашылық негізі – есептеу, өлшеу, графиктеу, бақылай білу, өздігінше тәжірибе жасау және құралдармен жұмыс жасау болып табылады.

Жаратылыстану ғылымдарының тағы бір жалпы құраушысы – ғылыми таным әдістері, яғни: бақылау, эксперимент, ойша моделдеу, теориялық анализ және жалпылау болып табылады.

Математика мен жаратылыстану ғылымдарының өзара байланысының методологиялық негізі – математика табиғат құбылыстарының сандық қатынастарын және кеңістіктегі формасын зерттейтін ғылым болса, жаратылыстану ғылымдары табиғат құбылыстарын сапа жағынан зерттейтін ғылым. Сондықтан студенттерді кіріктіре оқыту математика мен жаратылыстану ғылымдары интеграцияланғанда ғана жүзеге асырылады.

«Біздің оқушыларымыздың мысалы қайсысы математиканы табиғи-ғылыми танымның ең жетілген құралы деп түсінеді? Міне, сондықтан мектептің міндеті - тұтас білім беру екеніне келісетін болсақ, онда мектептік оқу күнін, оқу бағдарламасын жеке сабаққа, жеке пәнге бөлшектеуден бас тартуы керек» - деген педагог ғалымның пікірі жаратылыстану ғылымдары интеграциясының түйінінде математиканың тұратындығын көрсетеді [9].

Химия бағдарламаларының математикалық әдістерге негізделуі химиялық процестердің заңдылықтарын сандық бағалауға, жекеленген заңдар мен теориялардың логикалық қарастырылуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар графиктерді тұрғызу оқушыларға графиктер және олардың қасиеттері туралы білімдерін дамытуы және нақтылауы үшін маңызды. Олар көрнекі және жалпы формада химиялық процестердің сандық байланысын өрнектейді. Бұл кезде оқушылардың математикалық және химиялық білімдері кеңейтіледі.

Химияны оқытуда математикалық әдістерді қолдану оқушылардың табиғат құбылыстарының сандық жақтарын қарастыру әдістерінің жалпылама көрінісін қалыптастыру үшін қажет. Математика өзінің арнайы тәрбиелік эффектілеріне ие. Ол қорытындыларға логикалық аргументтер келтіру мүмкіндігін, себепті салдардан бөлу қабілетін, ойларын нақты және қысқа жеткізуге, математикалық индукция және аксиоматикалық әдістері обылысында зерттеушілік қабілеттерін дамытады. Бұл қабілеттердің әр қайсысы оқушылардың жалпы ақыл-ойларының дамуына, адам қызметінің көптеген түрінде қажетті іскерліктердің қалыптасуына үлкен әсер етеді. Сондықтан да, химия мұғалімдеріне оқушылардың жалпы қабілеттерін қалыптастыратын есептерді ойлап табуы және оларды математика мұғалімдерімен сәйкестендіруі керек [10].

Химия мен математика пәндерінің байланысы арқылы оқушылардың білім мазмұнын жетілдіру, жалпы сабақта алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге үйрету, оқу пәнінің ғылымдарының жалпы жүйесіндегі орнын түсіну; білім жүйелілігін қамтамасыз ету; құбылыстардың, ұғымдардың, теориялардың, әлемнің ғылыми бейнелері арасындағы жан-жақты байланыстарды оқушылардың орнықтыра алу біліктілігін қалыптастыру.

Физика курсының бағдарламалық материалының мазмұны пәнаралық байланысты жүзеге асыруға жақсы мүмкіндік туғызу себептерін айтатын болсақ:

- физика жалпы табиғаттың бірбүтін диалектика – материалистік түсінігінің негізі болып табылатын табиғаттың жалпы және іргелі заңдылықтарын қарастырады. Сондықтан физиканы оқытуда оқушылардың алдында табиғатта болатын процестер мен құбылыстардың көптеген өзара байланыстарын тізбектей ашуға мүмкіндік береді;

- физика – қазіргі заманғы ғылыми-техникалық революцияның ядросы болып табылады, оның жетістіктері барлық инновациялық технологиялардың негізі;

- физика – қазіргі таңда, табиғат туралы ғылымдардың негізгісі; барлық жаратылы-

стану ғылымдары физикалық терминологияларды, құралдарды және зерттеу әдістерін қолданады.

Физика және оның заңдары – бүкіл жаратылыстанудың негізінде жатады, сондықтан физика жаратылыстанудың көшбасшысы бола отырып, жаратылыстану ғылымдарының ішінде ерекше орын алады. Физика – материалды әлемнің жалпы қасиеттерін, күрделі құбылыстар мен объектілерді, сонымен бірге әмбебап заңдылықтарды шығарып, олардың дұрыстылығын тек Жер шарында ғана емес, жалпы Ғаламда да орындалатынын көрсететін іргелі табиғат туралы ғылым. Яғни, физикалық түсініктердің іргелі болуы, олар барлық әлем үшін қолданылатындығында.

Мысалы, электр зарядының сақталу заңы, фотосинтез процесін, демалу реакциясын, асқорыту, молекулалардың түзілуін түсіндіруде қолданылады және де тірі жүйедегі барлық реакциялар тірі емес табиғаттағы сияқты электрондар алмасуымен жүреді [1].

Сондықтан физиканы оқытуда да студенттерді жаратылыстық-математика бағытының кіріктірілуі арқылы табиғатты танып-білудің қазіргі заманғы әдістерімен таныстыруға болады.

Сонымен, кіріктіре оқыту жаратылыстану ғылымдары пәндері циклінде негізгі төмендегі бағытта жүзеге асыру керек:

- пәнаралық байланыс негізінде дүние танымдық білімдері – жаратылыстану ғылымдары түсініктерінің, жалпы теориялардың, заңдарының, идеяларының қалыптасуы;

- аралас пәндер үшін жалпы танымдық және іс тәжірибелік дағдылардың қалыптасуы;

- оқылатын пәнге бағалау қатынасының олардың идеялық – тәрбиелік аспектілерін, ғылымның дүние танымдық сұрақтарын ашу жолымен қалыптасуы.

Суровикина С.А. [11] пәнаралық байланысты жүзеге асыруда мұғалім шығармашылығының маңызды ұстанымдарын келесі түрде көрсетеді:

1. Оқу пәндерінің *координациясы*, яғни оларды оқыту кезінде бір пән басқа пәндерді

оқытуда көмекші құрал болатындай уақыт бойынша сәйкестелуі керек. Мұндай көмекші құрал ролін түсініктер және оқыту тәсілдері орындайды.

2. Жалпы түсініктерді қалыптастыруда, заңдар және теорияларды оқытудағы *қабылдағыштық*.

3. Түсініктер, заңдар, теориялар *интерпретациясындағы бірлік* және оларды меңгеру міндеттері.

4. Оқудағы *білім, білік, дағды* қалыптастырудың жалпы тәсілдері.

5. Жаратылыстану пәндерінен алған білімдерін *тереңдету және жан-жақты қолдану үшін қолайлы жағдай тудыру*.

6. Әр түрлі ғылымдар қарастыратын түрлі табиғат құбылыстарының арасындағы *өзара байланыстарын ашу*.

7. Әр түрлі ғылымдарда пайдаланылатын *зерттеу әдістерінің жалпылығын көрсету*.

8. Әр түрлі пәндерден алған білімдерін кешенді түрде қолданатын *жаттығулар жүйесін шығару* және олардың орындалуын ұйымдастыру.

ЖОО педагогикалық мамандықтардың элективті курстарында жаратылыстық-математика бағытының кіріктірілуі мәселелерін оқыту – оқу жұмысының әдіс-тәсілдерін, ұйымдастыру формаларына қосымша талаптарды енгізу керектігін, қоршаған орта, табиғаттағы құбылыстарды бақылауда мұқият мән беруді, сонымен бірге оқытудың аналитикалық деңгейін көтеруді, себеп-салдарлы функциональдық байланыстарды орнатуға үлкен назар аударуды, оқыту, тәрбиелеу процесінде пәнаралық байланыстың тәсілдерін кеңейтуді талап етеді және де жалпы білім сапасын көтеруде алатын орны маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Педагогикалық оқулар»: ПМПИ-дің 50 жылдығына арналған аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Под общ. ред. Н.Р.Аршабекова; отв.ред. Б.Сагындыкулы. – В 3 томах. – Т.3. – Павлодар: ПГПИ, 2012. – 246с.

2 Ефлова З.Б. Проблема педагогических кадров для сельской школы и села в контекстах модернизации отечественного образования Интернет-журнал «Лицей», 13.01.2012. [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://gazeta-licey.ru/content/view/3449/177/#comments>, свободный.

3 «Концепция развития малокомплектных школ в Республике Казахстан на 2010-2020 годы», – Астана: 2011.

4 Максимова В.Н. Межпредметные связи и совершенствование процесса обучения. – М.: Просвещение, 1984. – 143 с.

5 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана: 2011.

6 <http://kollegi.kz/>. Стратегический план МОН РК на 2011-2015 годы

7 Берікханова Г.Е., Жолымбаев О.М. Шағын комплектілі мектепке мұғалім даярлау – педагогикалық жоғарғы оқу орындарының өзекті мәселесі //

8 Мұханбетжанова Ә. Білімнің интеграциясы: теория және практика. – Орал, 2006. – 168 б.

9 Амутнова С.П. Методические основы подготовки учителя математики в педвузе к работе в условиях сельской малокомплектной школы / С.П. Амутнова; Морс.гос.пед.ин-т. им. М.Е. Евсевьева. – 1995.

10 Дорофеев М.В., Лесов М.Б. Математика на курсах химии. // Химия в школе. – 2005. – №4. – С.50-55.

11 Авдеев Ф.С. Научно-методические основы профессиональной подготовки будущего учителя математики сельской малокомплектной школы / Ф.С. Авдеев; Моск. пед. гос. ун-т им. В.И. Ленина, Специализ. совет Д 053.01.11. – 1994.

Мақала «Шағын комплектілі мектептер үшін жаратылыстық – математика пәндері бойынша болашақ мұғалімдерді даярлаудың ғылыми - әдістемелік негіздері» тақырыбы бойынша №671 ғылыми жобаның қаржыландыруы бойынша орындалды.

ӘБІЛДӘҰЛЫ Ә., ҚАҢЛЫБАЕВ Қ.И.

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУ

Аннотация

Мақалада математиканың теориялық және практикалық мәселелеріне байланысты шығармашылық ойдың қалай туатыны, түрлері және дамыту жолдары қарастырылады.

В статье рассматриваются особенности и факторы развития творческого мышления в процессе обучения математике.

Annotation

The article is connected with the ways of development of theoretical and practical issues of creative thinking. The peculiarities, difference, flexibility and other general features of creative thinking are analyzed.

Түйін сөздер: шығармашылық ойдың икемділігі, ойдың көп бағыттылығы, жинақты-жинақсыз ой, ойдың шарықтауы.

Шығармашылық сипатындағы ой, жаңа материал, жаңа тұрғы, жаңа тәртіп және әдістерден пайдаланып, ақпараттарды бір ыңғайлы өңдеп, сол арқылы жаңа нәтижелерге қол жеткізетін ойлау әрекеттері мен оның нәтижесін айтамыз.

Шығармашылық ой, ойлаудың жоғары дәрежедегі күйі, ақылдың жоғары дәрежеде бейнеленуі. Ол жаңа жағдай немесе қиыншылық алдында әдіс-шара тауып, өзгеше жаңа форма мен мәселені шешу барысында бейнеленетін ақыл-ойдың күші. Мұнда дәріптеп өтуге тиісті бір нәрсе, оны тек аз санды шығармашылық жаратушыларда ғана болатын күйі деп түсінуге болмайды. Ол өзінше жалғасушылық сипатқа ие болып, бүтіндей бар немесе бүтіндей жоқ деп айтуға келмейтін ойлау ерекшелігі.

Оқушылар жөнінен алғанда, олардың байқағандары адамдардың білгеніне ұзақ уақыт болған нәрсе болып, жаратқан нәтижелерінің ешқандай қоғамдық құны болмауы да мүмкін. Бірақ, бұл оқушылардың өздері жөнінен алғанда, белгілі түрдегі жаңа затқа қарата алғанда тапқырлық, шығармашылық болып есептеледі. Олардың ақыл-ойларының дамуы үшін белсенді рол атқарумен бірге өзіндік құнға ие болып, оның ойлау барысы шығармашылықта болады. Ағарту теориясы тұрғысынан қарағанда, оқушылардағы шығармашылық сипатты ойлау әрекеттері мен қоғамдағы ересек адамдардың шығармашылық әрекеттері, шығармашылық сипатты ойлау барыстарының күрделі қарапайымдылығы әрі жаратқан жаңалығының құнының жоғары-төмендігі арқылы ажыратылады. Мұнда, ересек адамдардағы ойдың шығармашылығы, адамзат бұрын-соңды байқамаған жаңа заттарды байқау немесе бұрын соңды шешілмеген жаңа мәселелерді шешу арқылы бейнеленеді. Ал, оқушылардағы ойдың шығармашылығы олардың өздеріне салыстырмалы түрде жаңа нәрсе есептелетін заттар мен мәселелерді байқау және шешуі арқылы бейнеленеді.

Еліміздің психология саласындағылар: «адамдардың шығармашылық қабілетін же-

тілдіру жас өспірім кезінен бастау керек. Егер оқушылардың ой-қимылы әрекеттерінде аз да болса жаңа мағына, жаңа идея, көзқарас, жаңа жоба, жаңа әдіс, жаңа тәсіл, жаңа болжам байқалса, оларды түгелдей шығармашылық деп атауға болады» деп қарайды [1]. Сондықтан да ойдың шығармашылығын дамыту, математиканы үйрену үшін ғана пайдалы болып қалмастан, қайта оқушылардың болашақтағы тапқырлық, шығармашылықты жаратулары үшін алғы шарт әзірлейді.

1) *Өзгешелігі*. Ойлаудың шығармашылық өзгешелігі – үйреншікті, дәстүрлі және әдеттегі әдіс, тәсілдермен шектелмей, үнемі өзгеше өзіндік көзқарас, жорамалдарды алға қоюды көрсетеді. Бұл ерекшелік, күнделікті орта мәселелерді шешу жақтарынан бейнелейді.

1-мысал. a, b, c сандары өзара тең емес нақты сандар болса, онда мына

$$\frac{a^2(x-b)(x-c)}{(a-b)(a-c)} + \frac{b^2(x-c)(x-a)}{(b-c)(b-a)} + \frac{c^2(x-a)(x-b)}{(c-a)(c-b)} = x^2$$

тепе-теңдікті дәлелдендер.

Бұл мәселені дәлелдеуде, сабақта жақсы үлгерімге жеткен оқушылар былай ойлауы мүмкін: бұл өрнекті параметр x ке қатысты теңдеу десек, оның дәрежесі 2 ден аспайтындықтан, екі түбірден артық түбір болуы мүмкін емес. Бірақ теңдеуді қанағаттандыратын a, b, c ларды табуға болады, сондықтан бұл өрнек тепе-теңдік болады.

Бұны шешу әдісі әдеттегі шешу әдістерінен өзгеше, ол ойлаудың құбылғыштығын бейнелеумен қоса ойдың басқа да қасиеттерін яғни ойлаудың икемділігі, ойлаудың тереңдігі қатарлыларды да бейнелейді. Сондықтан оқыту барысында оқушылардың өзгеше ойлау әрекетіне барынша құрметпен қарап, оларды мүмкіндіктің болғанынша берілген мәселе жөнінде ізденіс жасап, өздері қортынды шығаруға жігерлендірудің маңыздылығы орасан зор.

2) *Икемділігі*. Икемділігі берілген жаңа шартқа сай қысқа уақыт ішінде зерттеу бағытын белгілеуде сондай-ақ берілген факторлардың ішінен нақты мәнді ажыратып алатын қабілет жақтарынан бейнеленеді.

2-мысал. 1-суреттегідей, 9 нүктені квадрат формасында тізген, мұнда қаламды көтермей әрбір нүктеден өтетін әрі әрқайсысынан бірақ рет өтетін төрт кесінді сызып шығу талап етілген. Бұл мәселені бастап шешкенде кейбір оқушылардың ойы тек суреттегі берілген тоғыз нүкте көлемінде ғана шектеліп қалуы мүмкін. Ал ойлауы икемді оқушылар дереу бұл «ойды» бұзып шығып, мәселенің жауабын таба алады.



1-сурет

Ойлаудың икемділігі, әрекетті біріктірушілігі көп бағыттылығы және секірмелілігі жақтарынан бейнеленіп, ол шығармашылық сипатты ойлаудың ең көрнекі түрі.

Әрекетті біріктіру сипатындағы ойлау да, оның сол және кері бағытта әрекетті біріктіру сынды үш түрлі форма болады. Мұндағы оң бағытта әрекетті біріктіру үнемі түрлендіріп салыстыру, жалғастыру, байланыстыра ойлау жақтарынан; сол бағытта әрекетті біріктіру, мәселелерге қатысты ұлғайту, кеңейту алып бару, кездейсоқтылықтан сөзсіздікті орындалатындықты тауып шығу, ерекшеліктен жалпылықты табу, бір түрлі сөзсіздіктен көп түрлі сөзсіз орындалатындықтан табу жақтарынан; ал кері бағытта әрекетті бірлестіру болса мәселенің теріс жағынан ойлану, іздену жақтарынан бейнеленеді.

Көп бағыттылық, мәселеге әртүрлі тұрғыдан ой жүгіртуге немесе бір шарттан әр түрлі қорытынды шығаруға яғни жинақсыз ойлауға шебер болу деген сөз.

Секірмелік дегеніміз – шығармашылық сипатты ойлаудың жоғары нәтижесі сондай-ақ ойдың шарықтау дәрежесін білдіреді. Шығармашылық сипатты ойлау өте тездікпен мәндік емес ерекшеліктермен маңызсыз нәрселерді шығарып тастап, мәселенің мәнін тікелей сақтап қалады да, ойдың секірмелігін

барынша тездетеді. Міне бұл оның төтенше бағалы қасиеті. Ол әрекетті байланыстыратын ойлау немесе жақын жақтан байланыстыра ойлауға қатысты дәрежесі біршама жоғары ойлау. Олардың арасында ерекшелікті бірінбіріне айналдыратын сөзсіз орындалатын заңдылық кемшіл болады. Мәселен, орта мектеп математикасында, кейбір тұрақты мәнді қабылдайтын шамалармен экстримум мәндерін табуды қалай бастарымызды білмей қаламыз. Осындай кезде бір қатаң логикалық қорытынды арқылы қарапайым жолдармен бір жақтылы етуімізге болады (мәселен, қозғалыстағы нүктенің орнын ерекшелену сияқты). Мұнда тек мәселенің қорытындысы – тұрақты мәні қалай болады, экстримум мәні қайсы шамада болады, дегендерді болжай алсақ ғана болғаны. Қорытынды шыққаннан кейін, қайта қайырылып мәселені шешу жолын іздестіреміз де, ешқандай бөгетсіз белгі түрдегі әдісті қолданамыз. Мәселеге бұндай ой жүгірту біршама зор секірмелілікке ие әрі әртүрлі алыс аралықты байланыстыра ойлау болып табылады.

Ғылым-техника бұрын бар жетістіктерді жинақтау негізінде үздіксіз дамып отырады. Көптеген жаңа теория, жаңа көзқарастар бұрынғылардың жетістіктерін жинақтау негізінде келгендігі бәрімізге аян. Жалпылықтың маңызды бір бейнесі ақыл-парасат болып, ол мәнерлеу қабілеті, ойдың меңгеру қабілеті сондай-ақ диалектикалық жақтан талдау жасау қабілеті қатарлылар арқылы бейнеленеді. Мәселен, кейбір оқушылар белгілі бір қиын мәселені шешуде тек анықтама, теоремаларға сүйеніп ғана қалмастан жаттығудағы белгілі есептің шығарылу нәтижесін пайдаланады. Міне бұл арқылы қосу қабілеті дамиды. Оқыту барысында, оқушыларды мәлім бір бөліктер, тараулар мен параграфтар немесе белгілі бір мәселе шешу әдісі, заңдылықтарды қорытындылап біртіндеп орындауға шабыттандырады, міне бұл оқушылардың ойлаудың меңгеру қабілетін жетілдіру болып есептеледі. Ғылыми ойлау теріске шығарудан қорықпайды, өйткені ол диалектикалық ойлау болады. Теріске шығарылу барысында да ең

сенімді, сыннан өткен нәрселерді таңдап алуға болады. Міне бұл шығармашылық сипаттағы ойлауда ең соңында болатын табиғи қасиет.

Математиканы оқыту барысында, саналы, жаспарлы түрде оқытушылардың жасампаздық ойлауын дамытып, оқушыларды үйрену әдісінің жаңа нәтижелерін үздіксіз табуға шабыттандыру керек. Орта мектеп математикасында оқушыларды шығармашылық сипатындағы ойлауға жетілдірудің немесе шығармашылық ойлауын ашудың төмендегідей бірнеше түрлі әдістері бар:

Оқушыларды жорамал жасауға шабыттандырып, мәселелерді байқау қабілетін жетілдіру арқылы шығармашылық ойын ашуға болады.

Шығармашылық ойлау, адамдардағы ең жоғары белгілі бір ойлау әрекеті әрі шығармашылық қабілеттің ең басты факторы. Адамдар шығармашылық әрекеттермен шұғылданды әр түрлі ойлану факторларына сүйене отырып, миында шығармашылық әрекеттердің бейнелерін қалыптастырады. Психологиялық жақтан алып қарағанда, адамдардың шығармашылық сипатты ойлауы 1) шығармашылық пиғылы; 2) ақпараттарды қайта өңдеу; 3) реттеу әдісі сынды үш басқыш бойынша орындалады. Сондықтан шығармашылық сипатты ойдың қалыптасуы барысына психологиялық жақтан жасалған талдауларға негізделгенде, ойлау шығармашылығын жетілдіру үшін оқушыларды әр түрлі негізгі ойлау формалары мен әдістері, жаңа мәселелерді шешуге қатысты болған ақпараттық білімдерді қалай үйренуді игерумен бірге оларға тамаша таным құрылымын қалыптастырып, жаңа мәселелерді шешуге итермелеп, оларға дем беру керек екендігін білеміз.

Жаңа мәселені шешу үшін, алдымен оны байқайтын, ажырататын қабілет болуы керек. Эйнштейн «бір мәселені көтеру, мәселені шешуден әлде қайда маңызды, өйткені мәселені шешу тек математикадағы немесе тәжірибедегі білім мен шеберліктен ғана дерек береді, ал жаңа мәселені немесе жаңа жорамалды айту, жаңа тұрғыдан көне мәселеге ой

жүгіртуді, шығармашылық сипатқа ие болған ойланымпаздықты қажет етеді» деген болатын. Бұл мәселені байқаудың шығармашылық қабілет үшін қаншылықты маңызды екендігін түсіндіреді.

Оқушыларды батыл жорамал жасауға әдеттендіріп, жорамал жасауға орай нақты мәселені шешу керек. Өйткені, оқушыларға бейтаныс болған әрқандай жаңа мәселе жөнінде шығарылатын қорытынды атаулының барлығы да алдын ала жасалған жорамалға қатысты болады. Сондықтан психология да оқушыларды жорамал жасауға әдеттендіру, жасампаздық қабілетті жетілдірудің алымды әдістерінің бірі деп есептеледі. Бәрімізге аян, математикадағы шешуді қажет ететін нәтижелер жорамалды дәлелдеу арқылы барлыққа келген, әрқандай бір іс-жүзіне үйлесімді, ғылымды негіз еткен жорамал құр қиял естептелмейді. Өйткені ол өткір бақылау қабілетін, қатаң ғылыми негізге бай, икемді ой мен шығармашылық сипатқа ие ойлау әрекеттерін қажет етеді. Қазіргі орталау мектеп математика оқулықтарында да бұл көзқарасқа барынша мән беріліп отыр. Мәселен, орта мектеп геометрияларынан оқушыларды батыл жорамал жасауға итермелеуді мақсат еткен, тек бірнеше шарт қана беріліп, оқушылардан алуан түрлі қорытынды шығаруды талап ететін жаттығу есептерін көптеп кездестіруге болады. Сондықтан, оқыту барысында жоғарыдағыдай мәселелерді шешуде, дәлелдеу мен есептеудің бірінші сатысынан бастап оқушыларды мәселенің мәлім шартын шығарар түйін ете отырып, өздері үйренген білімдерден пайдаланып үйлесімді жорамал жасауға жетекшілік етіп, өздеріне дәлелдетіп, есептетіп, білім шеберліктерін шығармашылық пен икемді қолдануға әдеттендіру керек.

Мәселе шешуде оқушылардың жорамал жасауға шебер болуы, жорамалдың үйлесімді болу сияқтылар және де оқытушылардың тікелей жетекшілік етуін қажет етеді.

3-мысал. Эллипс $\frac{x^2}{25} + \frac{y^2}{16} = 1$ дің сол жақ фокусынан A нүктесіне дейінгі қашықтық

A нүктесінен оң жақ фокусына дейінгі қашықтықтың қатынасы $2 : 1$ деп берілген. A нүктесінің қозғалыс траекториясының теңдеуін табу керек.

Шешуі: A нүктесінің координатасы (x, y) болсын десек, мәселенің шарты бойынша мы-

надай болады: $\frac{\sqrt{(x+3)^2 + y^2}}{\sqrt{(x-3)^2 + y^2}}$, бұдан мынау

шығады:

$x^2 + y^2 + 10x + 9 = 0$. Бұны реттесек $(x+5)^2 + y^2 = 4^2$ болады. Осы араға келген соң, осы негізде оқушыларды бақылау жүргізуге жетелейміз: эллипстің ұзын жарты осі $a = 5$, қысқа жарты осі $b = 4$, фокустар аралығы

$c = 3$, екендігін білдік, ендеше $\frac{a-c}{b} = ?$.

Оқушылар дереу, бұл мәннің екі фокустан A нүктесіне дейінгі аралықтардың қатынас-

тарына тең $\left(\frac{5-3}{4} = \frac{1}{2}\right)$ екендігін келтіріп

шығарады. Жалғасты түрде жоғарыда келтіріп шығарылған шеңбер центрі мен эллипстің сол жақ төбе нүктесі $(-a, 0)$ беттесетіндігін, шеңбердің радиусы, эллипстің қысқа жарты осіне тең болатындығын ескертеміз әрі осы орайда оқушыларды жоғарыдағы өздері жүргізген бақылау нәтижелеріне сүйеніп, эллипс $\frac{x^2}{a^2} + \frac{y^2}{b^2} = 1$ дің екі фокусымен болған

аралықтарының қатынасы $\frac{a-c}{b}$ ға тең бола-

тын нүктелердің қозғалыс траекториясын жорамалдауға қарата сұрау қойып шабыттандырамыз. Оқушылар: «радиусы эллипстің қысқа жарты осіне тең болатын, эллипстің ұзын жарты осінің үш нүктесін центр ететін шеңбер болады» деп жауап беретін болады. Жалғасты мұндай шеңберден нешеуі бар екендігі сұрағанда оқушылардың бір немесе екеу деп жорамал жасауы мүмкін. Осы негізде

оқушылардың өздері жасаған жормалына көз жеткізулері үшін, мұндай шеңберден екі данасы болатындығын дәлелдейміз.

Дәлелдеу: эллипс $\frac{x^2}{a^2} + \frac{y^2}{b^2} = 1, (a > b > 0)$ дің

фокустар аралығының жартысы c , қозғалыстағы нүктеден екі фокуске дейінгі аралықтардың қатынасын $\frac{a-c}{b}$ деп жорысақ,

онда мыналарға ие боламыз:

$$\frac{\sqrt{(x+c)^2 + y^2}}{\sqrt{(x-c)^2 + y^2}} = \frac{a-c}{b}, \quad \frac{\sqrt{(x-c)^2 + y^2}}{\sqrt{(x+c)^2 + y^2}} = \frac{a-c}{b}.$$

Бұл екеуінен $(x+a)^2 + y^2 = b^2, (x-a)^2 + y^2 = b^2$ теңдеулері шығады. Бастапқы мысалдағы шартта «сол фокуспен болған аралығы оң жақ фокуспен болған аралыққа қатынасы» делінгендіктен, бір түрлі мүмкіндік бір ғана шеңбердің теңдеуі келіп шығады. Егер шартты «екі фокуспен болған аралықтарының қатынасы» деп өзгерістік екі түрлі мүмкіндік болатындықтан, жоғарғы дәлелдегеніміздей екі дана шеңбердің теңдеуіне ие боламыз. Оқыту барысында оқушыларды жорамал жасауға жетелеу арқылы оларға бейтаныс жаңа мәселелерді байқатуға болады. Мұндай табыстар оқушыларға «жаңалық» сезілумен бірге олардың үйрену қызғушылығын арттырып, үйренудегі жаңаны жарату сенімін тіпті де арттырады.

Оқушылардың іздену қабілетін жетілдіру арқылы шығармашылық сипатты ойын ашуға болады.

Үйрену барысындағы оқушылардың «жаңалық» ашуын тағы бір қырынан, көне сұрлеумен жүре бермей «жаңа жол» табу үшін құлшыныс жасау деп те түсінуімізге болады. Сондықтан, әйгілі психология ғалымы Брунердің «ізденіс жасау оқытудың жаңа тамыры» дегеніндей, оқыту барысында, оқушыларды іс-жүзінде негіз етіп, ішкерлей ізденіс жасауға шабыттандыру, ойлау шығармашылығын дамытудың маңызды шараларының бірі болып есептеледі.

Математиканы оқытуда негізінен алғанда білімнің пайда болу барысы және жинақталу барысы деп екі кезеңге бөлуге болады. Бұрынғы зерттеулер, іздену қабілетін дамыту жөнінен алғанда білім пайда болу барысының басты орында тұратындығын яғни ілімнің пайда болу кезеңі оқушыларды білімге, ізденіс жасауға ұйымдастыратын кезең болумен бірге оқытудың ең негізгі мәні екендігін дәлелдеген. Сондықтан іздену қабілетін дамытуда білімнің пайда болу барысына, яғни негіздік білімге ие болған оқытуды күшейту керек.

«Іздену қабілетін жетілдіруде тағы бір жақтан ұдайы қолданылатын математикалық әдіс-шараларды жүйеден индукциялық әдіс, түрлерді салыстыру әдісі, ерекшеленуден жалпылануға өту әдісі мен ерекшеленуден ерекшеленуге өту әдісі қатарлыларды жақсы игерту керек»- деген Пойа [2]. Қазіргі қолданылып отырған орта мектеп математика оқулықтарында индукциялық әдіс пен салыстыру әдістеріне қатысты мазмұндар бір шама толық кіргізілген. Егер оқыту барысында осы факторлардан шеберлікпен толық пайдаланылса, онда оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізу қажет.

Оқушылардың жаңалықты байқау формасындағы үйренуге жетелеу арқылы шығармашылық сипатты ойын ашу керек.

Байқау формасындағы үйрену деп, оқушыны «байқаушы» тұрғысынан барынша көрнекілендіріп, оларды оқытушы зер салатын жобалаған «тереңдей байқау» жолын бойлата заттар өзгерісінің себебі мен ішкі байланыстарын байқауға және бақылауға жетелеп, жаңа ұғым қалыптастырып жаңа әдіс-амалдарды игертіп, мәселе шешуі мен дәлелдеуіне көмектесетін сондай-ақ білім игерту барысынан пайдаланып оқушылардың зерттеу, іздену және шығармашылық қабілеттерін жетілдіретін ойлау формасын айтамыз. Байқау формасындағы үйрену, оқытушылардың оқушыларды ырықтылықпен ойлауға жетелеуін, ойлау белсенділігін арттыру, «тереңдей байқауда» түйсігін күшейтуін, оқушыларды үйренудегі «байқаушыға» айнал-

дыруын дәріптейді. Төменде тең қатынасты (геометриялық) сандар тізбегін мысал ретінде алып, байқау формасындағы үйренудің қалай алып барылатындығын көрейік:

Мәселені хабарлау – мәселені шешу.

Тең қатынасты сандар тізбегіне анықтама қалай беріледі? Оның кез келген мүшесінің формуласын қалай табамыз?

Ұғымның енгізілуі және анықтамаға деген түсінік:

1) нақтылы мысал келтіріп тең айырмалы сандар тізбегі ұғымы мен салыстыра отырып, тең қатынасты сандар тізбегі ұғымын енгізу;

2) тең қатынасты сандар тізбегіне анықтама беру;

3) анықтама бойынша тең қатынасты сандар тізбегін құрау.

Жоғарыдағы оқыту барысынан біз ортақ қатынастың еселік сандар тізбегінің мәндік ерекшелігі екендігін білеміз.

Ортақ еселік формуласы мен кез келген мүше формуласы.

Бұл барыс еселік тізбектің мәндік ерекшелігін шығарар түйін ете отырып, геометриялық тізбектің кез келген мүшесінің формуласын байқауды көрсетеді. Жоғарыдағы мәселені шешу арқылы барылған үйрену барысынан біз, білім үйрену дегеніміз ұғымның мәндік талдау жасау, кеңейту, өзара салыстыру, бірін-біріне айналдыру арқылы іске асырылатын байқау барысы екендігін білеміз.

Математикалық ойлау әдісі жағынан байқағандарымыз:

1⁰. Математикадағы ізденуді, математикалық объектінің мәндік ерекшелігінен бастау керек.

2⁰. Салыстырып келтіріп шығару, математикалық байқаудағы маңызды әдіс.

3⁰. « q еселеп қайшыластырып алу әдісі» тең қатынасты сандар тізбегінің қосындысын табудағы өнімді түрлендіру әдісі.

4⁰. Зерттелетін математикалық объектілерді қарапайымдастыру арқылы тіпті де қарапайым болған математикалық тұжырымдарды байқап, осы қорытындылар арқылы кейбір ерекше мәселелерді шешуге болады.

Ойлау ерекшеліктерінің дамуы тұрғысынан қарағанда, мәселені байқау, мәселені шешу барысын ойлау жасампаздығының даму барысы деп айтуға болады.

Жинақсыз ойға деген оқытуды күшейту арқылы шығармашылық сипатындағы ойды ашу.

Жинақсыз ойлау, жинақталған ойға салыстырмалы түрде барлыққа келген болып, ол түрлі бағыттармен түрлі тұрғыдан ой жүгірту арқылы көп жақтылы жауап іздейтін ойлау формасын көрсетеді. Жинақсыз ойда, мәселеге әр түрлі бағытпен ой жүгірту, алысты меңзеу, көп жақты әр салалы жауапты қарастыру талап етіледі. Ал жинақты ойда барлық ақпаттар тек бір түрлі тура жауапқа қарай бағытталады. Жинақсыз ой, шығармашылық сипаттағы ойлаудың тағы бір маңызды формасы әрі ойлаудың шығармашылық факторлары, көп жақтылы жауап іздеу барысында бейнеленеді. Сондықтан, қазіргі заман математикасының психология теориясында «Математикадағы жаңа идея, жаңа ұғым, жаңа әдістер екінің бірінде жинақсыз ойлау арқылы барлыққа келеді. Сондықтан математикалық шығармашылық қабілеттің жоғары не төмен болуы жинақсыз ойлау қабілетінің күшті не әлсіз болуымен тура пропорционалдық тәуелділікте болады» деп қарайды Уаң Жұңчун [3].

Жинақсыз ойлаудың тұтас барысы, жинақсыз объект және жинақсыз форма барысында зерттелетін математикалық объектіні жинақсыз нүкте ретінде қарап алуан түрлі формада тарқату жүргізу – оқушылардың жинақсыз ойлау қабілетін жетілдірудегі маңызы төтенше зор деп есептеледі.

Математикадағы жинақсыз объект көп жақтылық ерекшелікке ие. Мәселен, математикалық ұғымдар туралы шығарылатын қорытынды, математикалық тұжырымдарға жүргізілетін кеңейтулер, математикалық формула, қағидаларды форма жағынан өзгерту және туындату қатарлыларды қамтиды. Ал, жинақсыз формадағы көп жақтылық, мәселенің шартын азайтып нәтижесін күшейту, мәселені қарапайымдау немесе ерекше түрге келтіру, өзара салыстыру, кеңейту

сияқтыларды қамтиды. Математикалық мәселелерді шешу барысында, шешу әдісін, идеясын, жолын жинақсыз объект ретінде қарап оларға талдау жүргізуге болады. Бұл барыста оқытушы оқушыларды үйренбеген нәрселерге батылдықпен жорамал жасауға, үйреткен нәрселерге ғылыми негізде бөгде (басқа) көзқарас білдіруге, үйреншікті әдетпен ілгері жүруге жетелеп, жан-жақтылы ізденіс арқылы жаңа идея, жаңа әдістерді шеберлікпен алға қою керек.

4-мысал. $8x^3 - 6x - 1 = 0$ теңдеуін шешіндер:

Шешуі: Бұл мәселеде үйреншікті әдіске сүйенетін болсақ, теңдеуді көбейткіштерге жіктеуден бастап шешеміз. Біз бұл жерде басқалай амал қарастырамыз, $x \neq 1$ ді теңдеуіндегі орнына қойсақ қанағаттанбайды, бірақ теңдеуді түрлендіріп $4x^3 - 3x = \frac{1}{2}$ форма-

сында жазуымызға болады. Мұқият бақылайтын болсақ бұл теңдеудің формасы жақтан $4\sin^3 \theta - 3\sin \theta = -\sin 3\theta$ теңдеуіне ұқсап қалатындығын байқаймыз. Егер $x = \sin \theta$ әрі $|x| \leq 1$ деп жорысақ, онда мәселе оңай шешіледі. Өйткені $|x| > 1$ болсын десек, онда $|8x^3 - 6x| = |2x||4x^2 - 3| > 2 \neq 1$ болып теңдеу қанағаттанбайды. Сол үшін, $|x| > 1$, болуы мүмкін емес. Сондықтан $|x| \leq 1$ ($-1 \leq x \leq 1$) керек.

$x = \sin \theta$ деп жорамалдасақ, шешуге тиісті теңдеуді $4\sin^3 \theta - 3\sin \theta = -\sin 3\theta$ мен салыстыратын болсақ, онда: $-\sin 3\theta = \frac{1}{2}$ немесе

$\sin 3\theta = -\frac{1}{2}$ болатындығын білеміз. Сондықтан

$$3\theta = 2n\pi + \frac{7}{6}\pi \quad \text{немесе} \quad 3\theta = 2n\pi - \frac{7}{6}\pi, \quad \text{яғни}$$

$$\theta = \frac{2n\pi}{3} + \frac{7}{18}\pi \quad \text{немесе} \quad \theta = \frac{2n\pi}{3} - \frac{7}{18}\pi \quad \text{болады.}$$

Мұнда $n = 1, 2$ болған кезде, бастапқы теңдеудің $x_1 = \sin\left(\frac{\pi}{18}\right)$, $x_2 = \sin\left(\frac{7\pi}{18}\right)$, $x_3 = \sin\left(-\frac{75\pi}{18}\right)$ шешімдері келіп шығады. Бұл мәселені шешуде жинақсыз формадағы «салыстыру» әдісі мен «түрлендіру» әдісі қолданылады.

Шығармашылық сипаттағы ойлауды дамытуда жоғарыдағы айтқандардан сырт, тіке сезімдік ойлау да ерекше зор маңызға ие. Тіке сезімдік ойдың пайда болу барысына негізделіп оны тіке пайымдау формасындағы сезімдік ойлау және лездік шабыттық сезімдік ойлау деп екі түрге бөлуге болады. Мұндағы бірінші түрі, мәселеге ұзақ уақыт логикалық талдау жасамай қысқа мезетте мәселенің нақты мәні мен ішкі байланыстарын игеретін ойлау барсын, ал екінші түрі болса, алғашында қайта-қайта ойланса да түсіне алмайтын мәселелерге қарата кенеттен пайда болатын түсінік, алғырлық пен зеректілікке қаратылады. Тіке сезімдік ойлау көбінесе жиын, күрделі математикалық мәселелермен индукция, салыстыру әдістерін қолдану барыстарында бейнеленеді. Өйткені бай мазмұнды жан-жақтылы ойлау, жедел бірлестіре ойлау, дұрыс талданған ой жүгірту жолы, жинақталған бейне, тамаша білім құрылымы яғни мығым, негізі берік білім мен тәжірибе, дереу алып барылатын тіке жалпылық пайымдау қатарлылар тіке сезімдік ойлаудың пайда болу негізі әрі артқы көрінісі есептеледі.

«Логика да дәлелдеу жүргізудің құралы, ал тіке сезім (түйсік) тапқырлық, шығар-

машылықтағы құрал» дегендей, тіке сезімдік ойлау жоғары өреге көтерілетін болса, онда оқушылардың шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал жасау даусыз.

Қорыта келгенде, оқыту барысында оқушыларды мақсатты түрде индукциялық, салыстыру ойлау формаларын амалдың басына көп істетуге, мәселеге меже жасауға жетелеп, шебер меже жасай алатын қабілетін қалыптастыру керек. Математиканы шығармашылық ойлау әрекетімен оқытқанда ғана табысқа жетуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Чын Зышаң. Математика мен мәселе шешудің ойлау әдісіне бастау. – Жұңнан өнеркәсіп дашусы баспасы, 1995.

2 Пойа Д. Математическое открытие. – М.: Наука, 1970.

3 Уаң Жұңчун. Математикалық ой және математикалық әдіс назариясы. – Жоғары оқу-ағарту баспасы, 1989.

4 А. Пуанкаре. Математическое творчество // хрестоматия по общей психологии. – М.: МГУ, 1981.

К.С.АХМЕТКАРИМОВА

ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ УЧИТЕЛЕЙ В РАМКАХ КЕМБРИДЖСКОЙ ПРОГРАММЫ ОБУЧЕНИЯ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация

В статье рассматривается опыт работы тренеров регионального института повышения квалификации с учителями школ по новой образовательной программе, разработанной преподавателями Кембриджского университета по заказу Республиканского центра педагогического мастерства. В статье обозначены проблемы, перспективы дальнейшей работы, выявленные в ходе работы с учителями.

Мақалада жаңа оқу бағдарламасы бойынша мектеп мұғалімдері мен аймақтық біліктілікті көтеру институтының жаттықтырушыларының жұмыс тәжірибесі қарастырылады. Бұл бағдарлама Республикалық педагогикалық шеберлік орталығының тапсырысы бойынша Кембридж университетінің оқытушыларымен құрастырылған. Мақалада мұғалім жұмысының ары қарай ілгерілеуіне байланысты туындаған мәселелерге тоқталады.

Annotation

The trainers of regional institute of professional development with schools teachers experience a new educational program which considered in article. This program request of the republican center of pedagogical skill and developed by teachers of Cambridge University. During work with teachers are revealed the problems and the prospects of further work designated by authors in article.

Ключевые слова: повышение квалификации учителей, Кембриджская программа, тренер, устойчивое развитие, качество образования, активность ученика.

В современных условиях глобальных вызовов XXI века выживание всего человечества сегодня связано с единственной моделью устойчивого развития управляемой социоприродной эволюцией на основе взаимосвязи общественного интеллекта и образовательного сообщества. Образование сегодня становится главным ресурсом и механизмом воспроизводства общественного интеллекта. Его приоритет во всех сферах жизни общества и определяет новую фазу нашей цивилизации – становление общества будущего как образовательного сообщества многополярного мира.

Ряд ведущих стран Европы уже не одно десятилетие реализует программы, обеспечивающие качество образовательных услуг [1].

Казахстан не исключение, в республике идет поиск механизмов, способствующих повышению качества образования на всех его

уровнях [2]. Изучение имеющегося опыта в системе повышения квалификации учителей свидетельствует о том, что начата ее широко-масштабная реорганизация. В открытой печати уже представлен некоторый опыт в этом направлении. Хотелось бы поделиться с некоторыми своими наблюдениями, сделанными в период работы с учителями региона на курсах повышения квалификации в качестве тренера по программе, разработанной преподавателями Кембриджского университета факультета образования [3-4].

Это трех-месячные курсы (базовый уровень) для учителей со второй категорией, имеющих незначительный стаж работы. Хотя встречались учителя, отработавшие свыше 25 лет и имеющие вторую категорию. С такими учителями нам приходилось сложнее всего работать (стереотипы в мышлении, наличие синдрома «психологического выгорания»).

В ходе работы с учителями на наших занятиях мы обнаружили, что учителя стали корректировать свои первоначальные представления о том, как дети учатся. В первую очередь, в ходе работы с учителями на всех этапах их обучения мы видели, что конструктивистский подход, заложенный в программу обучения учителей, имеет четкую установку: учитель должен быть *восприимчив к ученику* [3, С.129-132] и вовлекать его в процесс собственного обучения. Именно тогда ученик научится нести ответственность за свое обучение.

Мы видели, как болезненно менялись убеждения учителей по отношению к ученику. Постепенно шли учителя к установкам, что восприимчивость к ученику понимается как *необходимость изучать потребности ученика* в обучении, определять с помощью критериального оценивания степень понимания учеником учебного предмета. Принимать решения о том, какие стратегии использовать в обучении, чтобы ученик пожелал учиться, постепенно формируя у него потребность в собственном обучении. Именно эта идея реализована в Программе обучения учителей на наших курсах в рамках 7 модулей на всех этапах.

Изучая содержание этих модулей, мы научились разрабатывать и применять стратегии обучения в паре, в групповой работе, подбирать индивидуальные задания. Например, в плане занятия «Неделя 3, день 3- Новые подходы: беседа и обучение» я предусмотрела индивидуальную работу учителей, связанную с ответами на вопросы: «В какой степени вы используете диалогические методы. Ваше отношение к диалогическим методам и практике в классе?» Раздала каждому учителю листы, в котором они должны выразить свое мнение и отношение: «Язык играет основную роль в преподавании и изучении» и предложила ее заполнить. Эти вопросы заставили учителей актуализировать свой опыт, проанализировать его, поразмышлять над эффективностью диалогических методов в собственной практике. Увидеть свои затруднения, определить

причины этих затруднений. Например, ответы учителей: «Поскольку я являюсь учителем английского языка, уже само название моего предмета говорит о том, что изучение языка в моем представлении имеет ключевую роль, позволяющая ученикам свободно ориентироваться в иноязычной среде и адекватно реагировать в различных языковых ситуациях» (Виталий В.).

Этот пример, приведенный одним из слушателей, подтверждает значимость осознания им роли языка как в преподавании, так и в обучении. Для нас очень важен тот факт, что сформированность таких речевых навыков как умение общаться, вести диалог, обсуждать проблемы, искать решения очень актуальны как для ученика, так и для учителя. Именно к этому выводу пришли наши учителя в ходе своих размышлений о своем опыте на занятиях. К сожалению, опыт показал, что зачастую сами учителя не владеют этими навыками. Как они справляются в этом плане с учениками – для нас осталось загадкой, которую мы будем пытаться разгадать в дальнейшем. Учителя постепенно приходили к выводу, что взрослый создает коллаборативную среду для обучения, ребенок доверяет ему и чувствует поддержку, пытается выполнять задания, какими бы сложными они не оказались [5]. В этом плане развитие идет в зоне ближайшего развития, когда ребенок под руководством взрослого выполняет действия определенной сложности, постепенно переводя эти навыки в зону актуального развития (Выготский Л.С.). Ребенок в этой ситуации постепенно преодолевает свои личностные и интеллектуальные барьеры, в ситуации успеха верит в собственные возможности. Поэтому тренер старается опираться на опыт учителей при обсуждении стратегий обучения по 7 модулям. Только в том случае, когда учитель окажется в роли ученика, переживет проблемную ситуацию эмоционально, интеллектуально, социально, только тогда у него появится мотивация к изучению ребенка и только тогда он примет решение по изменению своей методики преподавания.

Для нас подобные примеры слушателей, обсуждаемые на занятиях продемонстрировали очевидное: наблюдение за деятельностью своих коллег, анализ и оценка своей и их деятельности, рефлексия результатов дня, способствует тому, что учитель начинает переоценивать свои профессиональные ценности, убеждения, меняет установки и принимает соответствующее решение. Вспоминается выражение одного из учителей, которое прозвучало, когда с моей стороны в ходе обсуждения стратегии работы с инклюзивными детьми был задан вопрос «А почему вы так решили?». Гульбану К., прежде чем ответить, сказала: «как я ненавижу эти четырежды «почему». Вся аудитория среагировала взрывом смеха, что позволило мне сделать вывод о том, что учитель отразила в своей реплике общее эмоциональное состояние всей группы, которая не привыкла обосновывать не только действия детей, но и собственные действия и решения. Сложно преодолеть барьер, где нужно принимать решения, порой очень болезненные, если ты не думал о необходимости изучения и учета потребностей детей, вовлечения в обучение самих учеников. Обсуждение же учителя в паре подобных ситуаций, обмен листами ответов и взаимная оценка результатов ответов друг друга способствует тому, что они, во-первых, могут увидеть свои ошибочные представления на роль языка в преподавании и обучении. Во-вторых, могут узнать новую для себя информацию о влиянии диалогических методов обучения на изменение установок учеников. Например, Ирина Б., рефлексировав по результату данного задания сделала следующий вывод: «Удивительно, насколько наши собственные размышления способны подарить нам новые идеи, новые мысли, потому что в процессе логического размышления мы соединяем в единое целое концепции, блуждающие в нашем разуме в хаотичном порядке... Снова вспомнился «Маленький принц» А.Экзюпери. Размышления главного героя помогают лучше увидеть нестандартность мышления ученика: рисунки детей, которые взрослые не могли понять, потому что они не привыкли к тому, что

у детей свое видение окружающего их мира: «ведь это вовсе и не шляпа, а удав, проглотивший слона».

Обучение в онлайн-режиме также вызвало много проблем, связанных с применением модулей в практике. В процессе обсуждения своих планов и стратегий действий на уроках на форуме в интернете учителя очень часто только констатировали свою деятельность и деятельность своих детей. Например, «Отрефлексировала вчерашний день. Как тяжело было составить план урока. вроде все понятно, но к цели все равно пришли. А как вы справились с этим заданием?» (Айман); «Работа по алгоритму В.Шолиера мне понравилась (Ольга М.); «План урока, оказывается, составлять сложно, но когда ты свою позицию учителя ставишь на место ученика, когда понимаешь, что цель урока идет только на ученика, вот где становится интересно в планировании» (Светлана Э.); «Рефлексивность – штука сложная...(Ермек Т.)»; «Да, 7 модулей помогают нам рационально использовать время и знание на уроке» и т.д. Приходилось очень часто задавать учителям вопросы, требующие ответа на «почему, почему, почему...». Комментировать их ответы на форуме, демонстрируя свой образец и акцентируя их внимание на необходимости обосновывать любое свое действие и решение. Неоднократно напоминала учителям о том, что отвечая таким образом, они работают на свои рефлексивные отчеты, создают абзацы из своих размышлений и обсуждений, демонстрируют навыки критического мышления.

Следует отметить, что в ходе проведения занятий мы создавали условия для погружения в проблему, которая постепенно должна была подвести учителя к мысли о том, а что же чувствует ученик в подобной ситуации, о чем он думает, каково его эмоциональное состояние? Изучение содержания 7 модулей убедили нас в том, что понять состояние ученика на уроке учитель сможет только в том случае, если он побудет и пропустит через себя роль ученика. Например, я на занятии в первую неделю, в 5 день, «Психологический

климат класса» в самом начале я вошла в аудиторию к учителям с нахмуренными бровями и жестким голосом спросила: «Почему до сих пор вы не сдали вчерашнее эссе? Сколько можно ждать?». В аудитории установилась идеальная тишина, по глазам поняла, что у всех возник один вопрос – что это с нашим тренером? Вроде на нее не похоже, значит, что-то случилось». Я, в свою очередь, наблюдала за их реакцией на мое поведение. Выдержала небольшую паузу, и дальше обычным своим голосом продолжила: «Тема нашего сегодняшнего занятия – Психологический климат в классе». Группа замерла, ошарашенная, затем раздались аплодисменты. Сразу же я предложила учителям свои ассоциации по этой ситуации отразить в рисунке. Рисунки были самыми неожиданными: кто-то нарисовал себя в виде кошки, сидящей в луже и надпись – «Я свинья!»; кто-то нарисовал себя с волосами, стоящими дыбом и огромными глазами (символы страха). Таких оказалось большинство – 60%. Вывод, который учителя сделали по этой ситуации: «Мы и не представляли, что чувствует ученик в подобных ситуациях» (Галина П.); «Кошмар, неужели это мы в классе? Как же наши ученики? Что они чувствуют?» (Александр Г.). Учителя увидели себя со стороны и побывали в роли ученика. Подобные погружения постепенно способствовали тому, что учителя начали понимать значимость аспектов саморегуляции (мотивационный, эмоциональный, социальный и интеллектуальный) в обучении. Начали осознавать основные механизмы, позволяющие учить учиться. При этом все учителя в ходе обсуждения своих рисунков сделали вывод о том, что у учеников необходимо формировать видение целостной системы оценивания и взаимооценивания в классе. Поскольку они сами несли ответственность за обучение учеников и основная реакция детей была подобна их. Эти результаты позволили тренерам принять решение о подборе стратегий в обучении учителей на курсах, которые затем позволили бы повысить ответственность учеников за свое обучение

Учителям, например, в ходе изучения модуля «Оценивание для обучения и оценивание обучения» при выполнении заданий из недели 3, день 2, «Оценивание для обучения», предлагается заполнить листы «Предварительные представления об оценивании», в паре обменяться выполненной работой и оценить результаты друг друга, используя рекомендации по формированию самооценки младших подростков:

1. В обучении необходимо сравнивать детей, которые обладают приблизительно одинаковыми способностями, но достигают в учебной деятельности разных результатов из-за различного отношения к учению.

2. Использовать взаимную оценку, отмечая достоинства и недостатки, высказывая мнения об оценке. После рецензирования работа возвращается ученику и он самостоятельно анализирует свою работу.

3. Включать ситуации, актуализирующие самооценку ребенка, ставящие перед ним задачу осознания особенности своей работы, ее сильных и слабых сторон и способствующих обращенности ребенка на собственные способности действия.

4. Выполнять работу над ошибками, в которой учащиеся по специальной схеме делают записи, анализируя и оценивая свою работу на уроке, определяя меру усвоения материала, степень его сложности, выделяя наиболее трудные моменты работы.

После в группе можно предложить построить диаграмму, в которой все ответы, наложенные друг на друга, покажут расхождение в ответах, затем обсудить несовпадающие вопросы и принять общее решение по преодолению возникших и обнаруженных барьеров.

В ходе работы над модулем учителя приняли для себя решение рекомендовать каждые полгода с помощью разных методик проследить за формированием самооценки. Например, Ирина Б.: «Результаты обучения будут более объективные, если срезы самооценки сделать в различных условиях – успеха и неуспеха с тем, чтобы сопоставить и обобщить результаты, сделать выводы о ка-

чественных и количественных изменениях и создать необходимые условия для повышения качества преподавания и обучения».

Для себя мы решили, что ключевая идея на занятиях с учителями – критериальное оценивание, применение их в своей практике и рефлексия результатов своей деятельности.

Основные выводы, к которым мы пришли в ходе работы с учителями на наших курсах и которые будут учитываться нами в дальнейшем следующие.

Во-первых, в обучении учителей в большей степени следует опираться на ассоциации, используя имитацию (драму), поскольку в этом случае задействованы психические процессы – память, мышление, приводящие к точному воспроизведению или запоминанию.

Во-вторых, эффективность обучения учителей зависит от вовлечения их в исследование, поскольку это приводит к интеграции навыков и глубокому пониманию значимости стратегий в обучении и преподавании.

В-третьих, учителя учатся формировать свои профессиональные представления и навыки в диалоге, обсуждая, размышляя, отстаивая свои идеи, в групповой работе «выращивая» новые профессиональные знания, навыки, необходимые им в работе с детьми. Все эти позиции учителей акцентированы на повышение активности самих учащихся, учета важности их обратной связи в обучении.

В-четвертых, и это, на наш взгляд, самое главное в обучении на наших курсах по новой

программе, учителя учатся преодолевать всевозможные барьеры в себе (страх показаться несостоятельным, страх и стеснение перед коллегами и др.), влияющих на развитие их профессиональных компетенций.

Нам, тренерам, еще предстоит осмыслить опыт своей деятельности в дальнейшем и мы готовы поделиться им со своими коллегами. Завершить свои размышления хотелось бы словами «Многому я научился у своих наставников, еще больше – у своих товарищей, но более всего – у своих учеников» [Талмуд (14 в. до н.э.)].

ЛИТЕРАТУРА

1 Жайтапова А.А., Рудик Г.А. и др. Педагогика 21-го века на пороге школы. – Алматы, 2009.

2 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2010 г.

3 Программа курсов повышения квалификации педагогов общеобразовательных школ республики Казахстан. www.cpm.kz. 2012.

4 Руководство для тренера (третий базовый уровень). 3-е издание, 2012. Назарбаев Интеллектуальные Школы. – Астана, – 2012. – 314 с.

5 Alexander, R.J. Towards Dialogik Teaching: rethinking classroom talk. [На пути к диалоговому обучению: новый подход к обсуждению в классе]. – 2008.

Е. Ы. БИДАЙБЕКОВ, Г.Б. КАМАЛОВА, Б.Г. БОСТАНОВ

**БІЛІМДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ САЛАСЫ БОЙЫНША БОЛАШАҚ
ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аннотация

Бұл мақалада ақпараттық және коммуникациялық технологиялар арқылы және оларды кәсіби пайдалануға ҚР-дағы педагогикалық кадрларды дайындау мәселелері қарастырылған.

В данной статье рассмотрены вопросы подготовки педагогических кадров в РК с помощью и к профессиональному использованию информационных и коммуникационных технологий.

Annotation

The given work deals with the problems of professional usage of information and communicative technologies in training specialists in pedagogics in the Republic of Kazakhstan.

Түйін сөздер: ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, білімді ақпараттандыру, ақпараттық білім беру ортасы, электрондық оқыту жүйесі, аралас оқыту.

Қоғам өмірінің барлық саласына ақпараттық және коммуникациялық технологиялары (АКТ) құралдарың ендірілуіне байланысты жүріп жатқан түбегейлі өзгерістер тұлғаның дамуы мен ақпараттық қамтамасыз етілуіне үлкен мүмкіндіктер туғызып ғана қоймай, сонымен бірге білім беру жүйесі алдына да жаңа міндеттер қояды. Бұл міндеттер, жалпы түрде, тұлғаның өмірге дайындығы мен ақпараттық қоғамдағы кәсіби іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған.

Сонымен, заманауи элеуметтік тапсырыс ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгерген мамандардың кәсіби дайындығын жетілдіруді талап етеді. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, ең алдымен, болашақ мұғалімдердің – педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби дайындығының бөлінбес бөлігі болуы тиіс.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында ақпараттық және коммуникациялық техноло-

гияларды оқытудың өз ерекшелігі бар. АКТ оқу нысаны ретінде, пәндік және педагогикалық іс-әрекеттің құралы ретінде де, мектептегі оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құралы ретінде де көрінеді. Сондықтан, бүгінгі мұғалім педагогикалық жоғары оқу орындарында оқылатын информатика курсының мазмұнына ендірілген АКТ саласы бойынша білімді игеріп қана қоймай, сонымен қатар мектептегі өз кәсіби іс-әрекетінде жаңа технологияларды қолдану бойынша да маман болуы тиіс. Оның үстіне ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы болашақ педагогтардан нақтылы бағдарламалық құралдарды оқуды емес, педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің ақпараттық технологиялар саласы бойынша кәсіби дайындығының заманауи талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ете алатын сол технологиялардың мәндері мен мүмкіндіктерін, оқытудың ақпараттық және коммуникациялық технологияларының даму

перспективасы мен оларды пайдаланудың психологиялық-дидактикалық негіздемесін игеруді талап етеді.

Осыған байланысты, еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындарында, біздіңше, болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетте АКТ-ны пайдалану дайындығы ретінде түсінілетін, мамандарды білімді ақпараттандыруға жүйелі дайындауды жүзеге асыру қажет. Оларды дайындау бағдарламасына информатиканың міндетті курсынан басқа білім жүйесіндегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар бойынша қосымша курстар енгізген жөн.

Әрине, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы болашақ педагогтарды дайындау бағдарламасына АКТ-ны пайдалануға қатысты әр түрлі пәндер жиыны кіреді. Олардың бәрі, қандай болғанымен, АКТ жағдайында педагогикалық іс-әрекеттің жүзеге асырылу ерекшеліктерін қамтиды. Осы жиынға, әрине, мектеп бағдарламасының жеке пәндері бойынша оқытуды ақпараттандырудың ерекшелігін тыс қалдырмайтын әр түрлі пәндерді оқытудың әдістемесі курстарының алуан түрін қосу керек.

Келтірілген пәндер шеңберінде ақпараттандыру мәселелерін қарастыруға байланысты осындай көзқарастың, аз дегенде, екі елеулі кемшілігі бар, оның біріншісі, келтірілген (әдетте, әр түрлі педагогтар оқитын) пәндердің бытыраңқылығы мен байланыссыздығы. Ол курстардың мазмұны көп жерлерде бір-бірін қайталайды. Мысалы, интернет желісіне шыққан электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарды жасап, пайдаланудың ерекшеліктері, іс жүзінде, барлық келтірілген курстарда қарастырылуы мүмкін, ал, екіншісі айтылмыш пәндердің педагогты кәсіби іс-әрекетке дайындауға емес, ең алдымен, оқытуда пайдалыналатын құралдарды оқып-үйренуге бағышталғандығына байланысты.

Көп жағдайларда ақпараттандыру құралдарын пайдалану педагогтардың еңбегін қарқындыландыруға, сонымен қатар мектеп оқышылары мен студенттер оқуының тиімділігіне нақты оң әсер ететіндігін атап өтпеске

болмайды. Соған қарамастан, кез келген тәжірибелі педагог ақпараттық технологияларды ендірудің жеткілікті оң тиімділігі аясында ақпараттандыру құралдарын пайдаланудың көп жағдайларында оқытудың тиімділігін арттыруға ешқандай әсер етпейтіндігін, керісінше теріс әсері болатындығын жоққа шығармайды. Сондықтан АКТ-ны пайдалануға ақылға сала, айқын дәйектей отыра кірісу қажет.

Оның үстіне осы жағдайда барлық құралдарды оқып-үйрену мүмкін емес, екшей келгенде, қажеті де жоқ. Оқытылған нақты құралдар мен технологиялар тез ескіретіні сонша, тіпті педагог оқу орнын бітіргеннен кейін өзі пайдаланып көрмеген басқа құралдарға тап болуы, әбден, мүмкін. Сондықтан, әлбетте, оқытуды *орынды және ақталымды ақпараттандыру* мәселелері *кешенді, жаппай* іске асырылып, ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды *мүлтіксіз, ақталымды және орынды пайдалануды оқыту* барлық педагогтарды дайындаудың мазмұнына енуі тиіс.

Білімді ақпараттандыру оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына жету үшін білім саласында мағлұматтардың (білімнің) барын жүйеге келтіріп, жаңасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ақпаратты жинақтау, сақтау және тарату технологиялары мен құралдарын қолдануға бағытталған адамның *ғылыми-практикалық іс-әрекет (қызмет)* саласын білдіреді [1].

Білімді ақпараттандыру – бұл тек оқытуды ғана ақпараттандыру емес. Қазіргі кезде білімді ақпараттандыру өз алдына өзекті, болашағы бар ғылыми-педагогикалық сала ретінде бөлінген. Ол білім беру саласының барлық деңгейлеріне тән оқу, бақылау-өлшеу, ғылыми-зерттеу, оқудан тыс және ұйымдастыру-басқару сияқты барлық қызметтер саласын *бірыңғай және біріктіре* ақпараттандыру әдістерін, технологиялары мен құралдарын білдіреді.

Осындай зерттеулер мен зерттемелердің ауқымды кешенін жүзеге асыру үшін Ресейде РФ оқу және ғылым министрлігі мен Ресей білім академиясы жанында істейтін бірнеше

мемлекеттік ұйымдар құрылған. Жалпы мемлекеттік ортақ ақпараттық білім беру кеңістігін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Өкінішке орай, осы уақытқа дейін сипатталған білімді ақпараттандыру мәселелерін кәсіби тұрғыда шешетін ұйым жоқ.

Ақпараттандыруды тежейтін негізгі екі проблема бар, олар: ақпараттандыру құралдарын пайдаланып жұмыс істеуге педагогтардың дайын еместігі, білім ақпараттық ресурстарының мазмұндық толықтырмалары сапасының төмендігі мен оқытудың әдістемелік жүйелеріне байланыссыз, сәйкес еместігі. Байқасаңыз, компьютерлердің, Интернеттің, т.т. жоқтығы, шын мәнінде, проблема емес. Ақша бөлінсе, компьютерлер алынады да, проблема шешіледі. Ал, компьютерлер мен желі бар, бірақ олармен не істеу керек екенін білмейтін – істей алмайтын да, ресурстар да жоқ жағдайлар қаншама. Әңгіме кнопканы баса алмауда немесе бағдарламаларды қалай қосып, пайдалануды білмегендікте емес. Бұған үйрену қиын емес, қажет болса кітаптар, курстар т.т. бар. Ал, ақпараттандыру құралдарын пайдаланып оқытудың тиімділігін арттыруға үйрету – бұл, әрине, проблема. Мұны, компьютерді пайдалана алатындығына қарамастан, педагогтардың өздері де білмейді деуге болады.

Білімді ақпараттандыруды іс-әрекет ретінде педагогтардың қазіргісіне де, болашақ педагогтарға да оқыту керек. Педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері (математиктер, информатиктер, тарихшылар, әдебиетшілер және т.б. – барлығы!) бірі қалмай, барлығы білімді ақпараттандыру саласы бойынша дайындықтан өтуі тиіс. Педагогикалық жоғары оқу орындарында әдістемені қалай оқытатын болса, білімді ақпараттандыруды да солай оқыту керек.

Білімді ақпараттандыру ақпараттық және телеқатынастық технологиялардың білім мақсатындағы құралдарын жасау, сараптау мен қолданудың ғылыми негіздерін қамтиды. Осы орайда, бізде жүргізілген электрондық оқыту құралдарын жасау мен пайдалану саласы бой-

ынша зерттеулерді [2,3], осы ғылыми бағытта жасалынған ғылыми нәтижелер ретінде атап өте кеткен жөн.

Бұл салада әлі шешілмеген мәселелер көп. Бұларға осы құралдардың оқу үдерісінің шынайылығына сайлылығын, ақпараттандыру құралдары мазмұнының ғылыми деңгейін, мәндік және стилистикалық мәдениетін көтеруді, мектеп пен жоғары оқу орнының әртүрлі қызмет саласында іске қосылған білімді ақпараттандырудың жекелеген құралдары арасында интерфейстік, технологиялық және ақпараттық байланыстың қажеттілігін жатқызуға болады.

Оқу орындары үшін әртүрлі ақпараттық ресурстар мен технологияларды өндіру мен жинақтау педагогикалық сипатты бірқатар проблемаларды туындатады. Ең алдымен, педагогикалық мақсатты алуан түрлі ақпараттық ресурстарды жасаудың, жинақтап, іс жүзінде қолданудың, әлбетте, қандайда бір жүйесінің жоқтығын атап өтуге болады. Әдетте, мұндай құралдар өз ара ешқандай байланыссыз және бір ақпаратты ақталмастай қайталап, мазмұндық және әдістемелік қайшылықтарға әкеледі. Бір оқу орнының шеңберінде пайдаланылатын ақпараттық құралдар, бүтіндей, әртүрлі әдістемелік және технологиялық әдіс-тәсілдерді талап етіп, оқушылардың білімі мен дағдыларына елеулі талаптар қояды, ал бұл оқу үдерісінің тиімділігіне теріс әсер етеді.

Оқу орындарында ақпараттық технологиялар мен ресурстардың ретсіз жасалуы мен пайдаланылуына байланысты тағы бір мәселе – оқу, оқудан тыс және ұйымдастыру-педагогикалық іс-әрекеттерінде ақпараттық технологиялардың артықшылықтарын кешенді түрде пайдалануға қабілетті педагогикалық кадрларды әмбебап дайындаудың іс жүзінде мүмкін еместігінде. Осы және басқа да мәселелер кез келген оқу орны үшін тән нәрсе. Бұл Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне (ҚазҰПУ) де тән нәрсе.

Айтылған мәселені шешуге Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің *ақпараттық білім ортасын қалып-*

тастыру Тұжырымдамасы [4] көмектесе алады. Оның қағидалары негізінде университет қызметінің барлық салаларында пайдаланылатын ақпараттық ресурстар мен технологияларды бірізді жүйеге біріктіру мүмкін болады. Әрине, мұндай жүйе ортақ біртүрлі әдіснамалық талаптармен және ұсыныстармен толықтырылуы тиіс.

Университетте мұндай жүйе рөлін көптеген ғылыми жариялымдарда оқыту іс-әрекетін жүзеге асыру үшін пайдаланылатын компьютерлік құралдар мен олардың қызмет етуі жолдарының жиынтығы ретінде анықталып жүрген оқу орнының ақпараттық білім ортасы атқара алады.

Тұжырымдама жасаудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы білім беру жүйесі үшін педагогтар дайындау тиімділігін арттыру барысында Абай атындағы ҚазҰПУ ақпараттық білім ортасын қалыптастырып, оған сараптама жасау мен оны пайдалану ретін белгілейтін қағидалардың теориялық-педагогикалық және әдіснамалық жүйесін анықтау болып табылады.

Педагогтардың ақпараттық технологияларды кәсіби қызметте (іс әрекетте) пайдалану дайындығы тиісті деңгейге шықпай, Қазақстан білім беру жүйесі, тіпті, компьютерлік техникамен, арнайы бағдарламалық жабдықтармен және компьютерлендірілген сабақтарды жүргізу әдістемелерімен қанағаттанарлық түрде қамтамасыз етілгеннің өзінде, білімді шынайы нақты ақпараттандыру жүзеге аспайтындығын баса айтқан жөн.

Білімді ақпараттандыруды жүзеге асыру жолында жеңіп шығарлық кедергілер әлі де баршылық. Электрондық білім беру ресурстарының барлары мен жасалынып жатқандарының сапалары сын көтермейді десе болады. Олардың барлығы ретсіз, бір-бірімен байланыссыз, жүйесіз, бір-бірімен өзара және желіде әсерлесе алмайды, қажетті әдістемелік жасалынымдармен сүйемелденбейді, негізгі психологиялық-педагогикалық, техникалық-технологиялық, дизайн-эргономикалық және эстетикалық талаптарды қанағаттандырмайды.

Республикалық білім беру жүйесінде пайдаланылатын электрондық білім беру басылымдары мен ресурстардың сапасын бағалаудың критерилері (межелері) анықталмаған. Бұл мәселені жекелеген ғылыми жобалар шеңберінде шешу мүмкін, бірақ барлық пайдаланылатын ресурстарға айқындалған межелер негізінде кешенді сараптама керек. Ақпараттандыру саласы бойынша педагогтарды дайындау барысында, олар сәйкес әдістемелік жүйеге елеулі түзетулер енгізе алатындай, оларды электрондық білім беру басылымдары мен ресурстардың сапасын бағалаудың қарапайым тәсілдерімен қаруландыру қажет.

Педагогтарды дайындау жүйесімен және ақпараттық білім беру ресурстар сапасын анықтайтын межелермен ұштастырылған жергілікті және ауқымды компьютерлік желілерді, ақпараттық білім беру порталдарын мінсіз құрастыру мен оларды мазмұнмен толықтырудың мемлекеттік деңгейде тұжырымдалған ортақ ережелері қажет.

Осы уақытқа дейін толық шешілмеген мәселе ақпараттандыру құралдарын қазақ тілінде стандарттап жасау мен пайдалану, Интернеттің Қазақстан сегментінің білім беру бөлігінде қазақ әліппесі символдарын келтіру, білімді ақпараттандыруға қатысты қазақ тіліндегі ұғымдар жүйесін қалыптастыру мәселесі болып табылады.

Қазіргі бетбұрыс сондай – мемлекеттік тілді мектептер саны (соңғы мәліметтер бойынша қазақ тілінде оқитын оқушылардың үлесі оқушылардың жалпы санының 70,9% құрайды) орыс тілді мектептер санынан көп және тез қарқынмен көбеюде. Ал, бұл тек компьютерлерді *қазақшаландыру* (осылай айтуға болатын болса және оның деңгейі мен ауқымы компьютерлерді орысшалаңдырудан төмен болмауы тиіс) ғана емес, ең болмағанда, оқыту құралдарын мемлекеттік тілге жергіліктендіруді де талап етіп қана қоймай, мемлекеттік тілді мектептер мен оқу орындары үшін информатика мен білімді ақпараттандыруды оқытудың әдістемелік жүйесін жасауды да талап етеді. Бірақ бұл

білім кеңістігінің ортақтығын, мысалы Ресеймен, бұзды деген сөз емес. Егер олар әртүрлі болмаған болса, онда ортақ білім кеңістігі туралы мәселе туындамас еді ғой. Әр жеке мемлекеттің өз бетінше іске кірісуі бар да, бірақ мақсат біреу екенін түсіну керек. Бәрін дәл көшіре беруге немесе информатика мен білімді ақпараттандырудың оқыту әдістемелерін жәй аудару салуға болмайтындығын қатаң есте ұстау қажет.

Мемлекеттік тілді мектептер мен оқу орындары үшін информатика мен білімді ақпараттандыруды оқытудың әдістемелік жүйесін жасау ғылыми-педагогикалық тұрғыдан іске кірісіп, бізден біраз күш жұмсауды талап етеді. Информатика мен білімді ақпараттандыруды оқытудың әдістемелік жүйесіне оқу орнының ақпараттық білім ортасы құрамына кіретін ақпараттық ресурстар сәйкес болуы тиіс. Міне, осылар ақпараттық білім ортасын мемлекеттік тілде жүзеге асыруға қабілетті және ортақ технологиялық құралдармен қамтамасыз етуге дайын болуы тиіс. Олардың дайындығы мен қабілеттілігіне, (яғни компьютерлерді қазақшалаңдыру мен бағдарламалық құралдарды *жергіліктендіру*), әрине, жалпы біздің күшімізбен, сонымен қатар, компьютерлер мен бағдарламалық құралдар олардың өнімдері болып табылатындардың (негізінен, Microsoft компаниясының) күшімен қол жеткізілуі тиіс.

Осының бәрі біздің республикада жүріп жатқан информатика мен білімді ақпараттандыруды оқыту практикасы оқу мақсатындағы бағдарламалық құралдарды жергіліктендірудің бұлтартпас қажеттілігін және оны ары қарай тездету керектігін көрсетеді.

Білімді ақпараттандыру информатиканың дәстүрлі оқу курсы, басқа пәндерде қолданылатын ақпараттандыру әдістерін, технологияларын, құралдарын қайта қарастыруды талап етеді. Білімді ақпараттандыру өзінің жеке өзекті және болашағы бар ғылыми-педагогикалық сала ретінде пайда болуымен информатика пәндері алдында борышты. Ал, қазіргі кезде, білімді ақпараттандыру

жағдайында информатиканы да, басқа пәндерді де оқытудың проблемаларымен айналысу қажеттігі туындайды.

2002 жылғы информатика бойынша пәндік стандарттың қолданылуына ғылыми талдау жүргізу және өтпелі кезеңнің жаңа стандарттарын жасауда қарастырылатын қажетті өзгертулерді негіздеу өткен ғасырдың 90 жылдарға дейінгі, тіпті 90 жылдардың екінші жартысына дейінгі тарихи тұрғыда білім беру үдерісінің КСРО-ға енген барлық ТМД елдерімен бірге дамығанын ескермеу мүмкін еместігін көрсетті. Информатика бойынша пәндік стандартты қайта қарап жасау барысында мына мәселелерге көңіл бөлген жөн:

ҚР үшін информатиканы оқытудың әдістемелік жүйесінің дамуы мектеп информатикасын оқытуды іргелендіруді оның жалпы білім беретін мәнін күшейтумен қатар жүргізілуімен сипатталуы тиіс.

Информатика бойынша бастауыш, базалық және кәсіптік білім беру стандарттарын жасау барысында тұтастықты сақтау қажет.

Информатиканы ертерек (бастауыш сыныпта) оқытуға арналған информатика оқулықтарының бар болуына қарамастан оларды бастапқы жалпы білім берудің жаңа стандартына сәйкес тағы да қайтадан қарап, «информатика» оқу модулі шеңберінде бастауыш мектепте информатиканы оқыту үшін мазмұнын іріктеу қажет.

Информатика бойынша Мемлекеттік стандартты құру және оның мазмұнын анықтау барысында, жалпы, оқытудың әдістемелік жүйесін жасау барысында Қазақстан Республикасының ерекшеліктері ескерілмейді, басқаша айтқанда *мәдени бейімділіктің* дидактикалық принципі, яғни оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде ҚР ұлттық мәдениет элементтерін неғұрлым көбірек пайдалану сақталмағандығын ерекше атап айту қажет. Информатиканы оқыту, осы айтылғандар ескерілсе, оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, ұлттардың өзіндік ерекшеліктерін жете түсінуге, ұлттар мен халықтардың әлемдік мәдени қоғамдастығында оның орнын түсінуге мүмкіндік туғызар еді.

Мектеп информатикасы бойынша терминдердің, әсіресе мемлекеттік тілде, барын жүйелеп, жаңасын қалыптастыруды қатаң бақылау қажет. Барлық стандарттар мен оқулықтарда глоссарий болғаны жөн. Бұл ескерту тек жасалынып жатқан стандартқа ғана емес, оған қоса барлық алда жасалатын стандарттарға қатысты.

Мектептің жоғарғы сатысында кәсіптік оқытуды енгізуге байланысты қазіргі уақытта информатика бойынша оқулықтаруға негізделген кәсіптік және элективті курстар бағдарламалары және оларға негізделген оқулықтар, аз да болса, баршылық. Осы жасалынғандар шеңберінде, әдетте, негізінен практикалық қызметке дайындауға бағытталған информатиканың қолданбалы кәсіптік курстарын қамтамасыз етуге, ақпараттық технологиялар саласында білімді тереңдетуге күш салынған. Осыған орай, алдағы уақытта информатика бойынша іргелі кәсіби курстар жасау қажет.

Жаңа стандартта «информатика» курсының атын «информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)» деп өзгерту өте маңызды, бұл осы курстың мәнін нақты және дәл сипаттайды.

Ресей және басқа да ТМД елдерінің жаңа буын стандарттарын жасау тәжірибесін зерттеп, біздің стандартты жасау үшін ТМД елдерінен сәйкес мамандарды тарту қажет.

Әлемдік ауқымда білім беру стандартын жасаудың әдістері мен әртүрлі теориялық-әдіснамалық тәсілдерін зерттеп, пайдалану керек.

Информатиканы оқытуды іргелендіру саласы бойынша атқарылатын жұмыс, білімді ақпараттандыруға көзқарастарды қалыптастыру мен білімді ақпараттандыру саласы бойынша педагогтарды дайындау жүйесін құру өзара байланысты болуы тиіс.

Сонымен, білімді ақпараттандыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдерін дайындау да жаңа бір тұрғыдан көзқарасты талап етеді. Осы орайда, жалпы информатиканы оқыту мен білімді ақпараттандыруды іргелендіру мәселесі бүгінгі күн тәртібінде тұрған мәселе екендігіне көңіл аударғымыз келеді. Бұл бағытта бізде жүргізілген келелі

зерттеулер қатарына информатика курсының мазмұнын іргелендіру және болашақ информатика мұғалімдерін дайындауды іргелендіру туралы жұмыстарды [5-6] атап өткен абзал.

Қазіргі кезде, бізде Қазақстанда білімді ақпараттандыру саласы бойынша аспиранттар мен докторанттар дайындау жүргізіліп, магистранттар мен PhD докторанттар дайындау жүзеге асырылуда. 13.00.02 – оқыту мен тәрбиелеу теориясы және әдістемесі (информатика, білімді ақпараттандыру) мамандығы бойынша ғылыми жаңа, елеулі докторлық диссертациялар мен бірқатар кандидаттық жұмыстар қорғалып, ҚР ЖАК-пен бекітілді.

Бұған қарамастан, білімді ақпараттандыру саласы бойынша ары қарай ғылыми зерттеулер жүргізу қажет, себебі бұл ғылымда әлі де зерттелмеген салалар ауқымы жеткілікті, оның ішінде, респуликалық білім беру жүйесінің ерекшілігіне байланысты да мәселелер бар. Біздің ойымызша, білімді ақпараттандыру бойынша жүргізілетін негізгі зерттеулер ауқымы мынандай болуы тиіс:

- білімді ақпараттандырудың ғылыми сала және мамандар дайындау бағыты ретіндегі ғылыми-әдістемелік базасын жасау;

- білімді ақпараттандыру саласы бойынша педагогтарды дайындау мен қайта дайындаудың мақсатын, мазмұнын, әдістерін, формалары мен құралдарын жасау; білімді ақпараттандыру бойынша электрондық және дәстүрлі оқулық пен оқу құралдарын жасау;

- Қазақстан Республикасының ортақ білім кеңістігі шеңберінде ақпараттық ресурстардың компоненттік құрылымын, біріздендіру және біріктіру әдістері мен құралдарын жасау;

- электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарды жасау, сараптама жүргізу мен пайдаланудың тұжырымдамасын және оларға қойылатын талаптар жүйесін жасау;

- электрондық білім беру басылымдары мен ресурстардың, телеқатынастық білім беру желілері мен білімді ақпараттандыруға қатысы бар басқа да нысандар мен технологияларды мазмұнмен толықтырудың мемлекеттік стандарттарын жасау;

- білім және ғылым министрлігі «Ұсынған» деген грифін алу мақсатында жасалынған, сынақтан өтіп, бекітілген стандарттар, талаптар мен тұжырымдамалар жүйелері негізінде сараптама жүргізуді жүзеге асыру; сараптамалық кеңесті қалыптастырып, сараптама технологиясын жасау;

Қазақстан Республикасының ортақ білім кеңістігіне кіруге арналған біріздендірілген электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарын, телеқатынастық білім беру порталдарын жасау;

- білім беру мақсаттары үшін ақпараттандыру құралдарының қазақ тілінде қызмет етуі мен бағдарламалық құралдарды мемлекеттік тілге жергіліктендірудің ерекшеліктерінен туындайтын технологиялар мен әдістерді жасау; білімді ақпараттандырудың ұғымдар базасын мемлекеттік тілде қалыптастыру;

- білімді ақпараттандыру саласы бойынша отандық және шетелдік жасалымдарды, жасалынатын ғылыми-әдістемелік өнімдерді (тұжырымдамалар, стандарттар, ережелер, талаптар жүйелері, сараптама жүргізу реті т.с.с.) біріктіретін еркін қолжетімді ортақ телеқатынастық порталда жасап, сүйемелдеу; осы порталды іске асырылған жасалымдарды кең көлемді талдауға және сынақтан өткізуге пайдалану;

- ортақ ақпараттық кеңістікті қалыптастыру әдістері мен технологияларымен ұштастырылған ортақ жалпы ұлттық тестілеуді жүргізу әдістері мен технологияларын жасау; «білімді ақпараттандыру» пәндер кешені бойынша мемлекеттік білім беру стандартын белгілеу;

- білімді ақпараттандыру жағдайында информатика мен басқа пәндерді оқыту мәселелерін зерттеп, шешу, мектеп пен ЖОО-ларда информатиканы оқытуға арналған мазмұндары іргелендіру қағидасы негізінде қалыптастырылған оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды жасау;

- ғылыми кадрларды дайындауға қатысу, магистратура, PhD докторантура, сол сияқты, информатика мен білімді ақпарат-

тандыруды оқыту мен тәрбиелеу бойынша диссертациялық кеңестер ашу;

- информатика мен білімді ақпараттандыруды оқыту мен тәрбиелеу саласы бойынша ғылыми семинарлар, көрмелер, форумдар мен конференциялар өткізу.

Сонымен, жоғарыда келтірілген фактілер, факторлар мен дәйектер, сол сияқты, білім беру жүйесінің мұқтаждықтары мен білімді ақпараттандыруға не жетпейтіндігін, ол үшін не істеу керек екендігін білу білімді ақпараттандыру саласы бойынша барлық педагогтарды дайындау мен қайта дайындаудың қажеттілігін білдірсе керек.

Педагогтарды білімді ақпараттандыру саласында дайындаудың мақсаттары мыналар: ақпараттық және коммуникациялық технологияларды білім саласында пайдаланудың оң және теріс қырларымен педагогтарды таныстыру; білімді ақпараттандырудың ақпараттық қоғамдағы рөлі мен орны туралы түсінік қалыптастыру; білімді ақпараттандырудың техникалық құралдарының түрлік құрамы мен оларды тиімді қолдану аясы туралы түсінік қалыптастыру; білім саласында ақпарат құру, өңдеу, өрнектеу, сақтау және тарату технологияларының түрлік құрамы мен оларды тиімді қолдану аясы туралы түсінік қалыптастыру; оқу орнындағы оқу үдерісінің талаптарына, оқыту нәтижелерін бақылау мен өлшеуге, оқудан тыс, ғылыми зерттеу және ұйымдастыру-басқару қызметтеріне сай ақпараттандырудың жалпы әдістерімен таныстыру; білімді ақпараттандыру құралдарына қойылатын талаптар, олардың сапасын бағалайтын негізгі принциптері мен әдістері туралы мағлұматтар қалыптастыру; педагогтарға жалпы білім беру саласында, оның ішінде, кәсіптік қызметтің нақты саласында ақпараттандыру құралдарын іс жүзінде пайдаланудың стратегиясын оқыту; педагогтардың ақпараттық білім ортасын қалыптастыру мен ендіруге қатысуының орнықты мотивациясын (қызығушылығын) қалыптастыру; білімді ақпараттандырудың қалыптасып жатқан тіліне үйрету; педагогтарға қазіргі дүниедегі ақпарат-

тық технологиялардың рөлі мен орнын оқушыларға түсіндірудің қосымша мүмкіндігін беру; әртүрлі педагогтардың өз кәсіптік қызметінде ақпараттық құралдарды пайдалану аясындағы мүмкіндіктерін теңестіру.

Дайындық мазмұнын жүйелейтін негізгі бағыттар ретінде білімді ақпараттандырудың мәні, мақсаттары мен ерекшеліктері, білімді ақпараттандырудың техникалық құралдары мен технологиялары, білім саласын ақпараттандыру әдістері, ақпараттық білім беру орталары мен ақпараттық білім кеңістіктерін қалыптастыру негіздері, ақпараттық технологияларды кәсіптік пайдалануға педагогикалық кадрлардың даярлығын қалыптастыру мәселелері таңдалып алынғаны жөн [7-8].

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы оқушылардың, педагогтардың үздік ресурстар мен технологияларға бірдей қолжетімділігін, білім сапасын көтеру мен басқару тиімділігін арттыру үшін оқу үдерісін автоматтандыруды қамтамасыз ететін электрондық оқыту жүйесін ендіруді басым бағыттардың бірі ретінде айқындайды. Электрондық оқыту жүйесі білімді ақпараттандыруды жүзеге асырудың негізгі мүмкін жолдарының бірі. Білім және ғылым министрі Б.Т.Жұмағұлов айтқандай: «Мұндай жүйені құру үшін сізбен бізге мүлдем жаңа құқықтық база, әдіснама мен техникалық жабдық, жаппай цифрлы контент қалыптастыруға тура келеді» [9]. Атап айтқанда, 2013 жылға қарай орта білім берудің МЖБС-на, электрондық оқыту жүйесін міндетті пайдалану бөлігіне, жоғары, техникалық және кәсіптік білімнің МЖБС-на, электрондық оқыту жүйесінде жұмыс жасау үшін педагог кадрларды даярлау бөлігіне қосымша өзгерістер енгізілетін болады.

Ақпараттық қоғамға көшу жағдайында білімді ақпараттандыруды жүзеге асыруда электрондық оқытуды шарасыз (сөзсіз) енгізуге [10] жұмыста келтірілген барынша айқын қарама-қайшылықтар ықпал етеді және сол жұмыста электрондық оқытудың (e-learning) барлық түрлерінің ішінде аралас оқытудың

ерекше рөлі көрсетілген. Республикалық білім беру жүйесінің қазіргі кезеңі көпдеңгейлі жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуымен сипатталады. Реформалаудың елеулі қыры студенттерді дайындауда кредиттік технологияларды пайдалануға көшу болып табылады. Кредиттік технологияларды ЖОО-ның оқу үдерісіне енгізудің басты ерекшелігі оқытуды жекелендіруді, студенттердің академиялық ұтқырлығын, албұл, өз кезегінде, студенттердің белсенді өзіндік жұмысын күшейту болып табылатындығы белгілі. Республикадағы қазіргі жоғары педагогикалық білім беруге тән оқытудың кредиттік технологияларын қашықтан оқыту технологияларымен қоса, яғни аралас оқытуды енгізу көпдеңгейлі университеттік білім беруді қалыптастырып, өмір бойы өз бетінше оқу үшін алғышарттар жасауға мүмкіндік береді. Бұл студенттерді оқытудың мазмұнын, формасы мен әдістерін өзгертуді, атап айтқанда, педагогикалық бағыттағы бакалаврлар мен магистрлер, PhD докторанттар дайындығының мазмұнын, формасы мен әдістерін өзгертуді қажет етеді. Бірақ, бұған қарамастан, E-learning ендіру бойынша, әсіресе, аралас оқытудың ең алдымен, әдістемелік, эргономикалық, тағы да басқа контент жасау, оның сапасы проблемалары, оқытудың интербелсенді режимін қамтамасыз ету, аудиториялық іштей оқытудың дәстүрлі негіздерімен e-learning элементтерінің тиімді байланысын іздеу, оқушылардың өзіндік жұмысын (аралас формасын) белсендендіру, оқушылар білімін бақылау мен бағалау әдістемесі, студенттер мен мектеп оқушыларының инновациялық әлеуетін ашу, тағы да басқа мәселелер бойынша ғылыми зерттеулер республикада бүгінгі күнде жеткіліксіз. Оның үстіне, білім берудің әртүрлі бағыттары мен деңгейлерін ақпараттандыру үдерісіне электрондық оқытуды ендірудің сөзсіз іске асу жағдайында оның тек оң жақтарын ғана емес, сонымен бірге теріс жақтарын да ашу қажет. Дегенмен, біздің университетте, ИМБА кафедрасында осы бағытта «Магистратура және PhD докторантура институтындағы аралас оқыту моделі

негізінде оқытудың инновациялық технологиялары элементтерін жасау және енгізу» жобасы ауқымында зерттеулер жүргізілуде [11-12].

Республикада сәйкес дайындау пен қайта дайындауды ұйымдастыру үшін (Абай атындағы ҚазҰПУ, республикалық, қалалық және облыстық мұғалімдер біліктілігін арттыру институттары) база бар, бірақ білімді ақпараттандырудың әдістері мен құралдары бойынша әдістемелік жүйе аяғына дейін түбегейлі жасалынбаған. Ондай жүйені жасау, сынақтан өткізіп, жетілдіру және жедел шешімін табу өзекті мәселе.

Бұл бағытта Абай атындағы ҚазҰПУ-да белгілі бір ғылыми жұмыстар жүргізіліп, іске асырылуда. Педагогтарды кәсіби қызметте АКТ-ны пайдалануға дайындаудың ғылыми негіздері бойынша зерттеулер жүргізіліп [13], олар біртіндеп іс жүзінде жүзеге асырылуда, онымен қоса педагогтарды дайындаудың университеттегі нормативті құжаттары мен бағдарламаларында көрініс табуда. Бүгінгі таңда Абай атындағы ҚазҰПУ-да барлық болашақ мұғалімдер «білімді ақпараттандыру» курсын оқуда. Екшей келе, білімді ақпараттандыруды оқу пәні ретінде сипаттайтын және оны басқа ұқсас мазмұнды бағыттары мен ұйымдастыру тәсілдері жағынан ерекшеліктерін көрсетерлік факторларды келтірейік:

- мазмұнды баяндаудың негізіне білімді ақпараттандырудың бар құралдары мен технологияларын сәйкес сипаттамаларымен бірге тізіп келтірмей, білім беру қызметінің мүмкін түрлерін ақпараттандырудың талаптары мен соларға тән жалпы ерекшеліктерін жатқызудан тұратын *жүйелілік*;

- оқушылардың жасына қарай психологиялық ерекшеліктеріне, нақты оқу орындарының білім беру қызметінің, ақпараттық технологиялары мен басқа да бірқатар факторларының ерекшелігіне қатысты білімді ақпараттандырудың *инвариантты қырларын айқындауға ұмтылу*;

- психологиялық, әдістемелік, технологиялық және ұйымдастыру сипаттағы әр түрлі

факторлардан тәуелді *вариативті қырларды айқындау*: педагогтарды вариативті қырларды ескеруге дайындау мен қайта дайындау білім саласында істейтін мамандардың нақты іс әрекетінің ерекшелігіне бағытталған курстың арнайы тараулары, пәндер мен оқу құралдары жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылуы тиіс;

- педагогтардың ықыласын білімді ақпараттандырудың нақты нюанстарын түсіндіруге емес, оларға жауап іздеу ақпараттандыру тиімділігінің міндетті шарты болып табылатын, *түйінді мәселелерге* аударуды көздейтін *оқу материалын құру*;

- білімді ақпараттандыру тілін оқыту шеңберінде мемлекеттік тілде терминологияларды *жүйелеп қалыптастыру*;

- оқытуды бағыттау, оның ішінде, ақпараттық білім беру ортасын құруда педагогтардың оған қатысуға деген орнықты мотивациясын қалыптастыруға бағыттау.

Қазіргі кезде ҚР-да электрондық оқыту жүйесін енгізуге байланысты білімді ақпараттандыруды дамытудың жаңа жағдайларына сәйкес «Білімді ақпараттандыру» пәнінің «Электрондық оқыту негіздері» тарауын жасау қолға алынуда, ол өзінше курс ретінде де жүргізілуі мүмкін. Онда электрондық оқыту әдістері, он-лайн курсты жасау әдіснамасы, оның өнімділігін бағалау, электрондық оқытуда пайдаланылатын заманауи технологиялары сияқты мәселелер қарастырылады.

